

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
«ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

ӘОЖ 343.2/.7

Қолжазба құқығында

КУНДАКОВА МАКПАЛ ЖАНАТКАЛИЕВНА

Көші-қон қылмыстылығына қарсы күрес проблемалары

Мамандық:

6D030100 – «Құқықтану»

Философия докторы (PhD)

дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілері:
заң ғылымдарының докторы,
профессор Жансараева Р.Е.

PhD докторы, АҚШ, Батыс
Иллинойс университетінің
құқық қорғау органдары және
сотәділдігін жүзеге асыру
мектебінің (LEJA) профессоры
Сергевнин В.

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2022

МАЗМҰНЫ

	НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
	АНЫҚТАМАЛАР.....	4
	БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	5
	КІРІСПЕ.....	6
1	КӨШІ-ҚОН ҚЫЛМЫСТЫЛЫҒЫМЕН КҮРЕСУДІҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ.....	13
1.1	Көші-қонмен байланысты ұғымдардың түсінігі.....	13
1.2	Көші-қонды құқықтық реттеу.....	29
1.3	Мемлекеттік шекараны заңсыз кесіп өту қылмыстық құқықбұзушылығын саралаудағы мәселелер.....	34
1.4	Заңсыз көші-қонды ұйымдастыру қылмыстық құқықбұзушылығын саралаудағы мәселелер.....	55
1.5	Көші-қон қылмыстылығымен күрестің тиімділігін арттыру мақсатында кейбір әрекеттерді криминализациялау мәселелері.....	63
1.6	Шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ тұлғаларға қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері.....	66
2	КӨШІ-ҚОН ҚЫЛМЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ.....	74
2.1	Көші-қон қылмыстылығының криминалогиялық сипаттамасы.....	74
2.2	Көшіп-қонушы қылмыскердің жеке басының криминалогиялық мінездемесі.....	88
2.3	Көші-қон қылмыстылығының алдын алу бойынша іс-шаралар жүйесін жетілдіру мәселелері.....	99
	ҚОРЫТЫНДЫ.....	110
	ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ҚАЙНАР КӨЗДЕР ТІЗІМІ.....	117

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

1. ГОСТ 7.32-2017 «СИБИД. Ғылыми-зерттеу жұмыстары туралы есеп. Құрылымы және рәсіндеу ережесі» (түзетулермен)
2. ГОСТ 7.88-2003 «Ақпараттар, кітапханалық және баспа ісі бойынша стандарттар жүйесі. Жарияланымдардағы тарау атауларын және тарау атауларындағы сөздерді қысқарту ережелері»

АНЫҚТАМАЛАР

- 1) **Шекара қауіпсіздігі** – шекаралық кеңістікте жеке адамның, қоғамның және мемлекеттің саяси, экономикалық, ақпараттық, гуманитарлық және өзге де мүдделері қорғалуының жай-күйін білдіретін Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздігінің құрамдас бөлігі;
- 2) **ҚР Мемлекеттік шекарасы** бұл Қазақстан Республикасы аумағының (құрлығының, суларының, жер қойнауының, әуе кеңістігінің) шектерін айқындайтын сызық пен осы сызық бойынша тігінен өтетін жазықтық және Қазақстан Республикасының мемлекеттік егемендігі қолданылатын кеңістік шегі;
- 3) **Заңсыз көшіп келу** – шетелдіктердің немесе азаматтығы жоқ адамдардың келу және болу тәртібін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитті жол жүруді бұза отырып, Қазақстан Республикасына келуі және Қазақстан Республикасында болуы;
- 4) **Айыппұл** – осы Кодексте көзделген шекте, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген және қылмыстық құқық бұзушылық жасалған кезде қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің белгілі бір санына сәйкес келетін мөлшерде не пара сомасына немесе құнына, берілген ақша сомасына немесе берілген мүлік құнына, жымқырылған мүлік құнына, алынған кіріс сомасына немесе бюджетке түспеген төлемдер сомасына еселенген мөлшерде тағайындалатын ақшалай өндіріп алу;
- 5) **Түзеу жұмыстары** – осы Кодексте көзделген шекте, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген және қылмыстық құқық бұзушылық жасалған кезде қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің белгілі бір санына сәйкес келетін мөлшерде тағайындалатын ақшалай өндіріп алу;
- 6) **Бас бостандығын шектеу** сотталған тұлғаға алты айдан жеті жылға дейінгі мерзімге пробациялық бақылау белгілеуден және оны жазаны өтеудің бүкіл мерзімі ішінде жыл сайын бір жүз сағаттан мәжбүрлі еңбекке тартудан тұрады.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР	Қазақстан Республикасы
БҰҰ	Біріккен Ұлттар Ұйымы
РФ	Ресей Федерациясы
ҚХР	Қытай Халық Республикасы
ТМД	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
КСР	Кеңестік Социалистік Республикасы
ҚК	Қылмыстық кодекс
РСФСР	Ресей Советтік Федеративтік Социалистік Республикасы
КСРО	Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
СІМ	Сыртқы істер министрлігі
ӘҚБтК	Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексі
АҚШ	Америка Құрама Штаттары
БАӘ	Біріккен Араб Әмірлігі
ЕАЭО	Еуроазиялық Экономикалық Одақ
ТФБ	Тергеу федералдық бюросы
т.б.	тағы басқа
б.	бет
бб.	беттер

КІРІСПЕ

Диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі. Кәзіргі таңда дүние жүзінде әртүрлі жағдайлардың ықпалынан көші-қон ағымының бұрын-соңды болмаған өсуі орын алуда. Біріккен Ұлттар Ұйымының Көші-қон бойынша халықаралық ұйымының мәліметі бойынша 2019 жылы халықаралық көшіп-қонушылардың саны 272 миллион адамға жеткен[1]. Көші-қон ағымының өсуіне белгілі бір аумақтағы әлеуметтік, экономикалық, саяси жағдайлар ықпал етуде.

Мұндай көші-қон ағымының өсуі бұрынғы Кеңес Одағы аумағында да орын алуда. Бұған себеп Украинадағы соғыс болып табылады. Оның ықпалын Қазақстандағы көші-қон жағдайынан көруге болады. 2022 жылдың қыркүйегінде орын алған Ресей Федерациясының азаматтарының көршілес елдерге жаппай көшуі Қазақстандағы көші-қон жағдайын елеулі түрде өзгертті. Қазақстан аумағына шамамен 400 мың Ресей Федерациясының азаматтары көшіп келген[2]. 2022 жылдың қазан-желтоқсан айларының аралығында Ресей Федерациясының азаматтарымен 351 қылмыстық құқықбұзушылық жасалған, ал бұл 2022 есептік жылдағы Ресей Федерациясының азаматтарымен жасалған барлық қылмыстық құқықбұзушылықтардың 46,43 пайызын құраған[2]. Бұл көшіп келуші шетел азаматтарымен жасалған қылмыстық құқықбұзушылықтардың жалпы қылмыстық жағдайға ықпалының бір көрінісі. Сонымен қатар Таяу Шығыстағы, Ауғаныстандағы жағдайда бұрыннан еліміздің қауіпсіздігіне қауіп төндіруде. Атап айтқанда есептік 2022 жылы 96 халықаралық және аймақтық есірткі каналы жойылған, 32 заңсыз көші-қон каналының жол кесілген, терроризм мен діни экстремизмге қатысы бар 134 шетел азаматының ел аумағына кіруіне тосқауыл қойылған[3].

Жалпы статистикалық көрсеткіштер бойынша 2012-2014 жылдар аралығында шетел азаматтарымен және азаматтығы жоқ тұлғалармен жасалған қылмыстық құқықбұзушылықтар санымен салыстырғанда 2015 жылдан бастап аталған тұлғалармен жасалған қылмыстық құқықбұзушылықтар саны 0,63 пайызға өскен. 2015 жылы 2982 (жалпы қылмыстық құқықбұзушылық санының 2,75 пайызын құрады), 2016 жылы 3066(2,60 пайызы), 2017 жылы 3296(2,85 пайызы), 2018 жылы 3238 (2,99 пайызы), 2019 жылы 2597(2,61 пайызы), 2020 2963(2,11 пайызы), 2021 жылы 1654 (1,94 пайызы), 2022 жылы 1869 (1,90 пайызы) қылмыстық құқықбұзушылықтар жасаған. 2015 жылдан бастап ондай тұлғалармен жасалған қылмыстық құқықбұзушылықтар саны өсе бастаған бұл өсім 2019 жылға дейін жалғасты, ал COVID пандемиялық шектеулерін енгізуге байланысты 2019 жылдан бастап ондай қылмыстық құқықбұзушылықтар саны азая түскен. Ал егер 2008-2014 жылдар аралығындағы қылмыстар санымен (ең жоғарғы көрсеткіш 2393(2,04 пайыз) болған) салыстыратын болсақ 2015-2022 жылдар аралығында аталған тұлғалар санатымен жасалған қылмыстық құқықбұзушылықтар санының өсуін көрсетеді[4]. Жоғарыда аталған жағдайлар көші-қон қылмыстылығымен күрес жүргізудегі орын алатын проблемаларды тек криминологиялық аспектілерін ғана емес, сондай-ақ қылмыстық-құқықтық

аспектілерін кешенді зерттеуді қажет етеді.

Сонымен қатар көші-қон тәртібін бұзумен байланысты қылмыстық құқықбұзушылықтарды, атап айтқанда Қазақстан Республикасының шекарасын қасақана заңсыз кесіп өту (392-бап), заңсыз көші-қонды ұйымдастыру (394-бап) түріндегі қылмыстық құқықбұзушылықтарды белгілейтін нормалар жетілдіруді қажет етуде және осы аталған қылмыстық құқықбұзушылық құрамдарын саралау проблемаларына қатысты жүргізілген іргелі ізденістер жоқтың қасы.

Сондай-ақ қылмыстық құқықбұзушылық жасаған шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ тұлғаларға қылмыстық жаза тағайындау бойынша проблемаларға қатысты да жүргізілген ғылыми ізденістер де жоқ.

Қазақстанның дүниежүзілік қауымдастыққа белсенді интеграциясы жағдайында көші-қон қылмыстылығымен тиімді күрес жүргізу маңыздылығын ескеретін болсақ, таңдалған зерттеу тақырыбының өзектілігін негіздейді.

Диссертациялық жұмыс тақырыбының зерттелу деңгейі. Көші-қон көп қырлы құбылысы ретінде әлеуметтану, демография, экономика, саясаттану, құқықтану және т.б. әртүрлі ғылым салаларының өкілдерінің ғылыми зерттеулерінің объектісі болып табылғандықтан, оның проблемалары әртүрлі тұрғыдан зерттелінді. Осындай зерттеушілер қатарында В.А. Ионцевті, А.У. Хомраны, Л.Л. Рыбаковскийді, Л.Л. Шамилеваны, Т.Н. Юдинаны және т.б. ғалымдарды қарастыруға болады.

Сонымен қатар көші-қонды құқықтық реттеудің проблемалары конституциялық, әкімшілік, қылмыстық құқық сияқты әртүрлі құқық салаларының ғалымдарымен зерттелген болатын. Атап айтқанда Т.Н. Балашовтың, Г.А. Хуриновтың, М.Р. Вокуевтың, В.А. Коробеевтің, Н.Н. Тоцкийдің және т.б. ғалымдардың ғылыми зерттеулерінің пәні болды.

Көші-қон қылмыстылығымен күрес жүргізу проблемалары кеңестік кезеңнен кейін ғана ғалымдардың ғылыми зерттеулерінің объектісіне айналды. Мұндай жағдайдың орын алуына тәуелсіздік алған мемлекеттердің дүниежүзілік интеграциялық процеске ұмтылысы, тұрғындарының сыртқа көшіп-қонуына еркіндіктің берілуі салдарынан көшіп-қону процесінің белсендене түсуінен пайда болған жаңа құбылыс көші-қон қылмыстылығы себеб болды.

Бұл қылмыстылықпен күрес жүргізудің проблемаларын шетелдік ғалымдар да, отандық ғалымдар да зерттеп, осы проблемаға қатысты өздерінің ғылыми көзқарастарын қалыптастырған болатын. Көші-қон қылмыстылығымен күрес жүргізудің проблемаларына арнайы диссертациялық деңгейде зерттеу жүргізген шетелдік ғалымдардың ішінде К.А. Алчибековты, Н.Р. Асмандиярованы, М.Н. Ахмедовты, Э.Р. Байбуринаны, В.Н. Балыковты, К.И. Богомолваны, К.В. Дядюнді, Э.Б. Магомедовті, С.Е. Метелевті, А.В. Моринді, П.А. Насуровты, И.Е. Нежибецкаяны, А.А. Иллюкті, А.К. Есаянды, П.Н. Кобецті, Ю.А. Кашубаны, Э.Х. Кахбулаеваны, Р.К. Кечеруковты, Л.Р. Рашитовты, А.Н. Сандугейді, Д.А. Соколовты, Т.Н. Уторованы, А.Н. Шкилевті және т.б. атап кетуге болады.

Ал отандық ғалымдардың ішінен А.Б. Балабекованы, Р.Е. Джансараеваны,

М.И. Журиновты, Д.Б. Қайназарованы, Т.М. Нарикбаевты атап кетуге болады.

А.Б. Балабекова өзінің диссертациялық ізденісінде Қазақстан Республикасындағы көш-қон қылмыстылығына қатысты проблемаларды талдаса, М.И. Журинов шетел азаматтарымен байланысты қылмыстарға криминологиялық талдау жүргізіп, оларды алдын алу бойынша мәселелерді қозғады, Д.Б. Қайназарова шетел азаматтарына қатысты жасалатын қылмыстардың виктимологиялық қырларын зерттеді, алайда бұл ғылыми ізденістердің барлығы 2003-2007 жылдар аралығында жүргізілгендігін ескеру қажетті.

Тек 2022 жылы ғана Р.Э.О. Маммадов көшіп-қонушылардың қылмыстылығына қарсы күрестің криминологиялық қырларын өзінің ғылыми жұмысында зерттеген болатын.

Бұл жүргізілген зерттеулерге қарамастан көші-қон қылмыстылығымен күрес жүргізудің қылмыстық құқықтық қырлары және криминологиялық қырларының кейбір проблемалары зерттелмеген. Сонымен қатар аталған қылмыстылық түрін құрайтын жекелеген қылмыстық құқықбұзушылық түрлерін белгілейтін ережелер әрі қарай жетілдіруді қажет етеді.

Диссертациялық зерттеудің объектісін Қазақстан Республикасының аумағында шетел азаматтарымен және азаматтығы жоқ тұлғалармен жасалатын, сондай-ақ оларға қарсы жасалатын қылмыстық құқықбұзушылықтарға қарсы күрес жүргізу аясында орын алатын қоғамдық қатынастар құрайды.

Диссертациялық зерттеудің пәні көші-қон қатынастарын реттейтін қолданыстағы нормативтік құқықтық актілердің, қолданыстағы Қылмыстық заңның, көші-қон аясындағы қылмыстылықпен күрес жүргізу бойынша халықаралық конвенциялардың, халықаралық келісім-шарттардың, қолданысы тоқтаған нормативтік құқықтық актілердің ережелерінен, көші-қон қылмыстылығымен күрес жүргізу проблемалары бойынша жүргізілген ғылыми ізденістерден, сот-тәжірибе материалдарынан тұрады.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Бұл зерттеудің мақсаты көші-қон қылмыстылығына қарсы күрес жүргізу барысында орын алатын келелі мәселелерді талдау және аталған қылмыстылық түрімен күрестегі қылмыстық құқықтық және криминологиялық шараларды жетілдіру бойынша ғылыми негізделген ұсыныстар қалыптастыру болып табылады.

Осы алға қойылған мақсатқа жету келесідей міндеттерді қою арқылы жүзеге асады:

- көші-қон аясында орын алатын бірқатар ұғымдардың түсінігін қалыптастыру;

- көші-қон тәртібін бұзумен байланысты қылмыстық құқықбұзушылықтарды саралаумен байланысты орын алатын проблемаларды зерттеу және көші-қон тәртібін бұзумен байланысты қылмыстық құқықбұзушылықтар үшін қылмыстық жауаптылық белгілейтін нормаларды жетілдіру бойынша ұсыныстар жасау;

- көші-қон қылмыстылығымен тиімді күрес жүргізу үшін кейбір іс-әрекеттерді криминализациялау мәселелерін талдау;

- шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ тұлғаларға қылмыстық жаза тағайындау бойынша проблемаларды зерттеу және аталған тұлғаларға қылмыстық жаза тағайындауды белгілейтін нормаларды жетілдіру бойынша ұсыныстар жасау;

- шетел азаматтарымен және азаматтығы жоқ тұлғалармен жасалған қылмыстық құқықбұзушылықтардың жағдайын, сандық және сапалық құрамын, даму үрдісін талдау;

- қылмыстық құқықбұзушылық жасаушы шетел азаматының және азаматтығы жоқ тұлғаның жеке басының криминологиялық мінездемесін қалыптастыру;

- көші-қон қылмыстылығын алдын алу бойынша проблемаларды талдау және көші-қон қылмыстылығын алдын алу шараларын жетілдіру бойынша ұсыныстар жасау.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы. Осы диссертациялық жұмыс көші-қон қылмыстылығына қарсы күрес жүргізудің проблемаларының қылмыстық құқықтық жағын және криминологиялық жағын кешенді түрде зерттеуден тұратын алғашқы ғылыми еңбек болып табылады. Сонымен қатар «көші-қон», «заңсыз көші-қон», «криминалдық көші-қон» ұғымдарына авторлық анықтама берілген, көші-қон қатынастары реттейтін ережелерді бұзғандығы үшін қылмыстық жауаптылық белгілейтін ҚР Қылмыстық заңының нормаларын жетілдіру бойынша, қосазаматтыққа ие тұлғаларға қылмыстық жауаптылық белгілеу бойынша ұсыныстар жасалған.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар

1) «Көші-қон», «заңсыз көші-қон», «криминалдық көші-қон» ұғымдарына авторлық анықтама берілген;

2) ҚР Қылмыстық заңын жетілдіру мақсатында ҚР-ның Мемлекеттік шекарасын қасқана заңсыз кесіп өту түріндегі қылмыстық құқықбұзушылығы үшін қылмыстық жауаптылық белгілейтін ҚР ҚК-нің 392-бабына өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылды;

3) «Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына келуіне шақыруларын ресімдеу, шақыруларын келісу, Қазақстан Республикасының визаларын беру, күшін жою, қалпына келтіру, сондай-ақ олардың қолданылу мерзімдерін ұзарту және қысқарту қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің м.а. 2016 жылғы 24 қарашадағы №11-1-2/555 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 28 қарашадағы №1100 бірлескен бұйрығының ережелерін жетілдіру бойынша ұсыныстар жасалды;

4) ҚР Қылмыстық заңын жетілдіру мақсатында заңсыз көші-қонды ұйымдастыру түріндегі қылмыстық құқықбұзушылығы үшін қылмыстық жауаптылық белгілейтін ҚР ҚК-нің 394-бабына өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылды;

5) қолданыстағы Қылмыстық заңға қосазаматтық үшін қылмыстық жауаптылық белгілейтін нормалар енгізу ұсынылды.

6) шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ тұлғаларға қылмыстық жаза

тағайындауды белгілейтін Қылмыстық заңның нормаларын жетілдіру бойынша ҚР ҚК-нің 51 және 81-бабына өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылды.

7) шетел азаматтарымен және азаматтығы жоқ тұлғалармен жасалған қылмыстық құқықбұзушылықтардың криминологиялық сипаттамасы және қылмыскер шетел азаматы мен азаматтығы жоқ тұлғаның жеке басының криминологиялық мінездемесі жасалды.

Диссертациялық зерттеудің әдіснамалық негіздері. Зерттеу жүргізу барысында қоғамда орын алып жатқан құбылыстарды танудың жалпы философиялық әдісі; талдау, синтездеу сияқты жалпы ғылыми әдістер; статистикалық талдау, салыстырмалы-құқықтық, тарихи-құқықтық, құрылымдық-қызметтік, топтастыру, жалпылау сияқты жеке ғылыми әдістер қолданылды.

Диссертациялық зерттеудің теориялық негізін В.А. Ионцевтің, А.У. Хомраның, Л.Л. Рыбаковскийдің, Л.Л. Шамилеваның, Т.Н. Юдинаның, Т.Н. Балашовтың, Г.А. Хуриновтың, М.Р. Вокуевтың, В.А. Коробеевтің, Н.Н. Тоцкийдің, К.А. Алчибековтың, Н.Р. Асмандиярованың, М.Н. Ахмедовтің, А.Б. Балабекованың, Э.Р. Байбурианың, В.Н. Балыковтың, К.И. Богомолованың, Р.Е. Джансараеваның, К.В. Дядюннің, Э.Б. Магомедовтың, С.Е. Метелевтің, А.В. Мориннің, П.А. Насуровтың, И.Е. Нежибецкаяның, А.А. Иллюктің, П.Н. Кобецтің, Ю.А. Кашубаның, Э.Х. Кахбулаеваның, Л.Р. Рашитовтың, А.Н. Сандугейдің, Д.А. Соколовтың, Т.Н. Уторованың, А.Н. Шкилевтің және т.б. ғалымдардың ғылыми еңбектері құрады.

Диссертациялық зерттеудің нормативтік негіздерін ҚР Конституциясы, халықаралық конвенциялар, көші-қон мәселелері бойынша мемлекетаралық келісімдер, қолданыстағы ҚР Қылмыстық кодексі, көші-қон аясындағы қатынастарды реттейтін заңдар мен заңға сәйкес нормативтік құқықтық актілері құрады.

Зерттеудің эмпирикалық негіздері. ҚР Жоғарғы Сотының ресми сайтындағы сот актілері банкісіндегі 2015-2023 жылдар аралығында сотпен шығарылған заңды күшіне енген сот үкімдері, ҚР Бас Прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есеп бойынша Комитетінің «Қамқор» жүйесіндегі 2008-2022 жылдар аралығында қылмыстық істер және әкімшілік істер бойынша қалыптасқан статистикалық мәліметтер, 300 астам қылмыстық істер зерделенді.

Зерттеу нәтижелерінің теориялық және тәжірибелік маңызы. Зерттеу барысында қол жеткізілген ғылыми нәтижелерді көші-қон қылмыстылығына қарсы күрес жүргізу проблемаларына қатысты болашақта жүргізілуі мүмкін ғылыми зерттеу жұмыстарында қолдануға болады. Сонымен қатар ғылыми нәтижелерді құқықтану бағытындағы мамандарды дайындау мақсатында «Қылмыстық құқық», «Қылмыстық құқықбұзушылықтарды саралау», «Криминология», «Қылмыстық құқықбұзушылықтар профилактикасы» сияқты оқу пәндерін оқыту кезінде қолдануға болады. Көші-қон қызметі органдарының, жалпы құқыққорғау органдарының қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бойынша өткізілетін іс-шараларда қолдануға болады.

Зерттеу нәтижелерін заңшығармашылығы қызметінде, атап айтқанда ҚР Қылмыстық кодексінің сәйкес нормаларын жетілдіру мақсатында, жекелеген қылмыстық құқықбұзушылықтарды саралау бойынша сот-тергеу тәжірибесінде қолдануға болады.

Зерттеу нәтижелерінің сыннан өтуі. Диссертациялық зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелер алыс шетелдегі және Қазақстан аумағында өткізілген халықаралық деңгейдегі ғылыми жиындар бойынша қалыптастырылған жинақтарда, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетімен тізімі белгіленген ғылыми журналдарда, Web of Science базасына кіретін ғылыми журналында ғылыми мақала ретінде жарияланды:

1) Криминалды көші-қонның түсінігі//Қазақстанның ғылымы мен өмірі, Халықаралық ғылыми-көпшілік журнал, 2017. -№6(52), -66-70бб.;

2) Заңсыз көші-қонның түсінігі//Қазақстанның ғылымы мен өмірі, Халықаралық ғылыми-көпшілік журнал, 2017. -№6(52), -166-171бб.;

3) Some problems of legislative regulation on counteraction Illegal migration in the republic of Kazakhstan and Possible ways of their solution//Қазақстанның ғылымы мен өмірі, Халықаралық ғылыми-көпшілік журнал, 2019. -№7/2, -56-66бб.;

4) Пайдакүнемдік криминогендік қылмыскер тұлғасының концептуалдық мәселесі//ҚазҰУ Жаршысы. Заң сериясы, «Қазақ университеті», 2017. -№1(81), -288-294бб.;

5) Миграциялық қылмыстылықтың алдын алудағы іс-шараның бірі ретіндегі тұлғаларды мемлекеттің шегінен тысқары жерге шығарып жіберу түріндегі қылмыстық жазаның шетелдік заңдар бойынша сипаттамасы// ҚР еңбек сіңірген қайраткері, заң ғылымдарының докторы, профессор Ө.Ш. Жалаиридің 75-жылдық мерейтойына және Д.А. Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясының 25-жылдығына орай өткізіліп отырған «Заманауи ғылымның өзекті мәселелері» атты тақырыптағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. – Алматы, 2017, -463-467бб.;

6) Criminal liability for illegal migration by the legislation of foreign countries (on the example of the European countries)// «2nd European conference on Law and Political Sciences». Proceedings of the Conference (December 15, 2017). Premier Publishing s.r.o. Vienna Prague. 2017. 74 p. 59-65;

7) Шетелдік немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу қылмыстық жазасының кейбір аспектілері//«Еуразия» халықаралық экономикалық академиясының академигі, Қазақстан Республикасының әлеуметтік ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі заң ғылымдарының докторы, профессор В.Н. Уваровтың 80-жылдық мерейтойына арналған «Қазақстан Республикасының еңбек ресурстарын басқарудың құқықтық негізі мен мәселелері» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары, -Алматы 2018. -268-271 бб.;

8) Does Self-control Predict Crime, Delinquency, and Victimization in

Immigrants? A Longitudinal Analysis//Journal of Interpersonal Violence, 2022, Vol. 37(11-12). NP8534-NP8558./sagepub.com/journals-permissions DOI: 10.1177/0886260520976215 journals.sagepub.com/home/jiv;

9) Правоохранительная деятельность в отношении незаконных иммигрантов: актуальная критическая проблема полиции США// Российская государственность в XXI веке: модели и перспективы социально-политического развития: материалы научно-практической конференции 13 октября 2017 г./отв. ред. Р.В. Евстифеев. –Владимир: Владимирский филиал РАНГиГС, 2017. -266-275 с.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы және көлемі. Диссертациялық жұмыстың құрылымы бір бірімен қисынды байланыстағы кіріспе бөлімнен, сегіз тараушаны біріктіретін екі тараудан, қорытынды бөлімнен және пайдаланылған дерек көздер тізімінен тұрады. Жұмыстың көлемі 128 бетті қамтиды.

1 КӨШІ-ҚОН ҚЫЛМЫСТЫЛЫҒЫМЕН КҮРЕСУДІҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

1.1 Көші-қонмен байланысты ұғымдардың түсінігі

«Көші-қон» ұғымы бұл әртүрлі ғылым салаларында қолданылатын және көп мағыналы ұғымдардың бірі болып табылады. «Көші-қон» «миграция» латын сөзі «migration» шыққан және қоныс ауыстыру, көшу деген мағына береді. Бұл ұғымның бірнеше мағынасы қарастырылған, атап айтқанда тұрғындардың орын ауыстыруы (тұрғындардың көші-қоны) ретінде қарастырылған, зоологиялық мағынада жануарлардың орын ауыстыруы (зоологиялық көші-қон) ретінде де қарастырылған, экономикалық мағынада капиталдың бір елден екінші бір елге өтуі (капитал көші-қоны) ретінде қарастырылған[5,413б.]. Оның ішіндегі тұрғындардың көші-қоны бұл жағрафия, статистика, демография, әлеуметтану, экономика және т.б. ғылым салаларының зерттеу пәні болып табылатын айрықша процесс. Осыған байланысты аталған ғылым салаларында көші-қонның әртүрлі мағынасы ашылған. Атап айтқанда әлеуметтану саласында басқа аймаққа, географиялық ауданға немесе елге орын ауыстырудан тұратын жекелеген тұлғалардың немесе әлеуметтік топтардың тұрғылықты мекен-жайын өзгерту процесі[6] түсініледі. «Иммиграция» латынның *immigro* сөзінен шыққан. ағылшын тілінде *immigration* орналасамын деген мағына береді[7]. Тұрақты мекен-жайға орналасу ниетімен өзінің отанын тастап кеткен жекелеген тұлғалардың немесе топтардың елге кіруі[7]. Әртүрлі себебтерге (экономикалық, саяси, діни және т.б.) байланысты тұрғындардың тұрақты тұрып жатқан жерінен басқа елге ерікті немесе мәжбүрлі түрде орын ауыстыруы[7].

Әрине көші-қон көп қырлы ұғым болғандықтан, оған берілген анықтамаларда сан алуан.

В.А. Ионцев «көші-қон» ұғымының ресейлік әдебиеттерде 36 анықтамасының, ал шетелдік әдебиеттерде (Равенштейн, Петерсен, Зелинский және т.б. авторлардың еңбектерінен бастап) 27 анықтамасы берілгендегін атап өткен[8,196.].

Көші-қон ұғымының алғашқы ғылыми анықтамасын берген көші-қон заңын қалыптастырушы ағылшын ғалымы Э.Г. Равенштейн болатын, оның анықтамасына сәйкес көші-қон – адамның тұрғылықты жерін тұрақты немесе уақытша өзгертуі, сондай-ақ келесідей төрт факторлардың тобының өзара үйлесіміне негізделген «үздіксіз процесс»:

- көшіп-қонушының бастапқы тұрғылықты жерінде (елінде) қолданылатын факторлар;
- көшіп-қонушының орын ауыстыруы кезінде қолданылатын факторлар;
- көшіп-қонушының келетін жерінде (елінде) қолданылатын факторлар;
- көшіп-қонушының жеке басына қатысты факторлар[8,16б.].

20 ғасырдың 60-жылдарынан бастап Кеңес Одағы ғалымдары көші-қонмен байланысты мәселелерді зерттей бастады. Осы кезеңдердегі бірқатар

ғалымдарда көші-қонға қатысты өзіндік анықтамалары қалыптаса бастады.

Солардың бірі В.И. Переведенцев тұрғындар көші-қонын кеңістіктегі мобильділік ретінде қарастыра отырып, оны екі мағынада түсінуді ұсынған, атап айтқанда кең мағынада тұрғындар көші-қоны адамдардың кеңістіктегі кез келген орын ауыстыруларының (күнделікті жасалатын орын ауыстырулар, мысалы жұмысқа бару, одан қайту және т.б.) жиынтығы, ал тар мағынада немесе арнайы мағынада тұрғындар көші-қоны адамдардың көшіп тұрақтауының, яғни адамдардың ұзақ мерзімге тұрғылықты жерін ауыстырумен тығыз байланысты олардың аумақ бойынша көшіп тұрақтауларының жиынтығы[9,96.].

Украиналық демограф А.У. Хомра тұрғындар көші-қонының анықтамаларын үш топқа бөліп қарастырған:

1) Ең кең мағынада тұрғындар көші-қоны «қозғалмалылық» ұғымына пара пар келеді, бұл тұрғыдан тұрғындар көші-қоны бұл салалық, аумақтық, кәсіби және әлеуметтік қайта бөлу.

2) Кең мағынада тұрғындар көші-қоны механикалық, кәсіби және салалық орын ауыстырулардың жиынтығы.

3) Тұрғындар көші-қоны бұл кеңістіктегі кез келген орын ауыстырулар[10,5-66б.].

Л.Л. Рыбаковский тұрғындар көші-қонын «кең» мағынада ұзақтылығына, жиілігіне және мақсатына қарамастан бір немесе бірнеше әкімшілік-аумақтық бірліктердің әртүрлі елді-мекендері арасында жасалатын кез келген орын ауыстыруларды түсінеді, ал «тар» мағынада көші-қон - тұрақты мекен-жайын ауыстырумен аяқталатын аумақтық орын ауыстырудың аяқталған түрі. Сонымен қатар автор көші-қон ұғымының мәнін негізге ала отырып, көші-қонға берілген анықтамаларды келесідей төрт топқа жіктеген[11,186.]:

Бірінші топтағы анықтамалар көші-қондық процесс және көші-қонның нәтижесі сияқты екі әртүрлі құбылыстарды бір-біріне араластырып жіберген (мысалы Н.Н. Филиппов пен В.Н. Суковтың анықтамалары[12,55-626б.]).

Екінші топта «орын ауыстыру» және «мобильділік» сияқты әртүрлі ұғымдарды ажыратып қарамастан берілген анықтамалар (мысалы, Л.Л. Шамилева көші-қонды тұрғындардың мобильділігінің нысаны ретінде анықтаған[13,296.]).

Үшінші топта әртүрлі қозғалыс түрлерін, атап айтқанда көші-қондық және әлеуметтік қозғалыстарды араластыратын көші-қонның анықтамалары (мысалы жоғарыда аталған А.У. Хомраның берген анықтамасы).

Төртінші топты ғалымдардың көпшілігінің қолдауын тапқан, көші-қонды тек тұрғындардың аумақтық орын ауыстыруы ретінде қарайтын анықтамалар құраған (мысалы, Н.Н. Тоцкиймен берілген анықтаманы келтіруге болады [14,366.]).

А.Б. Барихин тұрғындар көші-қонын тар мағынада қарастыра отырып, оған өзінің келесідей анықтамасын берген, адамдардың ең алдымен тұрғылықты жерін және жұмыс ауыстырумен байланысты орын ауыстыру[15,325б.].

Ал белоруссиялық зерттеушілер А.И. Лемешев, А.В. Бубич және Г.Г.

Зинкевич көші-қонды жалпы және халықаралық деп жіктей отырып, оның екі мағынасын ұсынған, жалпы көші-қон – тұрғылықты мекен-жайын өзгерту үшін тұрғындардың әртүрлі орын ауыстырулар жүйесі, ал халықаралық көші-қон – мемлекеттік шекараны кесіп өтуден тұратын аумақтық жағдайының өзгеруі[16,24б.].

Е.Ю. Садовская өзінің берген анықтамасында көші-қонды тұрғылықты мекен-жайын өзгертумен байланысты және мемлекет ішінде және мемлекет аралық реттеуді қажет ететін мемлекеттің шекарасы арқылы тұрғындардың жылжуы ретінде қарастырған[17,20б.].

О.Д. Воробеваның пікірінше, тұрғындар көші-қоны бұл еліктіргіш немесе итеріп шығарушы факторлардың қайсысының басымдылыққа ие екендігіне қарамастан, тұрақты тұрғылықты жерін өзгерту мақсатында не білім алу үшін немесе еңбек ету үшін белгілі бір аумаққа уақытша келу мақсатында әкімшілік аумақтық құрылымның сыртқы, сондай-ақ ішкі шекараларын кесіп өтумен байланысты тұрғындардың кез келген аумақтық орын ауыстыруы[18,10б.].

Тұрғындар көші-қонының философиялық және психологиялық жақтарын қарастыра келе, С.К. Бондыревада және Д.В. Колесовта оған өздерінің анықтамасын берген, адамның мобильділігі арқасында орын алатын, мұқтаждық сипатына ие және физикалық, сондай-ақ виртуалдық кеңістікте жүзеге асатын көп сарынды қоғамдық құбылыс. Сонымен қатар аталған автор демографиялық терминологияны пайдалана отырып тұрғындар көші-қонының анықтамасын берген, көші-қон бұл жаңа аумақтың ресурстарын иеленуге бағытталған және тұрғылықты жерін ауыстырумен байланысты жеке тұлғаның кеңістіктегі белсенділігі (орын ауыстыруы)[19,38б.].

Әлеуметтанушы Т.Н. Юдина тұрғындар көші-қоны ретінде тұрғындардың немесе олардың бір бөлігінің мемлекеттік немесе әкімшілік шекарадан тыс ұзақ мерзімге әлеуметтік орын ауыстыруы ықпалынан мемлекеттің немесе аймақтың тұрғындарының әртүрлі топтарының әлеуметтік құрылымының және мәртебелік сипаттамаларының өзгеруін түсінеді[20].

Э. Лидің [Lee] ілімі бойынша көші-қон шығу елінен итеріп шығарушы жағымсыз факторлардың (push) және басқа елге адамдарды еліктіруші жағымды факторлардың (pull) ықпалымен жүретін құбылыс ретінде қарастырылған[20].

Әрине жоғарыдағы «көші-қон» ұғымына берілген анықтамалардан аталған ұғымға тән келесідей белгілерді бөліп қарастыруға болады:

- 1) белгілі бір кеңестікте орын ауыстыру;
- 2) белгілі бір мерзімге орын ауыстыру;
- 3) тұрғылықты мекен-жайының өзгеруі;
- 4) орын ауыстырудың мақсаты;
- 5) орын ауыстыруға ықпал ететін жағдайлар.

Көші-қон белгілі бір кеңестікте жүретін, яғни белгілі бір мемлекет аумағында немесе сол мемлекеттің аумағынан тыс адамдардың орын ауыстыруымен байланысты жүретін құбылыс.

Көші-қон кезінде адамдар өздерінің тұрғылықты жерлерін белгілі бір

мерзімге немесе біржола өзгертуі мүмкін.

Көші-қон кезінде адамдардың тұрақты тұрғылықты мекен-жайы уақытша болсын өзгеріске ұшырайды.

Көші-қон кезінде адамдардың тұрақты тұрғылықты мекен-жайын белгілі бір мақсатқа жету үшін өзгертеді. Мысалы, өздеріне қолайлы жағдай жасау мақсатында (жеке бас қауіпсіздігін қамтамасыз ету, материалдық-қаржылық жағдайын жақсарту, пайда табу және т.б.) көшіп-қонуы мүмкін.

Сондай-ақ адамдардың көші-қон үрдісіне әртүрлі жағдайлар, мысалы, экономикалық, әлеуметтік, саяси және т.б. жағдайлар тікелей ықпалын тигізуі мүмкін.

Сонымен тұрғындардың көші-қоны – бұл белгілі бір мақсатқа жету үшін әртүрлі жағдайлардың ықпалымен белгілі бір мемлекет аумағында немесе сол мемлекеттің аумағынан тыс жүретін, белгілі бір мерзімге немесе біржола тұрақты тұрғылықты мекен-жайының өзгеруінен тұратын адамдардың орын ауыстыруы.

Көші-қонның жоғарыда аталған аспектілерімен қатар, құқықтық аспектісі де қарастырылған.

Т.Н. Балашова көші-қонның конституциялық құқықтық мағынасын ашуға тырысқан, оның берген анықтамасына сәйкес көші-қон мемлекеттік реттеумен, жеке мүдделерін жүзеге асырумен, сондай-ақ жаңа құқықтық мәртебеге ие болуына әкеліп соқтыратын, тұрақты мекен-жайын өзгерту немесе өзге мақсаттарда аумаққа уақытша келу мақсатында әкімшілік-аумақтық құрылымдардың сыртқы, сонымен қатар ішкі шекараларын азаматтардың, шетелдік азаматтардың, азаматтығы жоқ тұлғалардың аумақтық кесіп өтуді жоспарлауы және кесіп өтуі кезінде пайда болатын құқықтық қатынастардың жиынтығы[21,20б.].

К.Д. Галиахметованың пікірінше миграция бұл мемлекетпен реттелген, әдетте өзінің құқықтық мәртебесін өзгертумен бірге жүретін, өзінің жеке мүдделерін жүзеге асыру мақсатында мекен-жайын тұрғылықты немесе уақытша мерзімге өзгертуге негізделген, мемлекеттік немесе әкімшілік-аумақтық шекараны кесіп өтумен байланысты мигранттардың аумақтық орын ауыстыруы[22,16б.].

Ал Г.А. Хуринов миграцияны халықаралық құқықпен және мемлекеттің ішкі құқығымен реттелген, бірқатар жағдайларда белгілі бір санаттағы тұлғалар үшін құқықтық мәртебесін (жағдайын) өзгертумен жүретін, адамдардың ерікті немесе мәжбүрлі аумақтық орын ауыстыруына байланысты туындайтын қоғамдық қатынастардың жиынтығы ретінде қарастырған[23,16-17бб.].

Келесі автор көші-қон ретінде Ресей Федерациясының аумағына кіру, Ресей Федерациясының аумағынан шығу, сондай-ақ оның аумағында орналасу және тұру нәтижесінде адамдардың құқықтық мәртебесінің өзгеруіне әкелетін, олардың аумақтық орын ауыстыруын түсінген[24,21б.].

В.А. Коробеев көші-қонды конституциялық құқықтық мағынада ашуға тырысқан. Ол мағынада көші-қон ретінде объективті, экономикалық, саяси, әлеуметтік, демографиялық және өзгеде себептерге байланысты орын алатын,

құқық нормаларымен реттелген, салдары мекен-жайын немесе тұрақтау орнын ауыстыру болып табылатын, мемлекеттік немесе әкімшілік шекараны кесіп өтумен байланысты, уақытша немесе ұзақ сипатта жүретін, жеке тұлғалардың кеңістікте орын ауыстыруына, қоныс ауыстыруына бағытталған билік органдарының, қоғамдық ұйымдардың және жеке тұлғалардың әрекеттерінің логикалық реттелген жиынтығынан тұратын динамикалық қоғамдық қатынастар.

Бұл ұсынылған ұғымнан көші-қонның мағынасы келесідей белгілермен сипатталады: белгілі бір логикалық ретке (көші-қон процесінің үш сатылылығы) ие әрекеттер жиынтығы; мекен-жайын немесе тұрақтау орнын (тұрақты, уақытша немесе кезеңмен) ауыстыру; шекараны (бір немесе бірнеше, әкімшілік немесе мемлекеттік) кесіп өтуден; экономикалық, саяси, әлеуметтік және демографиялық және өзгеде себебтерге байланысты орын алатын; әлеуметтік, экономикалық және саяси (геосаяси) сипаттағы; орын ауыстыру, қоныс ауыстыру ретінде анықталады.

Сонымен қатар көші-қон: орын ауыстыру мерзімінің ұзақтығымен; аумақтық (кеңістік) сипатпен; орын ауыстырудың мақсаттылығымен; объективтілікпен; мемлекеттің бақылауында болатындығымен; көші-қон процесінің күрделі құрылымдылығымен; нысаны және салдарының көп түрлілігімен; қоғамдық маңыздылығымен; құқықтық сипатымен (құқық нормаларымен реттелетіндігімен) сипатталады[25].

В.М. Баранов көші-қонды өмір сүрудің жақсы жағдайларын іздеумен байланысты және көп жағдайда жаңа құқықтық мәртебе алуды туындататын, басым жағдайда мемлекетпен бақыланатын адамдардың аумақтық орын ауыстыру бойынша құқықтық қатынастардың жиынтығы ретінде түсінген. Осы автор көші-қонның аталған құқықтық мағынасымен әлеуметтік мағынасын біріктіруге тырысқан. Оның пікірінше, әлеуметтік мағынадағы көші-қон – бұл өмір сүрудің жақсы жақтарын іздеу мақсатында адамдардың (адамдар ағымының) физикалық кеңістіктегі аумақтық орын ауыстырулары[26,44-49бб.]

Тұрғындардың көші-қонын оның әртүрлі белгілері бойынша бірнеше түрге жіктеуге болады. Тұрғындардың көші-қонына қатысты түрлі ғылыми еңбектерді талдай келе, оны жіктеуге негіз болатын келесідей белгілерді атап кетуге болады:

- 1) кеңістік,
- 2) көшіп келген жаңа мекен-жайында тұрақтау мерзімі,
- 3) көші-қонға итермелеуші себебтер;
- 4) көшіп-қонушылардың еркі;
- 5) көші-қонды реттейтін құқықтық нормалардың сақталуы немесе сақталмауы.

Көші-қон кеңістікте жүретін процесс болғандықтан, көші-қон белгілі бір әкімшілік-аумақтық шекараны кесіп өту арқылы жүзеге асады, сондықтан оны сыртқы көші-қон және ішкі көші-қон деп екі түрге жіктеуге болады. Сыртқы көші-қон әдетте мемлекеттік шекараны кесіп өту кезінде орын алады. Сонымен қатар сыртқы көші-қонды бірқатар ғалымдар халықаралық көші-қонның

синонимі деп таныса[27,24б.;28,15б.] және т.б.), басқа ғалымдар оны жеке санат ретінде, аралық түр ретінде таниды. Атап айтқанда Д.В. Слободчикова, Г.Н. Строева сыртқы көші-қонды белгілі бір жағдайларда сыртқы сипатқа, кейбір жағдайларда халықаралық сипатқа, ал кейбір жағдайларда, мысалы, этникалық көші-қонды (этникалық немесе ұлттық себебтерге байланысты адамдардың қайта қоныстануын) сипаттайтын жеке сипатқа ие, көші-қонның аралық түрі ретінде қарастырған[29,900-907бб.]. Ал Ю.В. Арутюнян, Л.М. Дробижева, А.А. Сусоколовтардың пікірінше этносоциологияда сыртқы көші-қон ретінде мемлекеттік шекараны кесіп өткендігіне немесе өтпегендігіне қарамастан аталған этностың шағын орналасқан аумағының шегіне көшіп-қонуын қарастырады[30,87б.].

Халықаралық көші-қонның өзін ғалымдар әртүрлі түрлерге жіктеген: контитнет аралық және континент ішіндегі миграция, иммиграция және эмиграция.

Ішкі көші-қон тұрғындардың бір мемлекеттің ішінде орын ауыстыруынан тұрады. Оның өзін қандай әкімшілік-аумақтық бірлік арасында орын ауыстыру жүзеге асатындығына қарай жіктеуге болады. Мысалы, облыстар арасында, аудандар арасында, ауылдар арасында және т.б.

Көшіп келген жаңа мекен-жайында тұрақтау мерзіміне қарай, көші-қонды тұрақты және уақытша деп жіктеуге болады. Тұрақты көші-қон кезінде мигрант бір жолата жаңа мекен-жайында тұрақтап қалады. С.Е. Метелев[31] тұрақты көші-қонды қайтарымсыз көші-қон дей келе, оны адамның тұрақты мекен-жайын мәңгілікке алмастыруын түсіндіреді. Ал В.А. Ионцев «тұрақты көші-қон» мен «қайтарымсыз көші-қон» әртүрлі ұғымдар ретінде қарастыруды ұсына отырып, оны екі жағдаймен негіздеген. Біріншіден, әрбір елдің ұлттық заңнамасымен анықталатын «тұрақты мекен жай» ұғымына сәйкес елде нақты бір мерзім өмір сүргеннен кейін, кез келген көшіп-қонушы «тұрақты тұрушы» санатына жатқызылуы мүмкін. Ресейде мұндай мерзім алты айды құрайды. Екіншіден, БҰҰ «тұрақты көшіп-қонушы» ұғымына берген анықтамасында тұрақты көшіп-қонушы ретінде бір жылдан аса мерзімге басқа мемлекетке кеткен тұлғаларды тануы[8].

Ал уақытша көші-қон кезінде көшіп-қонушы өзінің көшіп-қонуына себеб болған мақсатты жүзеге асырып болғанға дейін ғана белгілі бір мерзімге жаңа мекен-жайда тұрақтайды. Уақытша көші-қонның өзін бірнеше түрге бөлуге болады: маятниктік, мезгілдік, эпизодтық.

Маятниктік көші-қон кезінде тұрақты тұрып жатқан жерінен тыс жерге күнделікті немесе апта сайын жұмысқа немесе оқуға баруымен және одан тұрақты тұратын жеріне қайтып келумен байланысты орын ауыстыру[8].

Мезгілдік көші-қонда жылдың бір мезгілінде ғана орын ауыстыру орын алады, мысалы, күз мезгілінде егін жинау үшін орын ауыстыру және т.б.[8].

Эпизодтық көші-қон ұзақ мерзімге, белгілі бір мақсатта тұрақты мекен-жайын уақытша ауыстырумен байланысты, мысалы, ұзақ мерзімге контракт бойынша жұмыс істеуге кету немесе оқуға кету және т.б.[8].

Адамдардың көшіп-қонуына ықпал ететін себебтер өте көп. А.Б.

Балабекова көші-қонды оған ықпал ететін себептеріне қарай ерікті көші-қон, әлеуметтік-экономикалық себептер бойынша көші-қон, әскери себептер бойынша көші-қон, саяси себептер бойынша көші-қон деп түрлерге бөлген[32,282б.]. Бұл автордың көші-қонның себептерінің бірі ретінде еріктілікті қарастыруы дұрыс емес деуге болады, себебі саяси себептер бойынша да, әскери себептер бойынша да көшіп-қону адамның еркінен тыс, мәжбүрлі түрде жүруі мүмкін, яғни еріктілікті аталған себептер бойынша көші-қон түрлерін біріктіретін белгі ретінде қарастыруға болады. Сонымен қатар автормен көрсетілген себептермен көші-қонға ықпал ететін себептер шектеліп қалмайды.

«Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі № 477-IV Заңының 3-бабында көшіп келудің бірқатар себептері қарастырылған, атап айтқанда

- 1) тарихи отанына оралу;
- 2) отбасын біріктіру;
- 3) білім алу;
- 4) еңбек қызметін жүзеге асыру;
- 5) гуманитарлық және саяси уәждер бойынш[33].

Әрине жоғарыда айтып кеткеніміздей, көші-қонға ықпал ететін себептер жеткілікті, оған экологиялық жағдайда, саяхаттау мен демалуда ықпал етуі мүмкін.

Жоғарыда айтылғандарды талдай келе, біздің пікірімізше көші-қонға ықпал ететін себептер бойынша, оны келесідей түрлерге жіктеуге болады:

1) әлеуметтік-экономикалық себептер бойынша көші-қон, бұл жерде әлеуметтік жағдайларға бұрынғы отбасына қайта қосылу, тарихи отанына қайта оралу, жаңадан отбасын құру және т.б. жатқызуға болады, ал экономикалық себептерге білім алу үшін, табыс табу үшін (еңбек көші-қоны) басқа жерге көшуді жатқызуға болады,

2) әскери-саяси себептерге байланысты көші-қон, атап айтқанда елдегі соғыс жағдайына, қарулы қақтығыстарға, мемлекет тарапынан орын алатын саяси қудалауға, нәсіл, ұлт, діни-наным сенім негізіндегі қыспақтарға және т.б. себептерге байланысты көшіп-қону,

3) экологиялық себептерге байланысты көші-қон, белгілі бір аумақтың экологиялық хал-ахуалының апаттық жағдайда (радиациялық улуану, су тасқыны, өрт және т.б.) болуына байланысты орын алатын көшіп-қону,

4) саяхаттау немесе демалу мақсатындағы көшіп-қону,

5) қылмыстық құқықбұзушылықтар жасау мақсатындағы криминалды көшіп-қону.

Осы жердегі «криминалды көші-қон» ұғымыда жалпы «көші-қон» ұғымын бір қырынан түсінуге мүмкіндік береді. Бұл ұғымның түсінігін ашып алудан бұрын «заңды көші-қон» және «заңсыз көші-қон» ұғымдарын түсінігін ашып алу қажетті.

Көшіп-қонушының еркіне қарай көші-қонды ерікті және еріксіз (мәжбүрлі) деп бөлуге болады. Ерікті көші-қон – көшіп-қонушының бір тұрғылықты

жерден екінші бір тұрғылықты жерге оның ерік-ықтиярына сай жүзеге асатын көшіп-қонуы. Еріксіз (мәжбүрлі) көші-қон – әртүрлі жағымсыз себебтердің (соғыс, қудалау, қыспаққа алу, криминогендік жағдайдың өршуі, табиғи, техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар) салдарынан туындайтын қауіп-қатерден жеке басының, сонымен қатар отбасы мүшелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ өмір сүру деңгейінің төмендеуі, жұмыссыздықтың өсуі салдарынан көшіп-қонушының өзінің ерік-ықтиярына қарсы көшіп-қонуы немесе көшіп-қонушының еркінен тыс оны қоныс аудартуы (депортация).

Көші-қонды реттейтін құқықтық нормалардың сақталуы немесе сақталмауына қарай оны заңды көші-қон немесе заңсыз көші-қон деп бөлуге болады.

Осы жерде «заңсыз көші-қон» ұғымын ашу орынды болып табылады. Әрине «заңсыз көші-қон» ұғымына қатысты ғылыми әдебиеттерде әртүрлі түсініктер берліген болатын және «заңсыз көші-қон» ұғымына қатысты бірыңғай анықтама жоқ.

Атап айтқанда В.М. Баранов көші-қон ағымымен нормативтік базаның арасындағы сәйкессіздіктің нәтижесі ретінде заңсыз көші-қонды сипаттай отырып, оның келесідей анықтамасын береді: «...ұлттық немесе халықаралық құқықтағы нормаларды, қағидаларды, стандарттарды, процедураларды тікелей немесе жанама бұзатын және заңи жаауптылық шараларын қолдануды тудыратын адамдардың кінәлі аумақтық орын ауыстыруы»[26,50б.]. Сондай-ақ автор осы құбылысқа тән айрықша белгілерді көрсетпестен, нормативтік құқықтық актілердің түрлері, уақытша сипаттамасы, таралу аясы және т.б. негіздер бойынша заңсыз көші-қонды жіктеген. Көші-қонның заңсыз түрлеріне жалған саяси, анықталған және латенттік, жазаланатын және жазаланбайтын көші-қонды жатқызған[26,51б.].

Г.В. Дашков «заңсыз көші-қон» ұғымын халықаралық құқық нормаларына сәйкес мәжбүрлі (көші-қонушылар босқындар болып табылмайды) болып табылмайтын және қабылдаушы елдің ішкі заңымен белгіленетін нормалар мен квоталарға қайшы жүзеге асырылатын тұрғындардың (көшіп кету – көшіп келу) қозғалыс ретінде анықтайды[34,277-281бб.].

А.Н. Шкилев көші-қонның себебін көрсете отырып, заңсыз көші-қон ретінде әлеуметтік экономикалық, саяси құқықтық және ұлттық демографиялық факторлардан туындайтын, қолданыстағы халықаралық құқық және ұлттық заңнама нормаларын бұза отырып физикалық кеңістікте тұрғындардың орын ауыстыруын түсіндіреді және қандай нормалардың бұзылатындығын көрсеткен:

- 1) тиісті елге немесе елдер тобына кіру және олардан шығу тәртібін, сондай ақ визалық режимді белгілейтін нормалар;
- 2) шетелдік мемлекеттің аумағына келу тәртібін белгілейтін нормалар;
- 3) еңбекпен, кәсіпкерлік қызметпен айналысу тәртібін белгілейтін нормалар және т.б. нормалар[35,93б.].

В.В. Масюктің пайымдауынша заңсыз көші-қон мемлекеттің

заңнамасымен немесе сәйкес халықаралық құқық нормаларымен белгіленген кіру, шығу және/немесе тұрақтау, сондай-ақ транзиттік өту тәртібін бұзатын жеке тұлғаның мемлекеттік шекара арқылы аумақтық орын ауыстыруы[36,8 б.].

Келесі авторлар тобы заңсыз көші-қонның субъектілерін көрсете отырып, заңсыз көші-қонның ұғымының анықтамасын берген.

Н.Н. Тоцкийдің «заңсыз көші-қон» ұғымына берген анықтамасы бойынша шетелдік азаматтардың кіру, тұрақтау, транзиттік өту және шығу тәртібін реттейтін ресейлік заңнаманы бұза отырып, шетелдік азаматтармен азаматтығы жоқ тұлғалардың РФ-на кіруі, тұрақтауы және оның аумағынан шығуы, сондай-ақ Ресей аумағында тұрақтаған кезеңде өзінің құқықтық жағдайын өз бетімен өзгертуі[14,36-38 бб.].

М.И. Баранниктің пікірі бойынша заңсыз (сыртқы) көші-қон шетелдік азаматтардың келу, тұрақтауы, транзиттік өту және кету тәртібін реттейтін заңнама ережелерін бұза отырып шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың белгілі бір елдің аумағына келуі, сол елдің аумағында тұрақтауы, және сол елдің аумағынан кетуі, олардың сол елдің аумағында болған кезеңде өзінің құқықтық жағдайын өзгертуі, сондай-ақ елдің аумағынан сол елдің өзінің азаматтарының олардың елден шығу тәртібін реттейтін заңнаманы бұза отырып шығуы[37,210б.]. Аталған автор анықтамасында заңсыз көші-қонның субъектілерінің қатарына шетелдік азаматтар, азаматтығы жоқ тұлғалармен қатар көші-қон заңнамасы бұзылатын елдің өзінің азаматтарын көрсеткен.

Ал кейбір авторлар болса, заңсыз-көші қонды ұйымдастыру мен оны жасаудағы амал-тәсілдерді, жарамсыз құжаттарды пайдалануды, сондай-ақ заңсыз-көші қонның мақсатын көрсете отырып, «заңсыз көші-қон» ұғымына анықтама берген.

А.Г. Сатаев Ресей Федерациясының аумағына туристік визамен келген ҚХР азаматтарының заңсыз көші-қонын қарастыра отырып, олардың елде қалуы үшін қолданатын тәсілдерін көрсеткен:

- құжаттарын қасақана жоғалту, шығу құжатын рәсімдеу үшін ҚХР елшілігіне аталған азаматты жіберу туралы тиісті анықтама қағазын ішкі істер органдарынан алу, әріқарай «ҚХР елшілігі орналасқан қалаға бару үшін қаражат жоқ» деген себеппен аталған анықтаманың қолданыс мерзімін көп рет ұзартады;

- «болашағы жоқ» қылмыстық істер (әдетте ұрлық) бойынша куә ретінде қатысу;

- паспортты алмастыратын, ешқандай қорғау дәрежесі жоқ құжаттарды жалған жасау (қонақ үй карточкаларын, құжатты алу, жоғалту және т.б. туралы анықтама қағаздарын);

- уақытша тіркеу туралы штампты және штамптың түпнұсқасын анықтау мүмкін болмайтын жақын аумаққа кіру үшін қажетті штампты жалған жасау[38,70б.].

Сонымен қатар Т.Н. Юдинада өзінің еңбегінде «заңсыз көші-қонның мақсатын еңбек ету» деп жеке көрсете отырып, мемлекеттік шекара арқылы кірудің тәсіліне назар аударған. Автордың анықтамасы бойынша заңсыз

(легалды емес) көшіп келу бұл белгіленген тәртіпті бұза отырып, елдің аумағында шетелдік азаматтармен еңбек қызметін жүзеге асыруы немесе және кіруі, тұрақтауы, яғни заңмен белгіленген сәйкес құжаттармен рұқсатты рәсімдеусіз немесе тиісті емес түрде рәсімдеу, сондай-ақ жарамсыз, жалған, өзге біреудің немесе қолданыс мерзімі өтіп кетуіне байланысты заң күшін жоғалтқан құжатты пайдалану[39,211б.].

Г.С. Витковская да мемлекеттің аумағына кіру жолын көрсете отырып, заңсыз көші-қонға өзінің анықтамасын берген: «заңсыз көші-қон Ресейде қолданылатын, тиісті заңдармен анықталатын мемлекеттік шекараны өту тәртібін бұзу арқылы жүзеге асатын шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың елге кіруі, яғни «жасыл кордон» немесе жалған немесе жарамсыз құжаттарды пайдалану арқылы»[40,126.].

Кәзіргі таңда ТМД аумағында көші-қонушылар көп шығатын мемлекеттердің бірі бұл Тәжікстан Республикасы болып табылады. Осы елдің ғалымдары, оның ішінде П.А. Насуров өз елінде орын алып жатқан көші-қон процессінің ерекшеліктерін ескере отырып, заңсыз көші-қонға өзіндік анықтамасын берген: «Заңсыз көші-қон – бұл әлеуметтік-экономикалық, саяси құқықтық және ұлттық демографиялық факторлардан туындайтын уақытша еңбек қызметін жүзеге асыру үшін азаматтардың құқықтарын, қабылдаушы елдің көші-қон заңнамасын бұза отырып, өз еріктерімен азаматтардың Тәжікстан Республикасының шегіне шығуы, сондай-ақ Тәжікстан Республикасының көші-қон заңнамасын бұза отырып, оның аумағына шетелдік азаматтардың келуі, кетуі және тұрақтауы, сондай ақ осы қызмет түрінің барлығын заңсыз ұйымдастыру»[41,96.]. Бұл анықтамада автор заңсыз көші-қонның мақсатын, оны жүзеге асыратын тұлғалар қатарында шетелдік азаматтар басқа, өзі елі азаматтарын қарастырған және көші-қонды заңсыз ұйымдастыру мәселесінде қарастырған болатын, кемшілігі ретінде заңсыз көші-қонушылар қатарында азаматтығы жоқ тұлғалар қарастырмаған және де көші-қон процессінің бір сатысы транзиттік өту қарастырылмаған.

Кейбір ғалымдар заңсыз көші-қонды екі мағынада ұсынған, атап айтқанда А.Л. Репецкая заңсыз көші-қонды екі мағынада: тар және кең мағынада қарастырған. Тар мағынада заңсыз (легалды емес) көші-қон федеральды және аймақтық заңнама нормаларын бұза отырып, орын алатын Ресей (Иркутск облысының) аумағына келу, тұрақтау және кету түсініледі. Кең мағынада заңсыз көші-қон қолданыстағы заңнамасын және белгіленген тәртібін бұза отырып, елдің аумағына шетелдік азаматтың немесе азаматтығы жоқ тұлғаның келуі, тұрақтауы және еңбек қызметін жүзеге асыруы, яғни ресейлік заңнамамен белгіленген сәйкес құжаттармен рұқсаттарды рәсімдеусіз, сондай-ақ жарамсыз, жалған, өзге біреудің немесе қолданыс мерзімі өтіп кетуіне байланысты заң күшін жоғалтқан құжаттарды пайдалану[42,46.].

Сонымен жоғарыда қарастырылған ғалымдардың анықтамаларын талдай келе заңсыз көші-қонға тән келесідей белгілерді анықтауға болады:

1) барлық авторлар тек қана көші-қонның бір бөлігін қамтитын сыртқы көші-қонды қарастырған, яғни бір мемлекеттің аумағынан екінші мемлекеттің

аумағына өту қарастырылған;

2) авторлардың басым көпшілігі заңсыз көші-қонның мақсаты ретінде басқа мемлекеттің аумағында жұмыс жасауды қарастырған;

3) барлық анықтамаларда көші-қонды халықаралық құқық және ішкі заңнама нормаларына қайшы жүзеге асатындығы қарастырылған;

4) анықтамалардың басым көпшілігінде заңсыз көші-қон субъектілері ретінде шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ тұлғалар қарастырылған, ал кейбір авторлар өз елінің азаматтарын заңсыз көші-қон субъектілері ретінде қарастырған;

5) сонымен бірге заңсыз көші-қонды жүзеге асырудың тәсілдері ретінде мемлекеттің аумағына кіру мен шығуды қарастырған, жасалу жолдарының бірі ретінде жалған немесе жарамсыз құжаттарды пайдалануды қарастырған.

Әрине кәзіргі таңда орын алып жатқан қоғамдағы күрделі жағдайлар (оның ішінде терроризммен байланысты қылмыстық құқықбұзушылықтардың жиі орын алуы, бір аумақтан екінші аумаққа қылмыстық құқықбұзушылықтар жасау үшін орын ауыстыру және т.б.) ішкі көші-қонды реттеу қажеттілігін тудыруда. Атап айтқанда орын ауыстырып барған жері бойынша орын ауыстырушыға міндетті тіркелу жүктелген. Бұл міндет «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі № 477-IV Заңында қарастырылған болатын. Ол Заңның 51-бабының 2-тармағының 1-тармақшасына сәйкес ішкі көшіп-қонушылар ҚР Үкіметі айқындайтын тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында тұрғылықты жері және уақытша болатын (тұратын) жері бойынша тіркелуге міндетті[33]. Сәйкесінше бұл нормаларды ішкі көшіп-қонушылармен (Қазақстан Республикасының азаматтарының) бұзуын заңсыз көші-қон ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Осы жағдайға байланысты заңсыз көші-қонды анықтаған кезде сыртқы көші-қонмен қатар ішкі көші-қонды қарастырған жөн.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, бірқатар авторлар заңсыз көшіп-қонудағы басты мақсат ретінде басқа мемлекеттің аумағында еңбек етуді қарастырған болатын, олар еңбек ете отырып өзінің, отбасының күн көрісіне қаражат табу мақсатында басқа мемлекетке орын ауыстырады. Бұл жерде заңсыз көші-қонның мақсаты ретінде тек еңбек етумен ғана шектелмеу қажет, себебі кейбір көшіп-қонушылардың заңсыз көшіп-қонудағы мақсаттары әртүрлі болуы мүмкін (қылмыс жасау және т.б.) және түпкілікті нәтижесінде өзінің (отбасының) өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау болып табылады.

Заңсыз көші-қон субъектілері ретінде тек қана шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғаларды қарастыру орынды емес, себебі көші-қон заңнамасы бұзылатын мемлекеттің азаматы да елден шығу тәртібін реттейтін заңнаманы бұзуы мүмкін (мысалы, заңсыз көші-қонды ұйымдастыруда өз елі азаматы қылмыс субъектісі болуы мүмкін). Сондықтан бұл жерде заңсыз көші-қонның субъектілері қатарына шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалармен қатар көші-қон заңнамасы бұзылатын мемлекеттің азаматын жатқызған жөн болады.

Заңсыз көші-қон көші-қон процессінің барлық сатыларымен байланысты

болғандықтан, заңсыз көші-қонның анықтамасында белгілі бір мемлекеттің аумағына келу, тұрақтау және кетумен қатар сол мемлекеттің аумағы арқылы транзиттік өтуді де ескерген жөн. Себебі бірқатар авторлар заңсыз көші-қонның жасалу тәсілі ретінде тек қана келу, тұрақтау және кетуді қарастырған болатын. Әрине транзиттік өтуді заңсыз көші-қонның жасалу тәсілі ретінде қарастыру біздің жағдайымызда өте маңызды болып табылады, өйткені Қазақстан Республикасының аумағы Ресей Федерациясының аумағына өту үшін бірқатар елдердің (Қытай, Ауғанстан, Тәжікстан, Өзбекстан және т.б.) азаматтары үшін ыңғайлы транзиттік аймақ болып табылады.

Сондай-ақ кейбір авторлар жоғарыда аталған орын ауыстыру тәсілдерінен (кіруден, шығудан, тұрақтаудан) басқа орын ауыстырудың тәсілдерінің өзге түрлерін (жаяу, жер астымен, әуемен, теңіз арқылы) қоса отырып, орын ауыстыруды кеңінен талдау қажеттігі ұсынған болатын[43,44б.].

Сонымен жоғарыда аталған жағдайларды ескере отырып, заңсыз көші-қонның келесідей анықтамасын беруге болады: «заңсыз көші қон – бұл көші-қон саласындағы халықаралық құқық және Қазақстан Республикасының заңнамасының нормаларын бұза отырып, өзінің (отбасының) өмір сүруіне қолайлы жағдай (заңды жолдармен де немесе заңсыз жолдармен де) жасау мақсатында әртүрлі заңды немесе заңсыз тәсілдерді пайдалана отырып, шетел азаматтарының, азаматтығы жоқ тұлғалардың Қазақстан Республикасының аумағына келуі, осы аумақта тұрақтауы, осы аумақтан кетуі және осы аумақпен транзиттік өтуі және Қазақстан Республикасы азаматының Қазақстан Республикасы аумағынан кетуі және осы аумаққа келуі, сондай-ақ ішкі көші-қон кезінде тіркеу ережелерін бұзу»[44,166-171бб.].

Көші-қон процессі мен қылмыстылықтың байланысын анықтауды «криминалды көші-қон», «заңсыз көші-қон», «легалды емес көші-қон», «криминогенді көші-қон» деген ұғымдардың мағынасын ашудан бастау қажет. Осы жерде «криминалды көші-қон» ұғымын қарастыру қажет. Бұл ұғым криминологияда жиі қолданылатын ұғымдарды бірі болып табылады.

Жалпы «криминалды көші-қон» ұғымы ғылыми айналымға 1996 жылы енгізілген болатын[45,19б.]. Криминалды көші-қон мәселесін зерттеумен айналысқан ғалымдардың бірі С.Е. Метелев аталған ұғымға келесідей анықтамасын берген «криминалды көші-қон – қылмыс жасау мақсатында тұлғалардың аумақтық орын ауыстыруында көрінетін әлеуметтік, салыстырмалы түрде жаппай сипатқа ие, қоғамға қауіпті құбылыс, сондай ақ криминалды технологиялардың орын ауысуы»[45,10 б.]. Ол криминалды көші-қонның келесідей нысандары мен түрлерін ашып көрсеткен:

Бірінші түрі, криминалды көші-қонның белгілі тарихи түрі басқыншылық соғыстар болып табылады, криминалды көші-қонның ол түріне сәйкес, басқа халықтар мен елдерді бағындыра отырып, тұтастай халықтар мен мемлекеттер тонаумен, қарақшылықпен, адам өлтірумен өмір сүрген. Бұл соғыстар мен шиеленістер криминалды көші-қонның екі түрінің «ошағына» айналған: таратушы және жинақтаушы. Ыдыратушы криминалды көші-қон соғыс іс-қимылы аймағынан қару жарак, есірткі, терроризм және өзгеде жағымсыз

құбылыстарды таратумен байланысты. Ал жинақтаушы криминалдық көші-қон қарулы қақтығыс аймағына бұрын қылмыс жасаған тұлғалардың, сондай-ақ соғыс іс-қимылы жағдайында байып қалуды көздейтіндердің, криминалдық мақсатта пайдалану үшін қару-жарақ иеленгісі келетін тұлғалардың жиналуынан көрінеді.

Криминалды көші-қонның екінші түрі геосаяси деп аталады: басқа мемлекеттерде мемлекеттік төңкерістер мен криминалдық операцияларды ұйымдастыру мен жүзеге асыруға әртүрлі елдердің барлау және өзгеде органдарының тыңшылық, сондай ақ әртүрлі нысанда қатысуы.

Криминалды көші-қонның үшінші түріне гастролерлер қылмыстылығы жатады. Аталған түрге криминалды көші-қонның екі түрі жатады:

а) ұйымдаспаған (жеке), қылмыскердің жалғыз өзінің қылмыс жасау мақсатында орын ауыстыруы;

б) ұйымдасқан, ұйымдасқан қылмыстық топтар мен қылмыстық қауымдастықтың мүддесінде қылмыскерлердің орын ауыстыруы.

Криминалды көші-қонның төртінші түріне трансұлттық көші-қонды жатқызған. Оның екі түрі бар:

а) алыс шетелге және кер бағытта бағытталған;

б) жақын шетелге және қарсы бағытта бағытталған.

Бесінші түрі - маятникті криминалды көші-қон.

Криминалды көші-қонның төртінші түріне аумақтық (географиялық принцип бойынша) көші-қонды жатқызған, оны өзіне криминалдық көші-қонушыларды тартатын үш аумаққа бөлген:

а) алпауыт қалалар;

б) экономикасы қарқынды дамушы аумақ;

в) сауда-экономикалық операциялары белсенді түрде жүретін шекара аумағы[45,20б.].

Сонымен қатар автор қандай құқықбұзушылардың не себебтен аумақтық орын ауыстырулар жасайтындығын талдай отырып, қылмыскердің тергеу мен соттан жасырынуы, құқық қорғау органдарынан тұрғылықты мекен-жайын жасыру, қылмысқа бірге қатысқандар немес қылмыстық әлемнің өзге өкілдері тарапынан орын алу мүмкін кектен қашу және т.б. аумақтық орын ауыстыруға тікелей себеб болуы мүмкін екендігін көрсеткен. Оның пікірінше криминалды көші-қон құқықбұзушылардың өздерінің орын ауыстыруымен тікелей байланысты, сондықтан легалды емес көшіп келу туралы немесе есірткі, қару-жарақ және т.б. тасмалдау үшін адамдардың орын ауыстыруының маршрутын (ағымын) жасау немесе адамдардың өзін тасмалдау құралы ретінде пайдалану туралы мәселе қозғалған кезде адамдардың криминалды орын ауыстыруы криминалды көші-қонға жатқызылады[46,14б.].

Ал «криминалды көші-қон» ұғымын «көші-қон» ұғымынан туынды ұғым ретінде қарастыра отырып, Д.А. Соколов «криминалды көші-қон» ұғымына келесідей анықтама берген: «Криминалды көші-қон – бұл трансұлттық ұйымдасқан қылмыстық іс әрекетті процессінде криминалдық технологияларды жүзеге асырумен, қылмыс жасаумен байланысты Ресей Федерациясына

келумен, Ресей Федерациясының аумағы арқылы транзитпен өтуге, Ресей Федерациясының шегінде тұрғылықты жер таңдау және өзгерту кезінде Ресей Федерациясының аумағымен жүруге байланысты шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың орын ауыстыруы және Ресей Федерациясының азаматтарының орын ауыстыруы[43,57-58бб.].

С.Е. Метелевтің пен Д.А. Соколовтың «криминалды көші-қонға» берген анықтамасында «криминалды технология» ұғымы көрсетілген. Егер С.Е. Метелевтің «криминалды көші-қонға» берген анықтамасында «криминалды технология» ұғымы ашып көрсетілмесе. Д.А. Соколов «криминалды технология» ұғымын «криминалды менеджмент» ұғымына теңдестіре келе, криминалды технологияға анықтамасын берген, оған сәйкес криминалды технология бұл көп рет жүзеге асатын, нақты криминалды нәтижеге қол жеткізуге бағытталған, заңды сипатқа ие әрекеттер жүйесі. Криминалды технология элементтеріне келесі әрекеттерді жатқызған: белгілі бір экономикалық қызмет субъектісі туралы маңызды ақпарат алуға бағытталғын инсайдерлік қызметті жүзеге асыру; экономиканың қандайда бір секторында басым позицияны заңмен рұқсат берілген әдістерді пайдалану арқылы жаулап алу; кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің мүлкін рейдерлік басып алу; тауар және қызмет көрсету нарығындағы елеулі үлесті қандай да бір көші-қонушылардың тобының өкілдерінің жаулап алуына жағдай жасау; мемлекеттің мүддесіне қайшы келетін қандай да бір ұжымдық саяси мүдделерді алға тарту[43,55-56 бб.].

Аталған «криминалды технология» ұғымына берген Д.А. Соколовтың анықтамасындағы криминалды технологияны құрайтын іс-әрекеттерге тек экономика мен монополия аясында жасалатын іс әрекеттерді ғана жатқызған. Көші-қонушылар тек қана экономика саласындағы қылмыстардан басқа қылмыс түрлерін жасауды мақсат етіп қою мүмкін, сондықтан аталған криминалды технология элементтер қатарын толықтыру қажет.

Жалпы технология (грек сөзі. «τέχνη» - өнер, іскерлік, білім және грек сөзі «логия» - ілім) – қажетті нәтижеге жету үшін қажет әдістер мен құралдардың жиынтығы[47].

«Көші-қон» адамдардың орын ауыстыруына қатысты қолданылатын ұғым болғандықтан «криминалды көші-қон» ұғымында потенциалды қылмыскерлер мен қылмыскерлердің орын ауыстыруынан басқалардың (криминалды технологиялардың) орын ауыстыруын қарастыруы орынсыз болып саналады.

М.П. Клейменов пен В.С. Свиридов қылмыс жасау мақсатымен қатар криминалды көші-қонға «қылмыстық іс-әрекетпен байланысты өзгеде орын ауыстыруларды» жатқызған[48].

Ал А.Н. Шкилевтің пікірінше, криминалды көші-қон - бұл әдетте экономикалық қызмет аясында қылмыс жасау мақсатында қандай да бір аумақтың шекарасы арқылы адамдардың орын ауыстыруы, мұндай орын ауыстыру қоғам үшін жоғары қауіптілікке ие және криминогенді жағдайға елеулі ықпал етуі мүмкін. Легалды емес, заңсыз, қылмыстық экономикалық қызмет, контрабанда, өзгеде пайдақорлық және күш қолдану қылмыстарын

жасау сияқты және тағы басқа әртүрлі мақсаттарды көздейтін легалды және легалды емес көші-қонушылардың мемлекетпен бақыланбайтын орын ауыстырулары түріндегі криминалды көші-қонның бір түрі экономикалық криминалды көші-қонды ұсынған[35,86-87бб.].

Тағы бір автор А.К. Есаянның пайымдауынша криминалды көші-қонның бір түрі ретінде легалды емес экономикалық көші-қонды бөліп қарастырған[49,31-36бб.].

Криминологиялық энциклопедияда берліген анықтамаға сәйкес криминалды көші-қон – бұл қылмыстық мақсатта келетін және құқық қорғау органдары тарапынан аса назарды талап ететін көшіп-қонушылардың контингентін бөліп қарастыру үшін криминологтармен қабылданған сипаттаушы ұғым[50,345б.].

Н.Д. Нечевина және И.В. Плясова криминалды көшіп келуді криминалды сипаттағы факторларға ие халықаралық ерікті көші-қонның бір түрі ретінде қарастыра отырып, бір мемлекет азаматының легалды емес, заңсыз немесе қылмыстық іс әрекетті жүзеге асыру мақсатында басқа мемлекеттің аумағына тұрақты немесе ұзақ уақытқа орналасу үшін орын ауыстыруларының жиынтығы, сондай-ақ тікелей осы іс-әрекетті және оның салдары ретінде түсіндірген[51,146.].

Тағы бір авторлар Ю.А. Кашуба[52,187б.] мен Л.А. Жуков[53,76б.] пікірінше криминалды көші-қон ретінде жалпы қылмыстық және экономикалық қылмыстарды немесе қылмыстық іс-әрекеттерді жасау мақсатында Ресейдің аумағына шетелдік және азаматтығы жоқ тұлғалардың келуін түсіну қажет дейді. Олар криминалды көші-қонды заңсыз көші-қонның құрамдас бөлігі ретінде қарастырған, атап айтқанда заңсыз көші-қон легалды емес көші-қоннан және криминалды көші-қоннан тұрады деп көрсеткен. Аталған көзқарасты А.Н. Шкилевте қолдай отырып, «заңсыз көші-қон» феноменін өзара байланысты екі процесс - көші-қонның легалды емес және криминалды түрлері құрайды деп көрсеткен болатын[35,84б.].

Келесі автор К.И. Богомолова заңсыз көші-қонның бір түрі ретінде криминалды көші-қонды қарастыра отырып[54,54б.], «криминалды шетелдік көші-қон» деген жаңа ұғым ұсынған. Оған сәйкес криминалды шетелдік көші-қон – бұл белгілі бір уақыт аралығында қылмыстық іс-әрекетті жүзеге асыру мақсатында РФ аумағына келетін және сол аумақта тұратын шетелдіктердің орын ауыстыруының жиынтығы, сондай ақ осы қылмыстық іс-әрекеттің өзі және оның қоғамға қауіпті салдары [54,33б.].

Кейбір авторлар, атап айтқанда Р.Е. Джансараеваның пікірі бойынша «криминалды көші-қон» мен «заңсыз көші-қон» ұғымдарының құқыққа қайшылық түріндегі ортақ белгісі бар болғанына қарамастан мүлдем әртүрлі ұғымдар. Заңсыз көші-қон туралы мәселе қозғаған кезде көші-қон заңнамасының нормаларын бұзу туралы мәселе қарастырылады, яғни белгілі бір тұлғалардың елге кіруінің, шығуының, орналасуының және транзитінің белгіленген тәртібі бұзу мәселесі қарастырылады. Криминалды көші-қонды ұғымы үшін міндетті белгісі көші-қон реттеу аясындағы нормативтік

ережелердің сақталу немесе сақталмауына қарамастан қылмыстық құқықтық нормаларды бұзу, немесе оларды бұзуға оқталу, сондай-ақ қылмыс жасау мақсаты болып табылады[55,164 б.].

Ю.Ю. Бышевский криминалды «көші-қон мен заңсыз көші-қон ұғымдарында айырмашылықтармен қатар өзара байланысының бар екендігін атап өткен, оған сәйкес екі ұғымды да байланыстыратын негізгі элементтер келесідей:

- заңды - бұл екі құбылыс құқықтық нормаларды бұзумен байланысты. Осы жерден құқықбұзушылықтың жағымсыз салдары институтының барлық түрі туындайды (құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және т.б.).

- жеке бастылық - әкімшілік құқықтық нормаларды бұзған тұлға, құқыққа қайшы жүріс тұрысқа икемдене бастайды және оның болашақта қауіпті, сонымен қатар қылмыстық іс әрекет жасайтындығы жоққа шығарылмайды[48].

Жоғарыдағы қарастырылған анықтамаларды талдай келе, криминалды көші-қон орын ауыстырудың мақсатымен (басқа аумақта қылмыс жасау мақсатында), орын ауыстыруды жасайтын субъектілерімен және осы субъектілердің ниетімен ерекшеленеді. Аталған белгілер арқылы «криминалды көші-қон» ұғымын «заңсыз көші-қон» ұғымынан, сондай-ақ көші-қонның өзге түрлерінен ажыратуға болады. Сонымен қатар «криминалды көші-қон» ұғымында кейбір авторлар сияқты қылмыстық іс әрекеттерді жасау мақсатында тек экономикалық қылмыстарды жасаумен ғана шектеліп қалу орынды емес, себебі көші-қонұшылармен жасалатын қылмыс түрлері әртүрлі болуы мүмкін.

Сонымен криминалды көші-қон – бұл көші-қонның бір түрі болып табылатын, басқа аумаққа қасақана қылмыстық құқықбұзушылық жасау мақсатында қылмыскерлердің немесе потенциалды қылмыскерлердің орын ауыстыруы[56,66-70бб.].

Осы тараушаны түйіндей келе бірқатар қорытындылар жасадық. Көші-қонмен байланысты бір қатар ұғымдардың түсінігі ашылды.

Атап айтқанда тұрғындардың көші-қоны белгілі бір мақсатқа жету үшін әртүрлі жағдайлардың ықпалымен белгілі бір мемлекет аумағында немесе сол мемлекеттің аумағынан тыс жүретін, белгілі бір мерзімге немесе біржола тұрақты тұрғылықты мекен-жайының өзгеруінен тұратын адамдардың орын ауыстыруы болып табылады.

Сонымен қатар көші-қонға ықпал ететін себептерге қарай көші-қонның келесідей түрлері орын алады:

1) әлеуметтік-экономикалық себептер бойынша көші-қон; әскери-саяси себептерге байланысты көші-қон; 3) экологиялық себептерге байланысты көші-қон; 4) саяхаттау немесе демалу мақсатындағы көші-қон; 5) қылмыстық құқықбұзушылықтар жасау мақсатындағы криминалды көші-қон.

«Көші-қон» көп мағыналы ұғым болып табылғандықтан, оның құқықтық жағын қарастыруда біз «заңсыз көші-қон» және «криминалды көші-қон» сияқты ұғымдардың түсінігін қалыптастырдық.

1.2 Көші-қонды құқықтық реттеу

Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі маңызды бағыттардың бірі орын алып жатқан көші-қон процесін реттеу болып табылады.

Қазақстан жер көлемі бойынша дүние жүзінде тоғызыншы орын алса, халқының тығыз орналасуы бойынша ең төменгі орындамыз - бір шаршы километрге 7,25 адамнан келеді. Ал халық саны бойынша алпыс екінші орынға ие болды және ол көрсеткіш 19788254 адамды құрады[57].

Ал ел аумағына келіп кетуші шетелдіктер саны өте жоғары болып қалуда. Соңғы статистикалық мәліметтерге сәйкес 2022 жылы Қазақстан аумағына 5,6 миллион шетел азаматтары кірсе, оның 6 миллионы ел аумағынан шыққан және 653 мың шетел азаматы ел аумағында қалып отыр. Бұл 653 мың шетелдіктің 286 мың адамы Ресей Федерациясының азаматтары, 209 мың адамы Өзбекстан Республикасының азаматтары, 69 мың адамы Қырғызстан Республикасының азаматтары, 26 мың адамы Тәжікстан Республикасының азаматтары[58].

Әрине мұндай жағдайларда, сондай-ақ халқы саны бойынша дүние жүзінде алдыңғы орындағы мемлекеттермен (ҚХР, РФ) ескеретін болсақ, реттелмеген сыртқы көші-қонның ел қауіпсіздігіне әкелер қаупі өте жоғары. Сондықтан тәуелсіздік алған жылдардан бастап мемлекет тарапынан сәйкес көші-қон саясаты жүргізіліп келе жатыр.

20 ғасырдың 90-шы жылдары бұрынғы Кеңес Одағы аумағындағы мемлекеттерде орын алған экономикалық күйзеліс, оның салдарынан туындаған жұмыссыздық көші-қон процесіне елеулі ықпалын тигізді. Осы кезеңде өмір сүруге қолайлы жағдай іздеу, тарихи отанына қайта оралу мақсатында Қазақстан аумағынан көшіп-кетушілер санының көрсеткіші өте жоғары болды. Көші-қонды реттейтін ережелердің болмауы көші-қон процесі реттелмеген жағдайда қалдырды.

Қазақстан Республикасының аумағындағы көші-қон процесін реттеуші нормативтік-құқықтық актілердің бірі 1991 жылы 18 қарашадағы «Ауылдық жерлерде жұмыс жасауға ниет білдірген тұрғылықты ұлттарды басқа республикалардан және шет елдерден Қазақ КСР-на қайта қоныстандыру тәртібі және шарттары туралы» Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің қаулысы болды[59]. Осы жылы қабылданған маңызды нормативтік актілердің бірі «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» ҚР Заңы болып табылды[60]. Бұл Заңда ҚР азаматтығын алу, одан шығу, оны тоқтату негіздері, тәртібі белгіленді.

Ал көші-қонды реттейтін арнайы Заң 1992 жылы 26 маусымда қабылданды. Бұл «Көшіп келу туралы» ҚР Заңында Қазақстан Республикасына көшіп келуді ұйымдастыру мәселелерін реттеуді қарастырды, негізінен шетелдегі қандастарымызды елге қайта оралуын, оларды орналастыру мәселелеріне айрықша назар аударды. Осы Заңда көшіп келу субъектілері ретінде ҚР-на қоныс аударуға ниет білдірген шетелдіктерді қарастырды және бұл шетелдіктер қатарына басқа мемлекеттің азаматтарын, Қазақстан

Республикасының азаматтығын қоса алғанда қос азаматтығы бар тұлғаларды, азаматтығы жоқ тұлғаларды және осы аталған тұлғалардың отбасы мен ұжымдық қауымдары жатқызылды. Көшіп келудің түрлерінде белгіледі және оларға босқындардың, босқын репатрианттардың, саяси баспана берілетін тұлғалардың көшіп келулерін, ұжымдық көшіп келуді, отбасылық көшіп келуді, еңбекпен байланысты көшіп келуді жатқызды. Сонымен қатар көшіп келу квотасы институтын енгізді, алғаш рет «еңбекпен байланысты көшіп келу» ұғымын енгізді. Алайда бұл Заң «көшіп келу», «босқын» ұғымдарын пайдаланғанымен, олардың түсінігін ашқан жоқ, босқынның басқа көшіп келушілерден айырмашылығы неден тұратынын көрсетпеді, сондай-ақ басқада кемшілік тұстары орын алды[61].

1993 жылы қабылданған ҚР-ның алғашқы Конституциясында қос азаматтықты белгілейтін ереже пайда болды[62], алайда мұндай жағдайдың қате екендігін түсінгеннен кейін аталған ереже екінші мәрте қабылданған 1995 жылғы ҚР Конституциясында қарастырылмады. Осы Конституция көш-қон процесін реттейтін жаңа нормативтік-құқықтық актілердің қабылдануына негіз болды.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекет ретінде дүние жүзілік қауымдастыққа қосылуға ұмтылыс жасады. 1992 жылдан бастап Қазақстан БҰҰ-ның толыққанды мүшесі болып танылды. Адам құқықтары мен бостандығы аясындағы бірқатар халықаралық құжаттар, оның ішінде босқындар, шетел азаматтарына, көші-қон мәселелеріне қатысты халықаралық құжаттар Қазақстан аумағында қоладныла бастады және олардың бірқатарын Қазақстан мақұлдап үлгірді. Атап айтқанда 1985 жылғы БҰҰ Бас Ассамблеясының «Тұратын мемлекеттің азаматы емес басқа мемлекеттің аумағында тұрақты тұратын азаматтардың құқықтары туралы» декларациясы[63], 1990 жылғы БҰҰ Бас Ассамблеясының Резолюциясымен бекітілген «Еңбек етуші – мигранттардың және олардың отбасы мүшелерінің барлық құқықтарын қорғау туралы» Халықаралық конвенция[64], 1998 жылы «Босқындардың мәртебесі туралы» конвенция және оның Босқындардың мәртебесіне қатысты хаттамасы[65] және т.б.

1995 жылдың 19 маусымындағы «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығымен (кейінгі 2007 1 желтоқсанындағы өзгерістерге сәйкес Заң деп аталды)[66] шетел азаматтарының құқықтық жағдайы, олардың Қазақстан аумағына келуі, кетуі және транзит арқылы өтуі тәртібі, оларды ел аумағынан тыс жерге шығарып жіберу негіздері мен тәртібі анықталды.

Осы жылы Халықтың көші-қоны Мемлекеттік бағдарламасының Тұжырымдамасы бекітілді, оның басты мақсаты мемлекеттік көші-қон саясатының басым бағыттарын негіздеу мен айқындау, халықтың ішкі және халықаралық (сыртқы) көші-қонын тәртіпке келтіруді қамтамасыз ету, көші-қон легін тұрақтандыру және реттеу үшін құқықтық, экономикалық және ұйымдастыру жағдайларын жасау жөніндегі шаралар мен тетіктерді қалыптастыру болып табылды[67].

Ал 1996 жылы көші-қон аясында қатынастарды реттейтін бірқатар нормативтік актілер қабылданды. Атап айтқанда «Қазақстан Республикасында шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ адамдарға саяси баспана беру тәртібі туралы» ҚР Президентінің Жарлығы[68], осы Жарлықта өзінің елінде немесе тұрып жатқан жерінде қоғамдық саяси қызметі, нәсілі немесе ұлты, діни наным-сенімі үшін қудалаудан пана мен қорғаныш іздеуші шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ тұлғаларға, олардың отбасы мүшелеріне. Қазақстан Республикасының аумағында саяси баспана беру тәртібін белгілейтін ережелер қарастырылды.

Осы жылы ҚР азаматтығына қабылдау және оны қалпына келтіру туралы арызды қабылдау, рәсімдеу мен қарау және ҚР азаматтығынан шығу тәртібін белгілейтін «Қазақстан Республикасының азаматтығын берумен байланысты мәселелерді қарастыру тәртібі туралы» ҚР Президентінің Жарлығы қабылданды[69].

Ал екінші мәрте қабылданған 1997 жылдың 13 желтоқсанындағы «Халықтың көші-қоны туралы» ҚР Заңы сол кезеңде көші-қон аясында орын алған бірқатар мәселелерді шешуге бағытталды және 1992 жылғы «Көшіп келу туралы» ҚР Заңында орын алған кемшіліктерді жоятын ережелер қарастырды[70], бұл Заң көші-қон аясында қолданылатын бірқатар ұғымдардың: «көші-қон», «еңбек көші-қоны», «заңсыз көшіп келушілер», «көшіп келу» және т.б. түсінігін ашты, ел аумағына көшіп келу тәртібі, көшіп келушілердің құқықтық жағдайы, еңбек көші-қонын жүзеге асыру тәртібі және т.б. мәселер қарастырылды. Сонымен қатар саяси баспана беруді белгілейтін ереже белгіленді.

2000 жылы 5 қыркүйекте «Қазақстан Республикасы Көші-қон саясатының тұжырымдамасы қабылданды[71]. Бұл Тұжырымдама алдағы жылдары көші-қон аясында мемлекет тарапынан жүргізілетін саясатты нақтылап берді, босқындарға қатысты деректер қорын қылтастыру, жасырын көшіп келуді бақылау жүйесін әзірлеу, шекаралық паспорттық бақылау жүйесін халықаралық стандарттарға сәйкестендіру және т.б. іс-шаралар жүргізуді жоспарлады[71]. Белгілі бір кезеңдерге арналған мұндай Тұжырымдар бірнеше рет қабылданды: 2007-2015 жылғы арналған Тұжырымдама[72], 2017-2021 жылдарға арналған Тұжырымдама[73]. Бұл Тұжырымдамалардағы басты назар қандастарды тарихи отанына қайта оралуын ұйымдастыруға аударылды.

2002 жылы Қазақстан Республикасы Көші-қон жөніндегі халықаралық ұйымға мүшелікке өтті[74].

2009 жылдың 4 желтоқсанында Пана алушылар мен босқындардың құқықтық жағдайын белгілейтін арнайы Заң қабылданды[75]. Аталған Заңда пана алушы мен босқын ұғымдарының ара-жігі ажыратылып көрсетілді, сонымен қатар босқын мәртебесін алудың негіздері, ондай мәртебені тоқтатудың тәртібі белгіленді.

2011 жылы 22 шілдеде «Халықтың көші-қоны туралы» жаңа Заң қабылданды және онда бұрын орын алған көші-қонмен байланысты ұғымдар қайта қаралды, «реадмиссия», «қабылдаушы тұлға», «корпоратившілік

ауыстыру» және т.б. жаңа ұғымдар пайда болды. Көшіп келудің жаңа түрлері пайда болды: отбасымен бірігу мақсатында көшіп келу, білім алу мақсатында көшіп келу, гуманитарлық және саяси уәждер бойынша көшіп келу[33].

Осы Заңның жекелеген ережелерін жүзеге асыру мақсатында көші-қон қатынастарын реттейтін заңға сәйкес нормативтік құқықтық актілер жаңадан қабылданды. Атап айтқанда көшіп келушілердің Қазақстан Республикасына келуінің және онда болуының, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасынан кетуінің қағидаларын және Көші-қон бақылауын жүзеге асыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан заңсыз өтетін, Қазақстан Республикасының аумағында заңсыз болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағына келуге тыйым салынған адамдарды есепке алу қағидалары[76], «Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына келуіне шақыруларын ресімдеу, шақыруларын келісу, Қазақстан Республикасының визаларын беру, күшін жою, қалпына келтіру, сондай-ақ олардың қолданылу мерзімдерін ұзарту және қысқарту қағидаларын бекіту туралы» Бұйрық[77] және т.б.

Көші-қонды реттеудегі тағы бір маңызды құжат ҚР Үкіметінің 2022 жылдың 30 желтоқсанындағы Қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының 2023–2027 жылдарға арналған тұжырымдама болып табылады[78]. Осы Тұжырымдаманы жүзеге асырудағы басты бағыттардың бірі ретінде басқа мемлекеттермен, халықаралық институттармен бірлесе отырып, заңсыз көші-қонның деңгейін төмендету бойынша іс-шаралар ұйымдастыру, заңсыз көшіп-қонушылармен күрес жүргізу бойынша институционалдық жүйе құру болып табылды[78].

Сонымен қатар көші-қон қылмыстылығына қарсы күрес жүргізу аясында да бірқатар заңдар қабылданған болатын. Бұл заңдарды келесі тарауларда талдап кетеміз. Ал осы қылмыстылық түрімен күрес жүргізу бойынша халықаралық құжаттарды Қазақстан Республикасы мақұлдаған болатын. Ондай халықаралық құжаттар қатарында 2005 жылы 14 желтоқсанда ҚР-мен мақұлданған 1950 жылдың 21 наурызындағы Адамдарды сатуға және үшінші тұлғалардың жезөкшелікті пайдалануына қарсы күрес туралы конвенция және оның Қорытынды хаттамасы[79] бар. Аталған Конвенция адам саудасымен қарсы күрес жүргізуді көздейді. Оның 1-бабына сәйкес бұл Конвенцияны мақұлдаған кез келген мемлекет өзге бір адамды, тіпті сол адамның келісімімен жезөкшелік мақсатында кездестіретін, бейімдейтін немесе бұзатындардың, өзге бір адамның тіпті оның келісімімен жезөкшелігін пайдаланатындардың әрқайсысын жазаға тартуға міндеттенеді[79]. Сонымен қатар 17-бабында тараптардың көшіп келу мен көшіп кетуге қатысты жезөкшелік мақсатын көздейтін, екі жыныста да адам сатудың жолын кесу үшін осы Конвенцияға сәйкес міндеттемелері бекітілген: көшіп келушілер мен көшіп кетушілерді олар келген және кететін пункттерде, сондай-ақ олардың сапар уақытында қорғау үшін барлық қажетті қаулылар шығару; аталған сауданың қауіптілігі туралы халыққа хабарлау үшін тиісті шаралар қабылдау; жезөкшелік мақсатын

көздейтін, халықаралық адам саудасының алдын алу үшін теміржол станцияларын, әуежайларды, порттар мен басқа да қоғамдық орындарды, сондай-ақ сапар уақытында бақылауды қамтамасыз ету үшін тиісінше шаралар қабылдау; осы сауданың басты кінәлілері, қатысушылары мен құрбандары болып табылатын адамдардың келуі туралы тиісті биліктерге хабарлау мақсатында барлық қажетті шаралар қабылдау[79].

Қазақстанмен мақұлданған келесі халықаралық құжат бұл 2000 жыл 13 желтоқсандағы Біріккен Ұлттар Ұйымының Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясы болып табылды[80]. Конвенцияны қабылдаудағы басты мақсат трансұлттық ұйымдасқан қылмыстың анағұрлым тиімді түрде алдын алу және оған қарсы күрес ісіндегі ынтымақтастыққа жәрдемдесу болып табылады[80]. Осы аталған Конвенцияға қосымша екі хаттамада Қазақстанмен мақұлданды:

1) Адамдарды, әсіресе әйелдер мен балаларды сатудың алдын алу мен жолын кесу және ол үшін жазалау туралы хаттамасы[81]. Хаттаманың басты мақсаты әйелдер мен балаларға ерекше назар аудара отырып, адамдарды сатудың алдын алу және онымен күресу; адам құқықтарын толық құрметтей отырып, осындай сауда құрбандарын қорғау және оларға көмек көрсету; осы мақсаттарға қол жеткізуде Қатысушы мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты көтермелеу болып табылады[81];

2) Мигранттарды құрлық, теңіз және әуе арқылы заңсыз әкелуге қарсы хаттамасы[82]. Хаттаманың мақсаты мигранттарды заңсыз әкелудің алдын алу және олармен күресу, сондай-ақ заңсыз әкелінген мигранттардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету кезінде осы мақсаттарға қол жеткізуде Қатысушы мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты көтермелеу болып табылады[82]. Бұл Хаттама заңсыз көші-қонға қарсы күрес жүргізуге қатысты мәселелерді қарастырды және ҚР Қылмыстық заңдарында заңсыз көші-қонды ұйымдастыру түріндегі жаңа қылмыстық құқықбұзушылық құрамының пайда болуына негіз болды. Хаттамада «мигранттарды заңсыз әкелу», «заңсыз келу» және т.б. ұғымдардың түсінігі берілді[82].

Көші-қон қылмыстылығымен күресудегі тағы бір маңызды халықаралық құжаттардың тобы ТМД кіретін мемлекеттер арасында жасалаған халықаралық құжаттар болып табылады. Ондай құжаттардың қатарында 1998 жылдың 6 наурызында жасалған «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің заңсыз көші-қонға қарсы күрестегі ынтымақтастығы туралы» Келісімді қарастыруға болады. Осы Келісімді Қазақстан 2000 жылдың 13 тамызында мақұлдаған болатын. Бұл Келісімде заңсыз көші-қонға қарсы біріге отырып күрес жүргізудегі негізгі бағыттар айқындалды және ондай бағыттар қатарына:

- көшіп-қонуды бақылау;
- мемлекеттер шекарасынан заңсыз өткен, басқа Тараптар аумағында заңсыз болған үшінші мемлекеттер азаматтарын, азаматтығы жоқ тұлғаларды және Тараптар азаматтарын, сондай-ақ Тараптардың бірінің аумағына келуге тыйым салынған тұлғаларды есепке алу;

- заңсыз көшіп-қонушыларды ел аумағынан тыс жерге шығарып жіберу тетігін қалыптастыру;

- заңсыз көшіп-қонушылар үшін және заңсыз көші-қонға жәрдем көрсететін тұлғалардың барлық санаттары үшін жауаптылық аясында Тараптардың ұлттық заңдарын үйлестіру;

- заңсыз көші-қон туралы ақпарат алмасу;

- заңсыз көші-қонға қарсы күрес мәселелерімен айналысатын Тараптардың тиісті органдарының қызметкерлерін даярлау және олардың біліктілігін арттыру жатқызылды[83].

Сонымен қатар осы аталған Келісімнің негізінде 2000 жылдың 25 қаңтарында «Келісімге қатысушы мемлекеттердің қолданыстағы ұлттық заңнамаларына сәйкес осы Келісімге қатысушы мемлекеттерге кіруге тыйым салынған тұлғалар мен заңсыз көшіп-қонушылар туралы ақпараттардың ортақ базасы және заңсыз көші-қон туралы ақпараттар алмасу тәртібі туралы» Ереже бекітілді[84].

2004 жылдың 16 қыркүйегінде заңсыз көші-қонның қауіпінен мемлекеттің, қоғамның және жеке адамның қауіпсіздігін қамтамасыз етуде ТМД қатысушы мемлекеттердің өзара іс-қимылының бағытын белгілейтін ТМД қатысушы мемлекеттердің заңсыз көші-қонға қарсы іс-қимылдағы ынтымақтастығының Тұжырымдамасы бекітілді[85].

Сондай-ақ Қазақстан Республикасы ТМД кіретін жекелеген мемлекеттермен арасында көші-қонды реттеу бойынша бірқатар келісімдер жасалған болатын.

Сонымен қатар ресейлік авторлар көші-қонның әртүрлі аясын реттейтін заңдардың көптігін[86,358бб.], олардың көптігіне қарамастан көші-қонның жекелеген мәселелері әліде өзінің шешімін таппағандығын[87,32-35бб.], көші-қон заңнамасының шамадан тыс кездейсоқтық сипатқа ие екендігін[88,35-39бб.] алға тарта отырып, көші-қон аясындағы нормативтік-құқықтық актілерді бір жүйеге келтіре отырып, Көші-қон кодексін жасауды ұсынады.

Мұндай ұсыныстарды біздің тәжірибеде де қолданған орын деп санаймыз, себебі бізде де көші-қон аясындағы қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілердің саны өте көп. Осыған байланысты болашақта көші-қон қатынастарды реттейтін ережелердің барлығын жүйелі түрде біріктіретін Қазақстан Республикасының Көші-қон кодексін қалыптастыру қажет деп танаймыз.

1.3 Мемлекеттік шекараны заңсыз кесіп өту қылмыстық құқықбұзушылығын саралаудағы мәселелер

Әрине сыртқы көшіп-қонушылармен жасалатын қылмыстық құқықбұзушылықтардың түрлері саналуан, сондықтан олардың барлығына талдау жүргізу мүмкін емес. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының көш-қон заңнамасының ережелерін бұзумен байланысты қылмыстық құқықбұзушылықтарды талдауды жөн санадық.

Қазақстан Республикасының көші-қон заңнамасының ережелерін бұзумен байланысты қылмыстық құқықбұзушылықтар қатарына ҚР Қылмыстық кодексінің «Басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтар» деп аталатын 16-тарауымен қамтылған Қазақстан Республикасының шекарасын қасақана заңсыз кесіп өту (392-бап), заңсыз көші-қонды ұйымдастыру (394-бап) түріндегі қылмыстық құқықбұзушылықтар жатады[89].

ҚР ҚК-нің 392-бабымен қарастырылған қылмыстық құқықбұзушылық үшін қылмыстық жауаптылық белгілейтін ережелердің пайда болуы мен дамуына тарихи-құқықтық талдау жасау арқылы ондағы орын алған өзгерістерді, олардың даму үрдісін анықтауға мүмкіндік аламыз.

Қазақстан аумағында қолданыста болған Қылмыстық заңнамалардың барлығында аталған қылмыстық құқықбұзушылық бойынша ережелер әртүрлі мазмұнда орын алды. Осы жерде біз талдауымызды Кеңес Одағы құрамындағы Қазақстанның аумағында қолданысын тапқан Қылмыстық заңдардан бастаймыз.

Ұлы Қазан революциясынан кейін еліміздің аумағында алғашқы қолданылған кодификацияланған қылмыстық заң 1922 жылы қабылданды. Осы 1922 жылғы РСФСР Қылмыстық кодексінің «Басқару тәртібіне қарсы қылмыстар» атты 2-тарауының 98-тармағында белгіленген паспортсыз немесе сәйкес биліктің рұқсатысыз шетелге шыққандығы және Р.С.Ф.С.Р-на кіргендігі үшін қылмыстық жауаптылық белгіленді[90].

Ал 1926 жылы екінші мәрте қабылданған РСФСР Қылмыстық кодексінде жоғарыда аталған норма сақталды және ол осы Кодекстің «Басқаруға қарсы өзгеде қылмыстар» деп аталатын тарауында орын алды (84-тармағы). Сонымен қатар бұл норманы қолданудағы кейбір ерекшеліктер белгіленді, атап айтқанда РСФСР Конституциясының 12-бабында белгіленген ережелерді жүзеге асыру мақсатында, саяси қызметі (революциялық-бостандық алу қызметі) немесе діни наным-сенімі үшін қудаланған шетелдік тұлғалар баспана құқығын алу үшін Кеңес Одағының аумағына сәйкес рұқсатсыз немесе паспортсыз келген жағдайларда аталған норманың ережелері қолданылуға жатпады[91]. Алдыңғы 1922 жылғы РСФСР ҚК-нің нормасымен салыстырғанда 1926 жылғы ҚК-те заңшығарушы аталған қылмыс түрін жасағаны үшін тағайындалатын жаза түрі қатаңдату саясатын ұстанды, яғни 1 жылдан 3 жылға дейінгі мерзімге лагерге жіберу көзделді.

Ал 1959 жылы қабылданған алғашқы ҚазССР Қылмыстық заңында аталған қылмыс құрамы мемлекетке қарсы өзге де қылмыстар қатарында қарастырылды (69-бап)[92]. Алдыңғы қолданыста болған қылмыстық заңдардағы нормалармен салыстырғанда, ҚазССР ҚК-дегі аталған қылмыс құрамына қатысты кейбір ерекшеліктер орын алды, атап айтқанда қылмыс құрамының объективтік жағында шетелге шығу, КСРО аумағына кіру қылмыстық әрекеттерімен қатар шекараны өту деген жаңа қылмыстық әрекет түрі пайда болды. Сонымен бірге белгіленген паспортсыз немесе арнайы рұқсатсыз саяси баспана алу үшін КСРО аумағына келген шетелдік тұлғаларға қатысты аталған қылмыстық-құқықтық норманың қолданылмайтындығы туралы ереже сақталып қалынды.

Ал 4 маусым 1984 жылғы ҚазССР Жоғарғы Кеңесінің Жарлығымен аталған қылмыстық құқықтық нормаға енгізілген өзгерістерге сәйкес аталған қылмыс түрінің сараланған құрамы, яғни жоғарыдағы әрекеттерді қайталағаны үшін қылмыстық жауаптылық белгілейтін норма пайда болды. Ал жәй құрамы үшін тағайындалатын жаза түрі бұрынғыдай сақталып қалынды, тек сараланған құрамы үшін екі жылдан бес жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы тағайындау қарастырылды.

Қазақстан тәуелсіздік алған жылдары ҚазССР ҚК-нің бірқатар нормалары кейбір өзгерістерді қоса алғанда әліде болса, өзінің қолданысын тапты.

Ал тәуелсіз Қазақстанның 1997 жылғы алғашқы Қылмыстық заңында аталған қылмыс құрамы басқару тәртібіне қарсы қылмыстар қатарында қайта қарала бастады және алдыңғы қылмыстық заңдармен қарастырылған аталған қылмыс құрамдарымен салыстырғанда елеулі өзгерістерге ұшырады. 1997 жылғы ҚР ҚК-нің 330-бабына сәйкес енді мемлекеттік шекараны әдейі заңсыз өткені үшін ғана қылмыстық жауаптылық қарастырылды[93]. Бұрынғыдай мемлекет аумағынан рұқсатсыз немесе шетелдік паспортсыз шыққаны үшін қылмыстық жауаптылық қарастырылмады. Бұл әрине Кеңес Одағы дәуірінде орын алған «темір жапқыш» саясатымен тығыз байланысты болды, яғни ол кезеңде КСРО азаматы шетелге өз бастамасы бойынша шыға алмады, тек турист ретінде, не болмаса іссапармен, не болмаса басқа мемлекеттердің шақыртуымен ғана шетелге шыға алды. Тек ХХ ғасырдың 90-жылдарының басында ғана КСРО азаматтарына шетелге шығуға рұқсат беріле бастады.

Сондай-ақ осы қылмыс түрі үшін қарастырылған жаза түрлерінің бірі ретінде бас бостандығынан айыру жазасынан басқа, айыппұл түріндегі жаза қарастырылды және бас бостандығынан айыру жазасының мерзімі екі жылға дейін қысқартылды, бұл дегеніміз отандық заңшығарушы тарапынан аталған қылмыс үшін жаза тағайындауда ізгіліктендіру қағидасын басшылыққа алғанын білдіреді.

1997 жылғы ҚР ҚК-нің 330-бабының атауында және оның 1-тармағының диспозициясында «күзетілетін» термині отандық заңшығарушылармен қолданылған болатын. Алайда «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне заңсыз көші-қон мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңымен аталған термин 1997 жылғы ҚР ҚК-нің 330-бабынан алынып тасталды[94]. Әрине аталған терминді қолданатын болсақ, «күзетілмейтін» Мемлекеттік шекара болама деген ой туындауы және сәйкесінше осы қылмыстық-құқықтық норманы қолдану аясын тарылтуы мүмкін, сондықтан осындай талдауға жол бермеу үшін отандық заңшығарушылармен дер кезінде жасалған өзгерістері орынды деген ойдамыз.

Аталған қылмыстың саралаушы құрамында да елеулі өзгерістер орын алды, атап айтқанда 1997 жылғы ҚР ҚК-нің 330-бабының 2-тармағына сәйкес адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша немесе ұйымдасқан топпен, не күш қолданумен немесе оны қолданбақ болып жасалған әрекет саралаушы құрам ретінде белгіленді[93], алдыңғы қолданыста болған қылмыстық құқықтық нормада саралаушы құрам ретінде қылмыстық әрекеттерді қайта

жасау қарастырылған болатын[93].

Алайда 1959 жылғы Қазақ КСР Қылмыстық заңында да, 1997 жылғы ҚР Қылмыстық заңында да аталған қылмыс құрамының белгілейтін норманың диспозициясында Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттері орналасқан жерлерден тысқары орындардан өткендігі үшін қылмыстық жауаптылық белгілеу мәселесі қарастырылмады. Мұндай әрекеттер әкімшілік құқықбұзушылықтар қатарына жатқызылды. Осындай жолмен Мемлекеттік шекараны кесіп өту фактілерінің көп орын алғандығын, өзге қылмыс түрлерін жасауға ыңғайлы жағдай тудыратындығын, сондай-ақ қылмыс жасау үшін ғана елге келетін қылмыскерлерге кіріп-шығуына оңтайлы да, ыңғайлы да (тек әкімшілік жауаптылықпен ғана құтылып кететіндігін) екендігін ескеретін болсақ, ондай әрекеттің қоғамға қауіптілік дәрежесінің арта түскендігін байқауға болады. Сондықтан отандық заңшығарушылар жоғарыда аталған кемшіліктерді жою мақсатында жұмыстар жасады, Ал 2014 жылы қабылданған ҚР Қылмыстық заңында аталған кемшіліктер орын алған жоқ.

2014 жылы екінші мәрте қабылданған ҚР Қылмыстық заңында бұл қылмыстық құқықбұзушылық түрі сақталып қалынды, алайда мазмұны елеулі өзгерістерге ұшырады. Талданып жатқан қылмыстық құқықбұзушылық құрамы 2014 жылғы ҚР ҚК-нің 392-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінен тысқары жерден қасақана заңсыз кесіп өту, сол сияқты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасының көрсетілген пункттерінен жалған құжаттар арқылы немесе үшінші тұлғалардың жарамды құжаттарын алдап пайдалана отырып, сол сияқты белгіленген тәртіпті бұза отырып қасақана заңсыз кесіп өту ретінде белгіленді[89].

Бұл қылмыстық құқықбұзушылық құрамын саралау мәселесіне тоқтала кетейік. Қарастырылып жатқан қылмыстық құқықбұзушылық құрамын саралауды оның объектісінен сипаттаудан бастау қажет, себебі қылмыстық құқықбұзушылық объектісі кез келген қылмыстық құқықбұзушылық құрамының маңызды белгілерінің бірі болып табылады және оның көмегімен әртүрлі қоғамға қауіпті іс-әрекеттерді бір-бірінен ажырату, қылмыстық құқықбұзушылықтың сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесін анықтауға мүмкіндігіне ие боламыз. Н.И. Загародниковтың пікірінше, қылмыстың объектісі, оның мазмұнын толығымен алғанда қылмыс құрамын қалыптастыру үшін шешуші маңызға ие[95,22-23бб.].

Қылмыстық құқық ғылымында қылмыстық құқықбұзушылық объектісінің түсінігін анықтау бойынша ғалымдардың арасында бірыңғай пікір тудырмаған, даулы мәселелердің бірі болып табылады. Сонымен қатар қылмыстық құқықбұзушылық объектісінің заңнамалық анықтамасы да берілмеген, тек ҚР ҚК-нің 2-бабында қылмыстық құқықтық қорғалуға жататын объектілер тізімінде ғана белгіленген. Бұл жағдайда қылмыстық құқықбұзушылық объектісінің түсінігіне қатысты әртүрлі ғылыми көзқарастардың қалыптасуына ықпалын тигізуде. Сондықтан да қылмыстық құқықбұзушылықтың объектісіне қатысты бірнеше ілім қалыптасқан. Осындай ілімдердің ішінен қылмыс

жасаушы тұлғамен қол сұғылатын және оның нәтижесінде елеулі зиян келтірілетін немесе келтірілуі мүмкін әлеуметтік маңызы бар құндылықтарды (мүдделерді) қорғауды қамтамасыз ететін, қылмыстық заңмен реттелетін қоғамдық қатынастар ретінде қылмыстық құқықбұзушылық объектісін[96] қарастыратын ілімді біз ұстанамыз.

Сонымен бірге қылмыстық құқықбұзушылық объектісін түрлерге жіктеуде де бірыңғай көзқарастың жоқтығын да айта кету қажетті. Мысалы А.В. Витвицкий қылмыс объектісін «тігінен» келесі түрлерге бөлуді ұсынды: жалпы, типтік (кешенді), тектік (топтық, арнайы), түрлік (кіші топтық) және тікелей (нақты)[97,1346.].

Ал Р.В. Хомутов жалпы, интеграцияланған, тектік, түрлік және тікелей деп жіктеуді ұсынды[98,596.]

Алайда ғалымдардың көпшілігі қылмыстық құқықбұзушылық объектісін әдетте жалпы, тектік, түрлілік және тікелей деп жіктейді[99,826.].

Бізде талдап жатқан қылмыстық құқықбұзушылықтың объектісін осы аталған жіктеуді негізге ала отырып талдайтын боламыз.

Аталған әдеттегі жіктеудегі тектік объектінің көмегімен ҚР Қылмыстық заңнаманың Ерекше бөлімін сәйкес тарауларға бөлеміз, ал ол тараулар болса, осы қылмыстық заңмен қорғалатын біртекті қоғамдық қатынастардан тұратын бірнеше топты біріктіреді. Қарастырылып жатқан қылмыстық құқықбұзушылықтарды заңшығарушы «Басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтар» атты ҚР ҚК-нің 16-тарауына біріктірген. Осыған байланысты ҚР ҚК-нің 392-394-баптарындағы қылмыстық құқықбұзушылықтардың тектік объектісі ретінде мемлекеттік басқаруды жүзеге асырумен байланысты қоғамдық қатынастарды қарастыруға болады.

Отандық ғалымдардың арасында ҚР ҚК-нің 392-бабымен қарастырылған қылмыстық құқықбұзушылықтың тікелей объектісіне қатысты да бірыңғай пікір жоқ. Бір авторлар жеке тұлғалармен Мемлекеттік шекара кесіп өту тәртібін белгілейтін Мемлекеттік шекара режимін қарастырса[100,4216.;101], келесі авторлар КСРО Мемлекеттік шекарасына қолсұғылмаушылықты қарастырады[102,646.]. Ал келесі авторлар басқару аясындағы бірқалыпты қызметті қарастырады[103,3236.].

Осы қылмыс құрамының тікелей объектісіне қатысты ресейлік ғалымдардың пікірлері де әртүрлі. Бір ғалымдар тобы РФ-ның Мемлекеттік шекарасын кесіп өтудің белгіленген тәртібі деп таныса[104,7046.;105,90-9166.], басқа ғалымдар тобы басқару тәртібінің құрамдас бөлігі ретінде Ресей Федерациясының Мемлекеттік шекарасына қолсұғылмаушылықты[106,6496.;107,5986.] қарастырған.

Ал В.И. Земцовтың пікірінше, РФ ҚК-нің 322-бабымен белгіленген қылмыстың тікелей объектісі мемлекеттік шекараның нақты және потенциалды сыртқы және ішкі қауіптерден қорғалу жағдайы ретінде түсінуге болатын мемлекеттің шекаралық қауіпсіздігі болып табылады[108,140-14166.].

Сонымен аталған қылмыстық құқықбұзушылық құрамының тікелей объектісіне қатысты айтылған пікірлерді келесідей топтарға жіктеуге болады:

- 1) Мемлекеттік шекара режимі;
- 2) Мемлекеттік шекараға қолсұғылмаушылық;
- 3) мемлекеттің шекаралық қауіпсіздігі;
- 4) Мемлекеттік шекараны кесіп өту тәртібі.

Осы қылмыстық құқықбұзушылықтың тікелей объектісін анықтау бойынша аталған ғылыми пікірлердің қайсысы ҚР ҚК-нің 392-бабының диспозициясының мазмұнына сай келеме деген сұраққа жауап беріп көрейік.

Мемлекеттік шекара режимінің түсінігін ашу үшін 16 қаңтар 2013 жылғы «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 12-бабының 2-тармағындағы ережелерге арқа сүйейміз. Атап айтқанда аталған Заңның 12-бабының 2-тармағына сәйкес Мемлекеттік шекара режимі:

1) Мемлекеттік шекараны (Каспий теңізіндегі Мемлекеттік шекара учаскесін қоспағанда) күтіп-ұстау;

2) Мемлекеттік шекараны кесіп өту;

3) Мемлекеттік шекара арқылы адамдарды, көлік құралдарын, жүктер мен тауарларды өткізу;

4) шекаралық белдеуге кіру, онда уақытша болу, тұру, жүріп-тұру және шекаралық белдеудің үстінен ұшуды жүзеге асыру;

5) шаруашылық, кәсіпшілік немесе өзге де қызметті жүргізу, қоғамдық-саяси, мәдени немесе өзге де іс-шараларды өткізу;

6) шекарадағы тосын оқиғаларды шешу тәртібін қамтиды[109]. Бұл жерден біз «Мемлекеттік шекара режимі» ұғымы «Мемлекеттік шекараны кесіп өту» ұғымын және өзге де ұғымдарды біріктіретін кең ұғым екендігін байқай аламыз. Сондықтан Мемлекеттік шекара режимін ҚР ҚК-нің 392-бабында қарастырылған қылмыстық құқықбұзушылықтың тікелей объектісі ретінде қарастыра алмаймыз.

Мемлекеттік шекараға қолсұғылмаушылықты аталған қылмыстық құқықбұзушылық құрамының тікелей объектісі ретінде тану идеясында қолдай алмаймыз. Себебі «Мемлекеттік шекараға қолсұғылмаушылық» ұғымы да кең ұғым болып табылады. Осы жерде Н.П. Старожилованың пікірін келтіре кетейік, шекараның бұзылмайтындығы қағидасын елеулі бұзудың бір түрі мемлекеттік шекараға қолсұғушылық болып табылады. Ол халықаралық келісім-шарттармен белгіленген немесе тарихи қалыптасқан мемлекеттік шекараның сызығының жағдайын өзгерту мақсатында шекаралас мемлекеттердің біреумен жасалатын әрекетінен немесе оның талабынан тұрады. Сондай-ақ аталған қағиданы бұзу ретінде мемлекетпен белгіленген шекарасынан кесіп өту ережесін бұзуды да қарастыруға болады[110]. Сонымен қатар келесі автор, Мемлекеттік шекараға қолсұғылмаушылықты аталған қылмыстық құқықбұзушылық құрамының тікелей объектісі ретінде қарастыруға қарсылығын білдіре отырып, келесідей пікірін білдірді: қылмыстық әрекеттер шекараның қолсұғылмаушылығына емес, оны белгіленген тәртіпке қайшы кесіп өтуге бағытталған, яғни аталған қылмыстың тікелей объектісі түрлік объектіге негізделі отырып анықталады, ал түрлік

объектісі болып басқару тәртібі табылады[105,90б.].

Сондай-ақ «қолсұғылмаушылық» сөзінің орыс тіліндегі аудармасының «қорғалу», «сақталу», «қасиетті», «қол тигізбеу» және т.б. сияқты бірқатар синонимдері қолданылады[111], сондықтан Мемлекеттік шекараға қатысты аталған ұғымды қолдану орынсыз деп санаймыз.

«Мемлекеттің шекаралық қауіпсіздігі» ұғымын да қолдану орынсыз. Өйткені «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 2-бабының 27-тармақшасына сәйкес шекара қауіпсіздігі – шекаралық кеңістікте жеке адамның, қоғамның және мемлекеттің саяси, экономикалық, ақпараттық, гуманитарлық және өзге де мүдделері қорғалуының жай-күйін білдіретін Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздігінің құрамдас бөлігі[109] болып табылады. Бұл жерде де «Мемлекеттің шекаралық қауіпсіздігі» ұғымы кең ұғым ретінде ашылған және мұндай жағдайда, яғни шекаралық қауіпсіздік мемлекеттік қауіпсіздіктің бір бағыты ретінде қарастырылғандықтан, аталған қылмыстық құқықбұзушылық мемлекеттік қауіпсіздікке қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтар қатарынан орын алады.

Бірқатар авторлар осы қылмыстық құқықбұзушылық түрін мемлекеттік қауіпсіздікке қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтар қатарына жатқызу туралы ұсыныстарын білдірген болатын. Өздерінің мұндай уәждерін мемлекеттік шекара режимін қамтамасыз ету бойынша қызмет мемлекеттік басқарумен байланысты емес қызмет түрі дегенмен байланыстырады[112,11-12бб.]. Осыған ұқсас пікірді А.А. Иллюкте білдірген болатын: мемлекеттік шекараны заңсыз кесіп өткендігі үшін қылмыстық жауаптылық белгілейтін ереже мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, ал ол ереже басқару тәртібіне қарсы қылмыстар қатарында қарастырылған. Мемлекеттік шекара режимін қамтамасыз ету мемлекетті басқарумен байланысты қызмет болып табылмайды. мемлекеттік шекара басқару ұызметінің объектісі ғана емес, ол мемлекеттің маңызды белгісі, олсыз бір бір мемлекет орын алмайды. Сондықтан қылмыстық жауаптылықтың ол түрін мемлекеттің қауіпсіздігіне қарсы қылмыстардың қатарына жатқызу қажет, өйткені мемлекеттің қауіпсіздігі ең алдымен шекаралық қауіпсіздік болып табылады[113,168б.]. Әрине осындай жағдайдың аталған қылмыстық құқықбұзушылық түрін белгілейтін нормалардың даму тарихын талдау кезінде орын алғандығын көрсеткен болатынбыз, дәлірек айтқанда 1959 жылғы ҚазССР Қылмыстық кодексінде аталған қылмыс құрамы мемлекетке қарсы өзге де қылмыстар қатарында белгіленген болатын. Алайда отандық заңшығарушылар кейін қабылдаған Қылмыстық заңдарда талданып жатқан қылмыстық құқықбұзушылық түрін қайтадан басқаруға қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтар қатарында қарай бастады.

Сондай-ақ Мемлекеттің шекаралық қауіпсіздігін аталған қылмыстық құқықбұзушылықтың тікелей объектісі ретінде қарастыру туралы пікірге қарсы пікірлер де бар, атап айтқанда М.Н. Ахмедов мұндай пікірдің даулы екендігін көрсете келе, шекараны заңсыз кесіп өткен кезде ең алдымен Ресей Федерациясының аумағына кіруді басқару тәртібіне қол сұғады, ал шекара

қауіпсіздігін жол жөнекей, жанама түрде бұзады дейді[105,90б.].

Ал авторлардың көпшілігі Мемлекеттік шекараны кесіп өту тәртібін сақтаумен байланысты қоғамдық қатынастарды аталған қылмыстық құқықбұзушылықтың тікелей объектісі ретінде қарастыру қажет деген пікірді ұстанады және біз мұндай пікірлерді орынды деп санаймыз.

Аталған қылмыстық құқықбұзушылық құрамы оның объективтік жағымен де ерекшеленеді және оны ҚР ҚК-нің 392-бабының 1-тармағының диспозициясында белгіленген белсенді әрекеттер құрайды. Ол ҚР Мемлекеттік шекарасын кесіп өтуден, яғни іс жүзінде шекарадан өтуден тұрады.

ҚР ҚК-нің 392-бабының аталған ережесіне назар аударатын болсақ, ҚР Мемлекеттік шекарасын кесіп өту заңсыз түрде жүзеге асуы тиіс, яғни

1) сәйкес жарамды құжаттарысыз және рұқсатысыз Мемлекеттік шекарадан өткізуге арналған бекеттерден тыс кесіп өту;

2) сәйкес жарамды құжаттарысыз және рұқсатысыз Мемлекеттік шекарадан өткізуге арналған бекеттер арқылы кесіп өту;

3) Мемлекеттік шекараны кесіп өту тәртібін бұза отырып кесіп өту.

ҚР Мемлекеттік шекарасын кесіп өту ҚР аумағына кіруден, ҚР аумағынан шығудан және ҚР аумағы арқылы өтуден (транзиттен) тұрады.

Бұрынғы Кеңес Одағына кірген мемлекеттердің қылмыстық заңдарында аталған қылмыстық әрекетті сипаттауда басым көпшілігінде «пересечение-кесіп өту» ұғымы пайдаланылады, ал басқаларында «переход» - өту» (Молдавия[114], Өзбекстан[115]), «шығу», «кіру»(Беларусь)[116] қолданылады, сонымен қатар Қазақ КСР Қылмыстық заңында да аталған қылмыс құрамын сипаттауда «шетелге шығу», «КСРО-на кіру» және «шекарадан өту(переход) ұғымдарын заңшығарушылар қолданған болатын[92]. Сонымен бірге тек Өзбекстан мен Молдованың Қылмыстық заңдарында ғана мемлекеттік шекараны кесіп өтудің түсінігін ашуға тырысқан[114;115], Қазақстанды қоса алғанда қалған мемлекеттерде оның түсінігі ашылмаған. Ал Беларусь заңшығарушылары ондай қылмыстық әрекеттің түсінігін оны жасаудың құралдарының тізімін (өте ұзын тізім) тізбектеу арқылы берген[116].

Сәйкес құжаттары және рұқсаты бола тұра, Мемлекеттік шекарадан өткізуге арналған бекеттерден тыс кесіп өту жағдайлары да орын алуы мүмкін. Бұл әрекетті бірқатар авторлар криминализациялап, мемлекеттік шекараны заңсыз кесіп өтудің бір нысаны ретінде қарастыруды ұсынды[117,198б.]. Тағы бір авторлар Мемлекеттік шекараны заңсыз кесіп өту белгіленбеген құжаттарсыз немесе сәйкес рұқсатсыз ғана емес, сондай-ақ белгіленбеген орындарда, сол сияқты тәртіпті кез келген бұзу арқылы жүзеге асады дейді[118,732б.].

Ал басқа авторлар мұндай әрекетті Әкімшілік құқықбұзушылық туралы Заңға сәйкес саралауды ұсынды[119;120,119б.]. Әрине соңғы пікірмен келісуге болады, себебі сәйкес құжаты және рұқсаты бола тұра белгіленбеген орыннан Мемлекеттік шекараны кесіп өту қоғамға қауіптілігі жеткілікті деңгейде емес, сондай-ақ ондай заңсыз әрекетке қатысты әкімшілік жауаптылық белгілейтін ережені ҚР Әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы кодекстің сәйкес

нормаларында көрсету қажетті. Өйткені бұл заңсыз әрекетке қатысты жауаптылық белгілейтін нормалар қарастырылмаған, сол себепті ҚР Әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы кодекстің 510-бабының 1-тармағын келесідей мазмұндағы 4)-тармақшасымен толықтыруды ұсынамыз:

«4) жеке басын куәландыратын құжаттары бар және арнайы рұқсаты бар тұлғалардың ҚР Мемлекеттік шекарадан өткізуге арналған бекеттен және өзге де орындар арқылы өтуі».

Сонымен бірге аталған қылмыстық құқықбұзушылық құрамының объективтік жағының тағы бір маңызды белгілерінің бірі – қылмыстық әрекеттердің жасалу орны болып табылады.

Бірақатар авторлар аталған қылмыстық құқықбұзушылық түрінің объективтік жағының белгілерін негізгі және қосымша деп бөле отырып, оның қосымша белгілерінің қатарында қылмыстың жасалу орнын қарастырған[112,126.;120,118б.].

ҚР ҚК 392-бабының мазмұнынан аталған қылмыстық құқықбұзушылық жасалу орнымен ерекшеленеді, сәйкесінше оның жасалу орны оның объективтік жағының міндетті белгілерінің бірі ретінде қарастырамыз. Ал оның жасалу орны Мемлекеттік шекара болып танылады.

«Мемлекеттік шекараның» заңи анықтамасы «Мемлекеттік шекара туралы» ҚР Заңының 1-бабында берілген, оған сәйкес ҚР Мемлекеттік шекарасы бұл Қазақстан Республикасы аумағының (құрлығының, суларының, жер қойнауының, әуе кеңістігінің) шектерін айқындайтын сызық пен осы сызық бойынша тігінен өтетін жазықтық және Қазақстан Республикасының мемлекеттік егемендігі қолданылатын кеңістік шегі[109].

Кәзіргі таңда Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясы, Өзбекстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Түркменстан және Қытай Халық Республикасы сияқты бес мемлекетпен ортақ шекарасы бар. Бұл мемлекеттермен Қазақстан Республикасының құрлықтағы Мемлекеттік шекарасының ұзындығы 13402 километрді құраса, су кеңістігіндегі Мемлекеттік шекарасы 1730 километрді құрайды[121].

Мемлекеттік шекарадан өту арнайы белгіленген орындар арқылы жүзеге асуы тиіс. Ондай арнайы орындар ретінде «Мемлекеттік шекара туралы» ҚР Заңында Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттері және өзгеде орындар қарастырылған[109]. Кәзіргі кезде Мемлекеттік шекараның шегінде жалпы саны 101 өткізу пункттері орналасқан, оның 19 авиациялық өткізу пункті, 51 автокөлік өткізу пункті, 27 теміржол өткізу пункті, 3 теңіз өткізу пункті және 1 өзен өткізу пункті[121].

Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттері бұл теміржол, автомобиль вокзалы немесе станциясы, теңіз немесе өзен порты, халықаралық әуежай немесе әуеайлақ шектеріндегі аумақ (акватория), сондай-ақ адамдарды, көлік құралдарын, жүктер мен тауарларды өткізу жүзеге асырылатын тиісті инфрақұрылымы бар, Мемлекеттік шекараға тікелей жақын жерде арнайы бөлінген өзге де жергілікті жер учаскесі[109].

Ал «Мемлекеттік шекара туралы» ҚР Заңының 2-тармағындағы 2017 жыл

5 мамырдағы өзгерістерге сәйкес[122] айрықша жағдайларда адамдарды, көлік құралдарын, жүктер мен тауарларды Мемлекеттік шекара арқылы өткізу жүзеге асырылатын, өткізу пункті болып табылмайтын аумақ (акватория) ретінде Мемлекеттік шекара арқылы өткізу жүзеге асырылатын өзге де орынның анықтамасы берілді және «Мемлекеттік шекара арқылы өткізу жүзеге асырылатын өзге де орын» деген ұғым енгізілді[109]. Осындай өзге орындар арқылы мемлекеттік шекарадан өткізу тәртібі «Мемлекеттік шекара туралы» ҚР Заңының 22-1-бабының ережелерімен қамтылған. Осы аталған бапқа сәйкес Мемлекеттік шекара арқылы өткізу жүзеге асырылатын өзге де орындарда өткізуді Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпті сақтай отырып:

1) төтенше жағдайларды және олардың салдарын жою кезінде жүргізілетін іс-шараларға тартылған кемелерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған басым жобаларды іске асыру шеңберінде тартылған кемелерге;

2) өздерінің салмақтық және (немесе) габариттік өлшемдері бойынша рұқсат етілген нормалардан асатын және автомобиль өткізу пункті арқылы жүріп өте алмайтын, жүгі бар немесе жүгі жоқ автокөлік құралдарына қатысты жүзеге асырады. Осы санаттағы көлік құралдарын өткізу тікелей өткізу пунктіне іргелес жатқан жергілікті жердің учаскесінде жүзеге асырылады;

3) өткізу пунктінің инфрақұрылымы белгіленген бақылау түрлерін жүргізу үшін қажетті уақытқа теміржол көлігі құралдарының аялдау мүмкіндігін қамтамасыз етпейтін не өткізу пунктін ашу экономикалық жағынан орынсыз болған жағдайларда, теміржол көлігі құралдарына қатысты жүзеге асырады. Осы санаттағы көлік құралдарын өткізу қажетті инфрақұрылымы бар, өткізу пунктіне жақын станцияда не жүру жолында жүзеге асырылады;

4) Қазақстан Республикасының шектес мемлекеттермен шекаралық ынтымақтастығының халықаралық орталықтары шегінде Мемлекеттік шекараны кесіп өтетін адамдарға, Мемлекеттік шекара арқылы өткізілетін көлік құралдарына, жүктер мен тауарларға қатысты жүзеге асырады. Бұл ретте Қазақстан Республикасының құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарының қызметкерлерін шектері Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасының учаскелерімен толық немесе ішінара тұспа-тұс келетін арнайы экономикалық аймақ шегінде қызметтік міндеттерді шешу үшін Мемлекеттік шекара арқылы өткізу олардың орналасуына сәйкес келетін Қазақстан Республикасы аумақтық құқық қорғау немесе арнаулы мемлекеттік органының бірінші басшысы (оны алмастыратын адам) қол қойған, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің аумақтық органымен келісілген және Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің осындай арнайы экономикалық аймақтың аумағында қызметін жүзеге асыратын аумақтық бөлімшесіне ұсынылған тізімдер негізінде қызметтік куәліктер бойынша жүзеге асырылады[109].

Алайда бұл орын алған өзгерістер қолданыстағы ҚР Қылмыстық заңының

392-бабының ережелерінде ескерусіз қалды. ҚР ҚК-нің 392-бабында «Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункті» ұғымы ғана қолданысын тапқан. Сондықтан қолданыстағы ҚР Қылмыстық заңын жетілдіру мақсатында ҚР ҚК-нің 392-бабының мазмұнын аталған өзгерістерді ескере отырып өзгерту ұсынылады, атап айтқанда ҚР ҚК-нің 392-бабының 1-тармағын келесідей жаңа мәтінде ұсынамыз:

«1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінен және Мемлекеттік шекара арқылы өткізу жүзеге асырылатын өзге де орындардан тысқары жерден қасақана заңсыз кесіп өту, сол сияқты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасының көрсетілген пункттерінен және өзге де орындардан жалған құжаттар арқылы немесе үшінші тұлғалардың жарамды құжаттарын алдап пайдалана отырып, сол сияқты белгіленген тәртіпті бұза отырып қасақана заңсыз кесіп өту –

шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге бес жыл мерзімге шығарып жібере отырып, бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.».

Біз талдаған қылмыстық істердің басым бөлігінде (зерделенген қылмыстық істердің 60 пайызын) сотталушыларды ҚР Мемлекеттік шекарасында орналасқан өткізу пункттерінен тыс айналмалы жерлер арқылы заңсыз өтуіне ҚР аумағынан тысқары жерге шығарып жіберу туралы ҚР соттарымен шығарылған заңды күшіне енген сот актілерінің болуы итермелеген және мұндай фактілер өте жиі кездеседі. Осындай жағдайлардың болашақта орын алуына жол бермеу үшін ҚР ҚК-нің 392-бабына саралаушы құрам ретінде ҚР ҚК-нің 392-бабының 1-тармағындағы әрекеттерді өзіне қатысты өзіне көрінеу белгілі Қазақстан Республикасына кіруге не Қазақстан Республикасынан шығуға тыйым салу (уақытша шектеу) белгіленген тұлға жасағандығы үшін жауаптылық белгілейтін норма енгізу жоспарлануда[123].

Сондай-ақ бірқатар қылмыстық істерді талдау көрсеткендей, ондай жағдайлардың қатарында белгілі бір міндеттемелерді орындамағаны үшін (алименттік міндеттемелерді, тағайындалған айыппұлды төлемеу және т.б.) өздерінің елдерінде басқа елге шығуға тыйым салатын сот шешімдерінің болуы, өз елдерінің жаңа үлгідегі паспорттарының болмауы, темекі контрабандасы және т.б. орын алған.

Мемлекеттік шекараны заңды түрде кесіп өту үшін өтуші тұлғаның жарамды жеке басын куәландыратын құжаттарымен қатар, кіруге (шығуға) рұқсат беретін жарамды құжаттары болуы тиіс. Бұл құжаттардың шеңбері «Көші-қон туралы» ҚР Заңымен және өзге де заңға сәйкес нормативтік құқықтық актілермен анықталған. Мұндай құжаттар қатарында иммигрант тұлғаның паспорты немесе оны алмастыратын жеке басын куәландыратын құжаттар, ҚР аумағына келуге және ҚР аумағынан кетуге рұқсат беретін виза қарастырылған.

«Көші-қон туралы» ҚР Заңының 1-бабының 3-тармақшасына сәйкес келуге және кетуге берілетін рұқсат (бұдан әрі – виза) – осыған уәкілеттік берілген

Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының көшіп-қонушының паспортындағы немесе оны ауыстыратын құжатындағы белгісі не осыған уәкілеттік берілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының ақпараттық жүйедегі белгісі, ол визада белгіленген уақытқа, мақсаттарда және шарттармен Қазақстан Республикасының аумағына келуге, оның аумағы арқылы жүріп-тұруға, онда болуға және Қазақстан Республикасының аумағынан кетуге құқық береді[33]. Осы жердегі визаның нормативтік құқықтық актілерде көзделген кейбір жағдайларда болуы міндетті емес, бұл әрине келуші иммигранттың елімен Қазақстан Республикасының арасында жасалған келісім-шарттағы иммигранттың Қазақстан Республикасының аумағында болу мерзіміне тікелей байланысты және иммигранттың еліне қарай ҚР аумағында визасыз болу мерзімінің ұзақтығы да әртүрлі. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы қандай мемлекеттермен визасыз режим орнатса, сол мемлекеттердің азаматтары ҚР Мемлекеттік шекарасынан өткен кезде виза талап етілмейді және мұндай мемлекеттердің тізімі «Көшіп келушілердің Қазақстан Республикасына келуінің және онда болуының, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасынан кетуінің қағидаларын және Көші-кон бақылауын жүзеге асыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан заңсыз өтетін, Қазақстан Республикасының аумағында заңсыз болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағына келуге тыйым салынған адамдарды есепке алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 қаңтардағы № 148 Қаулысының ережелерімен анықталған[76].

Сонымен қатар «Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына келуіне шақыруларын ресімдеу, шақыруларын келісу, Қазақстан Республикасының визаларын беру, күшін жою, қалпына келтіру, сондай-ақ олардың қолданылу мерзімдерін ұзарту және қысқарту қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің м.а. 2016 жылғы 24 қарашадағы № 11-1-2/555 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 28 қарашадағы № 1100 бірлескен бұйрықтың 7-тармағында визаның орнына қолдануға болатын құжаттардың тізімі бекітілген, атап айтқанда ондай құжаттар қатарында

- Қазақстан Республикасында аккредиттелген шет мемлекеттердің дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктерінің, консулдық мекемелерінің, халықаралық ұйымдар мен олардың өкілдіктерінің басшыларына, персонал мүшелеріне, сондай-ақ олардың отбасы мүшелеріне ҚР СІМ берген аккредиттеу куәлігі;

- «Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы» Қазақстан Республикасы Заңымен көзделген нысанға сәйкес шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхаты;

- «Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы» Қазақстан Республикасы Заңымен көзделген нысанға сәйкес азаматтығы жоқ адамның куәлігі;

- «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» Қазақстан Республикасы

Кодексімен көзделген нысанға сәйкес шетелдікті Қазақстан Республикасынан шығарып жіберу туралы соттың қаулысы;

- «Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы» Қазақстан Республикасы Заңымен көзделген нысанға сәйкес босқынның жол жүру құжаты[77].

Бұл Бұйрықпен бекітілген визаны алмастыратын құжаттардың тізімінде қылмыстық құқықбұзушылық жасаған шетел азаматтарымен азаматтығы жоқ тұлғаларға қатысты Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерге шығарып жіберу туралы сотпен шығарылған сот үкімі көрсетілмеген. Біздің ойымызша, бұл жағдай заңшығарушы тарапынан жіберілген кемшілік деп танымыз және осындай кемшілікті жою мақсатында аталған Қаулының 7-тармағын келесідей мазмұндағы 4-1)-тармақшасымен толықтырған орынды деп санаймыз:

4-1) Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексімен белгіленген шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тыс шығарып жіберу түріндегі жазаны тағайындау туралы соттың үкімі.

Кейбір авторлар рұқсат беретін құжаттардың қатарында сәйкес органмен рәсімделген заңды тұлғаның немесе жеке тұлғаның шақырту қағазын қарастырған[124,245б.]. Мұндай пікірменде келісуге болмайды, себебі «Көші-қон туралы» ҚР Заңының ережелеріне сәйкес шақырту қағазы виза беру үшін негіз болып табылады[33].

Жоғарыда аталған құжаттарға қойылатын талап, олар жарамды болуы тиіс, яғни ҚР ҚК-нің 392-бабының 1-тармағының мазмұнына сәйкес жалған және басқа тұлғаларға тиесілі болмауы қажет.

Сот тәжірибесін талдау барысында көп жағдайда ҚР Мемлекеттік шекарасын заңсыз кесіп өту кезінде құжаттардың ішінен басқа тұлғаның атына жалған паспорттар жасау фактілері жиі кездеседі және бұл фактілердің барлығы Мемлекеттік шекара пункттерінен өту барысында орын алғандығын ескеру қажет.

Жарамды құжаттардың тізімі Қазақстан Республикасымен басқа мемлекеттер арасында жасалған келісім-шарттармен де анықталуы мүмкін. Сондай келісім-шарттардың бірі «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының шекара маңындағы аумақтары тұрғындарының Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасын кесіп өту тәртібі туралы» Келісімнің 3-қосымшасында шекарада тұратын Қазақстан Республикасының азаматтары үшін де, Ресей Федерациясының азаматтары үшін де аталған құжаттардың арнайы тізімі белгіленген[125]. Мысалы, Ресей Федерациясының азаматтары келесідей құжаттарды ұсына отырып ҚР Мемлекеттік шекарасынан өте алады:

- Ресей Федерациясы азаматының паспорты (шекаралық аумақтың елді мекенінде тұратындығын тіркеу туралы белгі болған жағдайда).

- Ресей Федерациясынан тысқары жерлерде Ресей Федерациясы азаматының жеке басын куәландыратын Ресей Федерациясы азаматының паспорты және Ресей Федерациясының азаматтарын тіркеу есебіне алу

органдары оның шекара маңындағы аумақтың елді мекенінде тұратындығын куәландыратын үй кітапшасынан үзінді көшірме.

- Ресей Федерациясының азаматтығына қатыстылығы көрсетілген тууы туралы куәлік (14 жасқа дейінгі балалар үшін). Кәмелеттік жасқа толмаған адамдардың заңды өкілдерінің бірге жүруінсіз жол жүруі кезінде кәмелетке толмаған адамдардың жол жүруіне көрсетілген өкілдердің нотариалды түрде ресімделген келісімдері[125].

Сонымен бірге жарамды құжаты бола тұра ҚР Мемлекеттік шекарасын кесіп өтуіне тыйым салынған шетел азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалар бар. Ондай тұлғаларға ҚР аумағына кіруге тыйым салатын негіздердің шеңбері «Көші-қон туралы» ҚР Заңының 48-бабында белгіленген:

1) ұлттық қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті және халықтың денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету мүддесі үшін;

2) егер оның іс-әрекеті конституциялық құрылысты күштеп өзгертуге бағытталса;

3) егер ол Қазақстан Республикасының егемендігі мен тәуелсіздігіне қарсы шықса, оның аумағының бірлігі мен тұтастығын бұзуға шақырса;

4) егер ол ұлтаралық, конфессияаралық және діни араздықты қоздырса;

5) егер бұл Қазақстан Республикасы азаматтарының және басқа да адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін қажет болса;

6) егер ұлттық қауіпсіздік органдарында оның экстремизмге немесе террористік іс-әрекетке қатыстылығы туралы мәліметтер болса, сондай-ақ оның әрекеттерінде сот қауіпті түрде қайталанған қылмыс бар деп таныған жағдайда;

7) егер ол Қазақстан Республикасында алдыңғы болған кезеңде қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін қолданылған жазаны өтемеген болса;

8) егер жеке табыс салығы бойынша декларацияны табыс ету Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайда, Қазақстан Республикасында алдыңғы болған кезеңде ол мұндай декларацияны табыс етпеген болса;

9) егер ол, этникалық қазақтарды, Қазақстан Республикасында немесе Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасында туған немесе бұрын оның азаматтығында болған адамдарды және олардың отбасы мүшелерін қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен Қазақстан Республикасында болу және одан кету үшін қажетті қаражатының бар екендігі туралы растауды ұсынбаса;

10) егер ол келу туралы өтініш хат жолдаған кезде өзі туралы жалған мәліметтер хабарлаған болса немесе қажетті құжаттарды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде табыс етпесе;

10-1) егер ол Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өту кезінде дактилоскопиялық ақпарат бойынша жеке басты растау рәсімінен өтуден бас тартса;

11) онда Қазақстан Республикасына келу үшін қарсы айғақтар болып табылатын аурулары болған кезде;

12) егер ол бұрын «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» 1991 жылғы 20 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабы бірінші бөлігінің 8)-тармақшасында көзделген негіздер бойынша Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтса;

13) егер ол бұрын «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» 1991 жылғы 20 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 20-1-бабында көзделген негіздер бойынша Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылса[33].

Сонымен бірге төтенше жағдайлармен байланысты тұлғалардың ҚР Мемлекеттік шекарасын заңсыз кесу әрекеттері аталған қылмыстық құқықбұзушылық құрамын құрамайды. Мұндай төтенше жағдайлардың шеңбері «Мемлекеттік шекара туралы» ҚР Заңының 18-бабының 1-тармағында белгіленген:

1) дүлей зілзалаларға, апаттарға, аварияларға, авариялық жағдайға және адамдардың өміріне немесе денсаулығына, қазақстандық немесе шетелдік кеменің, шетелдік әскери корабльдің, мұз үстімен жылжитын құралдардың, сондай-ақ әуе кемесінің қауіпсіздігіне қатер төндіретін басқа да жағдайларға;

2) қазақстандық немесе шетелдік бүлінген кемені, шетелдік әскери корабльді, мұз үстімен жылжитын құралдарды тіркеп сүйретуге;

3) құтқарылған адамдарды жеткізуге;

4) қазақстандық немесе шетелдік кеменің, шетелдік әскери корабльдің, мұз үстімен жылжитын құралдардың экипаж мүшелеріне немесе жолаушыларына шұғыл медициналық көмек көрсетуге байланысты жағдайлар[33].

Сондай-ақ Қазақстан Республикасы 1998 жылы бастап 1951 жылғы Босқындардың жағдайы туралы Конвенция мен осы Конвенцияның 1967 жылғы Хаттамасына қосылды[65] (әрі қарай – «Босқындар туралы» Конвенция) және аталған Конвенциядағы міндеттемелерді орындау міндетін алды. Осы міндеттемелерін орындау мақсатында Қазақстан Республикасы біраз жұмыстар атқарды: «Босқындар туралы» Заң қабылдады және т.б. Алайда 2021 жылы БҰҰ-ның босқындардың Қазақстандағы жағдайын анықтау мақсатында ұлттық заңнамаға және тәжірибеге қатысты жүргізілген талдауының нәтижесі бойынша аталған міндеттемелерді орындау бойынша Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасына қатысты кейбір кемшіліктерге жол бергендігін анықтаған және оларды жою бойынша ұсыныстар жасаған болатын[126]. Аталған кемшіліктердің қатарында «Босқындар туралы» Конвенцияның 31-бабының 1-тармағында бекітілген ережені сақтамау орын алған. Аталған ережеге сәйкес «Келісуші Мемлекеттер 1-бапта көрсетілгендей тұрғылықты мекенінің өмірге және бостандығына қауіпті болуына байланысты заңсыз кірген немесе заңсыз және Келісуші Мемлекеттің тарапынан рұқсат алмай жүрген босқындарға егер олар өзінің заңсыз келу себебін уақыт өтпестен жергілікті билікке хабарлаған болса және қанағаттандырарлық түсініктеме берген болса, оларға айып төлем салмайды.»[65]. Бұл ереже ҚР Қылмыстық және Әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы заңдарында орын алмаған. Сәйкесінше босқындар мен пана іздеуші тұлғалар ҚР Мемлекеттік шекарасын

заңсыз өткен жағдайда қылмыстық немесе әкімшілік жауаптылыққа тартылуда. Мұндай фактілер тәжірибеде де орын алуда. Мысалға Қазақстанда қоғамда дау туғызған қылмыстық істердің бірін келтіруге болады, атап айтқанда 2018 жылы С. Сауытбайға қатысты қозғалған қылмыстық істі[127], сондай-ақ 2019 жылы К. Мұсаханұлы мен М. Әлімұлына қатысты қозғалған қылмыстық істерді[128] келтіруге болады. Аталған тұлғалар ҚХР азаматтары, этникалық қазақтар болып табылады және оларға ҚР Мемлекеттік шекарасын заңсыз өткені үшін ҚР ҚК-нің 392-бабының 1-тармағы бойынша қылмыстық іс қозғалған. С. Сауытбайға сот үкімі шығып, қылмыстық жаза тағайындалған болатын[127].

БҰҰ жоғарыда аталған талдауы бойынша босқындар мен пана іздеушілер Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын заңсыз кесіп өткен жағдайда, жалған құжаттар пайдаланған және оның амуағына заңсыз келген жағдайда оларды әкімшілік және қылмыстық жауаптылықтан босату туралы қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзгерістер енгізуді Қазақстан Республикасына ұсынды[126].

Осындай жағдайға қатысты басқа мемлекеттердің тәжірибесін талдайтын болсақ, Грузия[129], Өзбекстан[115], Түрікменстан[130], Қырғызстан[131], Беларусь[116], Азербайджан[132], Молдова[114] және т.б. мемлекеттердің Қылмыстық заңдарында аталған қылмыс үшін жауаптылық белгілейтін нормасына ескертпе ретінде саяси пана алуға келген тұлғалар мен босқындар мемлекеттік шекараны заңсыз кесіп өткен жағдайда аталған қылмыстық құқықтық норманың оларға қатысты қолданылмайтындығы туралы ереже көрсетілген. Осы аталған мемлекеттердің бірқатары бұл мәселені конституциялық деңгейде қарастырған.

Сонымен қатар бұл мемлекеттердің қылмыстық заңдарындағы аталған ескертпелерді талдау көрсеткендей, олардың басым көпшілігінде тек саяси пана берумен ғана шектелген, ал қалған өзге негіздер бойынша пана іздеушілер мемлекеттік шекараны заңсыз кесіп өткені үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылуы мүмкін және мұндай жағдай пана іздеушілерді теңсіздік жағдайында қалдырады. Осы жағдайға қатысты «Босқындар туралы» ҚР Заңының ережелеріне назар аударатын болсақ, «саяси пана» деген ұғым қолданылмайды, тек қана «пана» деген жалпы ұғым қолданылады, сондай-ақ пана алып босқын мәртебесін алу үшін саяси нанымнан басқа нәсілдік, ұлттық, діни сенімі, азаматтық белгісі, белгілі бір әлеуметтік топқа жататындығы бойынша қудалаудың құрбаны болу қаупінің орын алуы қажеттілігі қарастырылған[75].

Айта кетейік 1997 жылғы ҚР Қылмыстық заңы қолданысқа енгізілгенге дейін Қазақ КСР Қылмыстық кодексінің аталған қылмыстық әрекет үшін жауаптылық белгілейтін 69-бабына ескертпе ретінде келесідей ереже белгіленген болатын: «Осы бап Қазақстан Республикасының Конституциясында берілген пана алу құқығын пайдалану үшін белгіленген паспортсыз немесе рұқсатсыз шетел азаматтары Қазақстан Республикасының аумағына келген жағдайда қолданылмайды»[92]. Алайда 1998 жылы 1 қаңтарда заңды күшіне енген ҚР Қылмыстық кодексінде аталған ескертпе түріндегі ереже қарастырылмады[93].

Сонымен Қазақстан Республикасымен 1951 жылғы «Босқындардың жағдайы туралы» Конвенция мен осы Конвенцияның 1967 жылғы Хаттамасындағы міндеттемелерін орындалуын қамтамасыз ету мақсатында, аталған жағдайға қатысты БҰҰ-ның берген ұсынысы негізінде, халықаралық тәжірибені және Босқындар туралы» ҚР Заңының ережелерін ескере отырып, ҚР Қылмыстық кодексінің 392-бабына ескертпе ретінде келесідей мәтіндегі ережені белгілеуді ұсынамыз:

«Ескертпе. Қазақстан Республикасының аумағына баспана алу мақсатында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өту тәртібін қасақана бұза отырып келген пана іздеуші және босқын мәртебесіне ие шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғаларға, егер олардың іс-әрекетінде осы Кодекстің Ерекше бөліміндегі нормалармен белгіленген өзге қылмыстық құқықбұзушылықтардың белгілері анықталмаса, осы баптың ережелері қолданылмайды.».

ҚР ҚК 492-бабында қарастырылған қылмыстық құқықбұзушылықтың субъективтік жағына тоқтала кетейік. Қылмыстық құқық ілімінде қылмыстық құқықбұзушылықтың субъективтік жағын кінә түріндегі міндетті белгісі құрайды, сонымен қатар кейбір қылмыстық құқықбұзушылықтар үшін субъективтік жағының қосымша белгілері ретінде оның мақсаты және себебі қарастырылған.

Біз талдап жатқан қылмыстық құқықбұзушылықтың субъективтік жағы кінәнің тікелей қасқаналық нысанымен сипатталады. Ал мақсаты мен себебінің қарастырылып жатқан қылмыстық құқықбұзушылық үшін маңызы жоқ.

Ю.А. Красиков Мемлекеттік шекараны қасақана заңсыз кесіп өту қылмысы жасалған кезде оның мақсаты мен себебі әдетте жеке бастық-тұрмыстық сипатта болады деген пікір білдірді[133,68б.].

ҚР ҚК-нің 392-бабындағы қылмыстық құқықбұзушылықтың субъектісі жалпы субъекті: 16 жасқа толған, ақыл-есі дұрыс жеке тұлға болып табылады. Көп жағдайда аталған қылмыстық құқықбұзушылықты жасаушы тұлғалар қатарында шетел азаматтары кездеседі, кейбір жағдайларда азаматтығы жоқ тұлғаларда орын алған. Сонымен қатар ҚР азаматтары да көршілес мемлекеттерге шығу кезінде аталған қылмыстық құқықбұзушылықты жиі жасайды және оны жасауға итермелеуші фактор ретінде ҚР аумағынан шығуға салынған тыйымдар болып табылады.

Шетелдік тәжірибені қарастыратын болсақ, бірқатар мемлекеттердің қылмыстық заңдарында мемлекеттік шекараны заңсыз кесіп өтумен байланысты қылмыстық құқықбұзушылықтың саралаушы құрамының бір белгісі ретінде арнайы субъектілермен жасалған іс-әрекеттер қарастырылған. Мысалы:

- осы қылмыс түрін қайталап жасаған және ол үшін бұрын сотталған тұлға (Беларусь[116], Өзбекстан[115] Түркменстан[130]);

- шетел азаматы, азаматтығы жоқ тұлға, ел аумағына кіруге тыйым салу мерзімі аяқталғанға дейін елге келген, елден депортацияланған немесе шығарылған шетел азаматы, азаматтығы жоқ тұлға (Беларусь[116],

Өзбекстан[115]);

- аталған қылмыс түрін лауазымын пайдалана отырып жасаған лауазымды тұлға (Беларусь[84]);

- шетелге шығуы арнайы келісімді қажет ететін лауазымды тұлға (Өзбекстан[115]).

Ал Украинаның Қылмыстық заңында ондай арнайы субъект аталған қылмыс түрінің жәй құрамында қарастырылған және оларға елге келуге тыйым салынған тұлғалармен қатар агрессор-мемлекеттің әскери күштерінің немесе өзгеде күштік ведомстволарының бөлімдерінің өкілдері жатқызылған[134].

ҚР ҚК-нің 392-бабына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың жобасында да арнайы субъектілерді қарастыратын саралаушы белгілер қарастырылған. Атап айтқанда осы баптың 1-тармағындағы диспозициясындағы әрекеттерді қайта жасаған тұлғалар және өзіне қатысты ҚР аумағына кіруге тыйым салынғандығын білетін тұлғалар мен өзіне қатысты ҚР аумағынан шығуға тыйым салынғандығын білетін тұлғалар. Осы жердегі ҚР аумағына кіруге тыйым салынған тұлғалар қатарына шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалар жатқызуға болады.

Талданып жатқан қылмыстық құқықбұзушылықтың саралаушы құрамына тоқтала кетейік. ҚР ҚК-нің 392-бабының 2-бабында саралаушы белгілері ретінде

- қылмыстық топ жасаған дәл сол іс-әрекеттер;

- күш қолдана отырып жасалған дәл сол іс-әрекеттер;

- күш қолдану қатерін төндіре отырып жасалған дәл сол іс-әрекеттер қарастырылған[89].

Осы 2014 жылғы ҚР Қылмыстық кодексі қабылданғанға дейін қолданыста болған 1997 жылғы ҚР ҚК-нің 330-бабының 2-тармағында адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша немесе ұйымдасқан топпен жасалған әрекеттер саралаушы құрам ретінде қарастырылған болатын. Заңшығарушы аталған саралаушы құрамды қалыптастыруда кейбір кемшіліктерге жол берген, яғни алдын ала сөз байласуы бойынша немесе ұйымдасқан топпен жасалған әрекеттер сияқты ауырлатушы мән-жайларды бір жерге біріктірген. Ғалымдардың пікірінше, аталған ауырлатушы мән-жайлардың олай бір жерде орналасуы дұрыс емес. А.В. Иванчин саралаушы қылмыс құрамын қалыптастыруға қатысты келесідей ұсынысын білдірген болатын: сараланған қылмыс құрамдарын құрастырған кезде заңшығарушы саралаушы белгілерді мазмұндаудың «блоктық» қағидасын ұстануы қажет, яғни көлденең (бір баптың шегінде) бойынша да, сондай-ақ тігінен (саралаушы белгілерден аса саралаушы белгілерге өту) бойынша да саралаушы белгілердің тұрақты үйлестерін бекітуі керек[135,291б.]. Ал Т.Н. Уторованың пікірінше, жалпы тәртіп бойынша «адамдар тобының алдын ала сөз байласуы» белгісін саралаушы құрамда ал «ұйымдасқан топпен жасалған әрекеттер» белгісін аса саралаушы құрамда қарау қажет және бұл белгілерді бір бөлікте көрсету қылмыстық жазаларды және қылмыстық-құқықтық сипаттағы шараларды әділетсіз тағайындауға әкеледі[136].

Бұл аталған кемшілікті отандық заңшығарушылар 2014 жылғы ҚР ҚК-нің 392-бабының саралаушы құрамын қалыптастыруда ескерген болатын және «қылмыстық топ жасалған іс-әрекет» түріндегі мән-жайды саралаушы құрам белгісі ретінде қарастырды. Алайда «алдын ала сөз байласа отырып адамдар тобымен жасау» саралаушы құрамнан мүлдем алынып тасталды. ҚР ҚК-нің 392-бабы бойынша сотпен шығарылған (2015-2023 жылдар аралығында шығарылған) үкімдерді талдау көрсеткендей[137], аталған әрекетті алдын ала сөз байласа отырып адамдар тобымен жасау фактісінің өскендігін байқауға болады. Сондықтан кәзіргі таңда аталған саралаушы мән-жайды ҚР ҚК-нің 392-бабына қайтару бойынша Заң жобасы талқылануда[138]. Осы жоба аясында ҚР ҚК-нің 392-бабының құрылымында саралаушы құрам (1-1-бап) және аса саралаушы құрам қарастырылуда[138]. Саралаушы құрамда алдын ала сөз байласа отырып адамдар тобымен жасалған әрекет қаралса, аса саралаушы құрамда қылмыстық топпен жасалған әрекет қаралуда және жоғарыдағы қылмыстың саралаушы құрамдарын қалыптастыру туралы пікірлерді ескеретін болсақ, заңшығарушының мұндай ұсыныстары өте орынды. Сонымен қатар саралаушы құрамға қатысты жобада аталған мән-жайдан басқа сол әрекеттерді бірнеше рет жасау және жоғарыда айтып кеткеніміздей, өзіне қатысты өзіне көрінеу белгілі Қазақстан Республикасына кіруге не Қазақстан Республикасынан шығуға тыйым салу (уақытша шектеу) белгіленген тұлғаның сол әрекетті жасауы қарастырылған[138].

Сонымен қатар ҚР ҚК-нің 2-тармағындағы саралаушы мән-жайлар қатарында «күш қолдана отырып жасау» және «күш қолдану қатерін төндіріп жасау» сияқты қылмыстық құқықбұзушылықты жасау тәсілдерінен тұратын мән-жайлар қарастырылған. Осы саралаушы құрам орын алған кезде талданып жатқан қылмыстық құқықбұзушылықтың қосымша тікелей объектісі пайда болады және ол адамның денсаулығы түрінде орын алады. А.Н. Чертковтың бұл жердегі күш қолдану ретінде адамның денсаулығына қасақана ауыр зиян келтіру түріндегі күш қолданудан басқа адамның өмірі мен денсаулығы үшін қауіпті емес, сондай-ақ қауіпті күш қолдануды қарастырған[139,100-111бб.]. Отандық ғалымдар да аталған қылмыстық құқықбұзушылықтың сараланған құраманыдағы күш қолдануға денсаулыққа ауыр зиян келтіруден басқа, күш қолданудың барлық түрін жатқызуға болады деген түсінік берген[100,424б.]. Яғни денсаулық ауыр қасақана зиян келтірілген жағдайда қылмыстық құқықбұзушылықтың жиынтығы бойынша ҚР ҚК-нің 106-бабымен қоса сараланады.

Ал жәбірленушіге күш қолдану қауіпін тудыру өмірі мен денсаулығына кез келген зиянды келтіремін деп психикалық ықпал етуден тұрады.

Ғалымдардың арасында аталған саралаушы мән-жайларға қатысты пікірталас орын алуда. Бұл пікірталас күш қолдану кімге қарсы бағытталуы мүмкін, яғни ондай күш қолданудан жәбірленуші кім болады деген мәселемен байланысты, себебі сәйкес қылмыстық құқықтық нормада жәбірленуші кім болатындығы нақты көрсетілмеген. Бір авторлар жәбірленуші ретінде кез келген тұлға бола алады десе[140,273б.;105,101б.], басқа авторлар арнайы

жәбірленуші (шекара қызметкерлері, келіп-кетушілерді тексеруші тұлғалар және бақылауды жүзеге асырушы өзеге де тұлғаларды) жатқызған[120,121-122 бб.;100,424б.;141,10-116б.].

ҚР ҚК-нің 392-бабының 2-тармағындағы саралаушы белгілері бар қылмыстық құқықбұзушылықтар бойынша сот материалдарын талдау көрсеткендей, күш қолдану немесе оны қолдану қаупін тудыру шекара қызмтекерлеріне, шекарада әртүрлі бақылау түрлерін жүзеге асыратын тұлғаларға қатысты жасалады.

Шетелдік тәжірибеде де аталған қылмыс құрамының саралаушы белгісі ретінде күш қолдану немесе оны қолдану қаупін тудыру кімге қатысты қолданылатындығы нақтыланған, атап айтқанда Қырғызстан Қылмыстық заңында ондай арнайы жәбірленуші ретінде шекаралық қызмет атқарушы тұлға қарастырылған[131].

Сонымен жоғарыдағы бұл қылмыстық құқықбұзушылықтың саралаушы құрамындағы күш қолданудан немесе күш қолдану қаупін тудырудан арнайы жәбірленуші болады деген пікірлерді, сот тәжірибесі материалдары бойынша талдау қорытындыларын және басқару функциясын жүзеге асыратын тұлғаларға қарсы жасалтын құқықбұзушылықтар қатарында екендігін ескере отырып, ҚР Қылмыстық кодексінің 392-бабының 2-тармағының диспозициясында күш қолданылатын немесе күш қолдану қатері төнетін жәбірленушіні нақтылау ұсынылады.

Сондай-ақ кейбір авторлар аталған қылмыстық құқықбұзушылықтың саралаушы белгілері қатарында қару қолдану немесе оны қолдану қаупін тудыру арқылы мемлекеттік шекараны заңсыз кесіп өткені үшін жауаптылық белгілеуді ұсынады[113,169-170бб.;108,7б.].

Тәжірибеде де қару қолдану арқылы шекарадан өту фактілеріде орын алуда[142].

Бұрынғы Кеңес Одағы аумағындағы мемлекеттердің ішінде Украина мен Молдованың қылмыстық заңдарында мемлекеттің шекараны қару қолдана отырып, өткені үшін қылмыстық жауаптылық көзделген.

Осы аталғандарды түйіндей отырып, ҚР ҚК-нің 392-бабына алдағы уақытта енгізілетін өзгерістерді[138] ескере отырып, ҚР ҚК-нің 392-бабының аса саралаушы құрамы ретінде мемлекеттік шекараны қаруды немесе қару ретінде пайдаланатын заттарды, жарылғыш заттарды немесе жарылыс құрылғыларын қолдана отырып заңсыз кесіп өтуді қарастыруды және ҚР ҚК-нің 392-бабын келесідей мәтінде толықтыруды ұсынамыз:

«3., қаруды немесе қару ретінде пайдаланатын заттарды, жарылғыш заттарды немесе жарылыс құрылғыларын қолдана отырып жасалған Осы баптың 1-бөлігіндегі дәл сол әрекеттер -

шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге бес жыл мерзімге шығарып жібере отырып, бес жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады».

Шетелдік тәжірибені, оның ішінде ҚХР-да орын алған тәжірибені ескере отырып ресейлік ғалымдар заңсыз көшіп қону аясындағы аталған қылмыстық

құқықбұзушылық түрлерін бір тарауға біріктіруді ұсынды[143,11-12бб.]. Біздің жағдайда көші-қон тәртібін белгілейтін ережелерді бұзғаны үшін қылмыстық жауаптылық белгілейтін нормаларды біріктіре отырып Қылмыстық заңда бір тарауды бөліп шығару тиімсіз болып табылады.

Сонымен осы тараушаны түйіндей келе бірқатар қортыныдылар қалыптастырдық:

Сәйкес құжаты және рұқсаты бола тұра белгіленбеген орыннан Мемлекеттік шекараны кесіп өту үшін әкімшілік құқықтық жауаптылық белгілеуді және оны ҚР Әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы кодексінің 510-бабының 1-тармағын келесідей мазмұндағы 4)-тармақшасымен толықтыруды ұсынамыз:

«4) жеке басын куәландыратын құжаттары бар және арнайы рұқсаты бар тұлғалардың ҚР Мемлекеттік шекарадан өткізуге арналған бекеттен және өзге де орындар арқылы өтуі».

«Мемлекеттік шекара туралы» ҚР Заңының 2-тармағындағы 2017 жыл 5 мамырдағы орын алған өзгерістер бойынша «Мемлекеттік шекара арқылы өткізу жүзеге асырылатын өзге де орын» ұғымы енгізілген болатын, алайда аталған өзгерістер қолданыстағы ҚР Қылмыстық заңының 392-бабында қарастырылмады. Сондықтан бұл кемшілікті жою және аталған өзгерістерді ескеру мақсатында қолданыстағы ҚР ҚК-нің 392-бабының 1-тармағын келесідей жаңа мәтінде ұсынамыз:

«1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінен және Мемлекеттік шекара арқылы өткізу жүзеге асырылатын өзге де орындардан тысқары жерден қасақана заңсыз кесіп өту, сол сияқты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасының көрсетілген пункттерінен және өзге де орындардан жалған құжаттар арқылы немесе үшінші тұлғалардың жарамды құжаттарын алдап пайдалана отырып, сол сияқты белгіленген тәртіпті бұза отырып қасақана заңсыз кесіп өту –

шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге бес жыл мерзімге шығарып жібере отырып, бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.».

«Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына келуіне шақыруларын ресімдеу, шақыруларын келісу, Қазақстан Республикасының визаларын беру, күшін жою, қалпына келтіру, сондай-ақ олардың қолданылу мерзімдерін ұзарту және қысқарту қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің м.а. 2016 жылғы 24 қарашадағы № 11-1-2/555 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 28 қарашадағы № 1100 бірлескен бұйрықтың 7-тармағындағы визаның орнына қолдануға болатын құжаттардың қатарында қылмыстық құқықбұзушылық жасаған шетел азаматтарымен азаматтығы жоқ тұлғаларға қатысты Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерге шығарып жіберу туралы сотпен шығарылған сот үкімін көрсету қажетті.

Қазақстан Республикасының босқындарға қатысты халықаралық

міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету мақсатында ҚР Қылмыстық кодексінің 392-бабына ескертпе ретінде келесідей мәтіндегі ережені белгілеуді ұсынамыз:

«Ескертпе. Қазақстан Республикасының аумағына баспана алу мақсатында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өту тәртібін қасақана бұза отырып келген пана іздеуші және босқын мәртебесіне ие шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғаларға, егер олардың іс-әрекетінде осы Кодекстің Ерекше бөліміндегі нормалармен белгіленген өзге қылмыстық құқықбұзушылықтардың белгілері анықталмаса, осы баптың ережелері қолданылмайды.».

Қоланыстағы ҚР Қылмыстық заңын жетілдіру мақсатында ҚР Қылмыстық кодексінің 392-бабының 2-тармағының диспозициясында күш қолданылатын немесе күш қолдану қатері төнетін жәбірленушіні нақтылауды және осы баптың аса саралаушы құрамы ретінде мемлекеттік шекараны қаруды немесе қару ретінде пайдаланатын заттарды, жарылғыш заттарды немесе жарылыс құрылғыларын қолдана отырып заңсыз кесіп өтуді қарастыруды ұсынамыз.

1.4 Заңсыз көші-қонды ұйымдастыру қылмыстық құқықбұзушылығын саралаудағы мәселелер

Көші-қон заңнамасының ережелерін бұзумен байланысты қылмыстық құқықбұзушылықтың келесі түрі ҚР ҚК-нің 394-бабымен қарастырылған заңсыз көші-қонды ұйымдастыру болып табылады.

Бұл қылмыстық құқықбұзушылық түрі ҚР Мемлекеттік шекарасын қасақана заңсыз кесіп өту түріндегі қылмыстық құқықбұзушылық түріне қарағанда кейін пайда болған қылмыстық құқықбұзушылық түрі болып табылады.

1959 жылғы Қазақ КСР Қылмыстық заңнамасында аталған қылмыстық құқықбұзушылық құрамы кәзіргі мазмұндағыдай орын алған жоқ. Алайда Қазақ КСР Қылмыстық заңнамасына Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Президиумының 1966 жылы 22 қыркүйектегі Жарлығымен енгізілген 180-1-бабымен (шетел азаматтарымен және азаматтығы жоқ тұлғалармен КСРО-ға келу және КСРО аумағы арқылы транзитпен өту ережелерін қасақана бұзу) қарастырылған қылмыс құрамының объективтік жағының кейбір белгілері кәзіргі мазмұндағы көші-қонды заңсыз ұйымдастыру қылмыстық құқықбұзушылықтың объективтік жағында орын алды.

Ал 1997 жылғы ҚР Қылмыстық заңының бастапқы мәтінінде де бұл қылмыстық құқықбұзушылық түрі заңшығарушымен қарастырылмады. Тек 2002 жылдың 22 ақпанында қабылданған «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне заңсыз көші-қон мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңымен ҚР ҚК-не енгізілген өзгерістер нәтижесінде ғана пайда болды[94]. ҚР Қылмыстық заңында мұндай қылмыс құрамының пайда болуына ықпал еткен заңсыз көші-қонға қарсы күрес жүргізу бойынша 1998 жылы 6 наурызда жасалған ҚР 2000 жылы 13 желтоқсанда мақұлданған ТМД кіретін мемлекеттердің арасында жасалған келісім-шарт

болды[83].

Ғалымдардың арасында заңсыз көші-қон қылмыстық құқықбұзушылығының түрлік және тікелей объектілеріне қатысты бірыңғай пікір жоқ.

Д.А. Соколов РФ ҚК-нің 322.1-бабының 1-тармағындағы қылмыстың түрлік объектісі мен тікелей объектісінің белгілері бір-біріне сәйкес келеді және оның объектісі қосымша белгілермен сипатталмайды. Бұл жерде біз объектісінің қосымша тікелей белгісінің орын алғандығы туралы ғана айтамыз[43,147б.] деген пікір қалдырды.

Т.Н. Уторовада Мемлекеттік шекараны заңсыз кесіп өту түріндегі қылмыс құрамымен көші-қонды заңсыз ұйымдастыру қылмыс құрамының тікелей объектілері бір екендігін көрсете келе, оларды РФ Мемлекеттік шекарасын кесіп өту тәртібі аясындағы іс-әрекеттер деп аталатын бір топқа біріктіруді ұсынған[141,9-10бб.].

Э.Р. Голубева керісінше аталған Мемлекеттік шекараны заңсыз кесіп өту, заңсыз көші-қонды ұйымдастыру қылмыстарының тектік және түрлік объектілері бір екендігін көрсете отырып, оларды бір-бірінен тікелей объектілерімен ажыратуды ұсынады[144].

Р.К. Кечеруков Мемлекеттік шекараның тұтастығымен оған қолсұқпаушылығы конституциялық негізгі қағидалардың бірі болып табылатындығын көрсете келе, аталған екі қылмыс құрамының тікелей объектісін Мемлекеттік шекараға қолсұқпаушылықты қамтамасыз ету бойынша мүдделер деп санайды[145,17б.]. Бұл жерде автор өзінің пікірін қылмыстық құқықбұзушылық объектісін анықтауға қатысты қылмыс объектісі мүдде болып табылады деген ілімді негізге ала отырып қалыптастырған.

Келесі авторлар тобы заңсыз-көші қон қылмысының тікелей объектісін бөлек бөліп көрсетеді.

Г.А. Агаев заңсыз көші-қон қылмысының тікелей объектісі ретінде көші-қон саясатын көрсетеді[146,216б.].

Ал О.П. Левченко мен Ф.П. Портнов көші-қон процестерін ұйымдастыру және реттеу аясындағы мемлекеттік басқару органдарының қызметі нәтижесінде пайда болатын қатынастарды қарастырады[147,38б.]. А.П. Кузнецовтың пікірі аталған авторлардың пікірлеріне ұқсас келеді, алайда автор оған қоса аталған қылмыстың тікелей объектісі ретінде РФ аумағына шетел азаматтарымен азаматтығы жоқ тұлғалардың кіру және шығу тәртібін белгілейтін қолданыстағы заңнаманы сақтауды қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастарды қарастырған[148,106б.].

Келесі автордың пікірінше, аталған қылмыс құрамының объектісі шетел азаматтарының немесе азаматтығы жоқ тұлғалардың РФ аумағына заңды кіруіне, онда заңды түрде болуына, ол арқылы транзитпен өтуге қатысты ережелерді сақтауға қатысты көші-қон заңнамасының нормаларымен реттелетін қоғамдық қатынастар[149,67б.]. Осыған ұқсас пікірлерін басқада авторлар ұсынған[120,130б.;150,745б.;151,81б.].

Б.В. Коробейников аталған қылмыстың тікелей объектісі ретінде

нормативтік құқықтық актілермен белгіленген заңды көші-қон тәртібін ұсынады[124,784б.]. Осы пікірге ұқсас пікірді А.А. Иллюк ұсынды, бірақ автор сол көші-қон тәртібін белгілейтін заңдардың тізімін тізбектеді және оған қоса жалпылама түрде заңға сәйкес нормативтік құқықтық актілерді қоса көрсетті[113,170б.].

Жоғарыда аталған пікірлерді талдай келе, біз заңсыз көші-қонды ұйымдастыру қылмыстық құқықбұзушылық құрамындағы түрлік объектісі мен тікелей объектісі бірдей деген тоқтамға келдік және ондай объекті ретінде ҚР ҚК-нің 394-бабының 1-тармағының диспозициясына сәйкес ҚР азаматтарының, шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ тұлғалардың Қазақстан Республикасының аумағына кіру, ол аумақтан шығу, ол аумақта болу, ол аумақ бойынша орын ауыстыру тәртібін сақтаумен байланысты қоғамдық қатынастарды қарастыру қажетті.

ҚР ҚК-нің 394-бабымен қарастырылған қылмыстық құқықбұзушылықтың объективтік жағын келесідей әрекеттер қамтиды:

- шетел азаматтарының, азаматтығы жоқ тұлғалардың Қазақстан Республикасының аумағына заңсыз кіруін ұйымдастыру;
- шетел азаматтарының, азаматтығы жоқ тұлғалардың Қазақстан Республикасының аумағына заңсыз кетуін ұйымдастыру;
- шетел азаматтарының, азаматтығы жоқ тұлғалардың Қазақстан Республикасының аумағында заңсыз орын ауыстыруын ұйымдастыру[89].

Алайда бұл аталған қылмыстық әрекеттердің ішінде «заңсыз болуды ұйымдастыру» және «заңсыз транзитті ұйымдастыру» қылмыстық әрекеттері жоқ. Логикалық тұрғыдан Қазақстан Республикасының аумағына кірген немесе ол аумақ арқылы өткен тұлға міндетті түрде ол аумақта іс жүзінде болады. Сонымен қатар «Көші-қон» туралы ҚР Заңында «заңсыз көшіп келуге» берілген анықтамадан да «болу» ұғымының қолданылғандығын байқауға болады, оған сәйкес заңсыз көшіп келу – шетелдіктердің немесе азаматтығы жоқ адамдардың келу және болу тәртібін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитті жол жүруді бұза отырып, Қазақстан Республикасына келуі және Қазақстан Республикасында болуы[33]. Сондай-ақ Қаулыда да көші-қон тәртібін сипаттау үшін «болу» ұғымы қолданылған[76].

Д.Д. Фоменко болу ретінде ел аумағында көшіп-қонушылардың орналасуы, тұруы, орын ауыстыруын түсінген[153,81б.].

Ал Л.Р. Рашитов тіркелу, орын ауыстыру, тұрғылықты мекен-жайын таңдау, елде болу мерзімі өтіп кеткеннен кейін елден шығу тәртібін сақтағанда шетел азаматы мен азаматтығы жоқ тұлғаның ел аумағында заңды болуы орын алады дейді[120,133б.].

Бұл аталған пікірлерден «болу» ұғымы жинақтаушы ұғым ретінде бірқатар әрекеттерді оның ішінде ел аумағында орын ауыстыруды да біріктіретін кең ұғым ретінде қарастырған.

Сонымен қатар А.В. Морин заңсыз көші-қон ұйымдастыру қылмысы үшін жауаптылық белгілейтін РФ ҚК-нің 322-1-бабы РФ Мемлекеттік шекараны

заңсыз кесіп өту қылмысы үшін жауаптылық белгілейтін РФ ҚК-нің 322-бабының бірқатар ережелерін қайталағандықтан, РФ аумағында көшіп-қонушылардың болуы әрекетін ғана криминализациялауды ұсынған[27,276.].

Шетелдік тәжірибеде «болу» ұғымы пайдаланылған. Мысалы, Ресейдің Қылмыстық заңында және осы қылмыстық құқықбұзушылық түрін қылмыстық заңдарында қарастырылған мемлекеттерде (мысалы, Беларусь[116] және т.б.) аталған қылмыстық құқықбұзушылықтың объективтік жағын сипаттағанда «кіру» және «транзит» ұғымдарымен қатар «болу» («пребывание») қолданылған.

Сонымен қатар бірқатар авторлар заңсыз болуды ұйымдастыруға қатысты өздерінің түсініктерін беруге тырысқан. Атап айтқанда Р. Кечеруков заңсыз болуды ұйымдастыруды келесідей қызмет түрлерінен тұрады дейді:

1) Мемлекеттік шекараны заңсыз кесіп өткен шетел азаматтарын немесе азаматтығы жоқ тұлғаларды жұмысқа орналастырғандығын немесе тұрғын-үймен қамтамасыз еткендігін құзырлы органдардан жасыруға бағытталған ұйымдастырушылық қызмет;

2) Мемлекеттік шекараны заңды кесіп өткен шетел азаматтарын немесе азаматтығы жоқ тұлғаларды (мысалы, туристік, оқу, транзиттік немесе гуманитарлық визалар бойынша), алайда олардың рұқсат етілген ел аумағында болу мерзімі өтіп кеткен және РФ аумағында оларды заңсыз тұрушы деп танылған жағдайда жұмысқа орналастырғандығын немесе тұрғын-үймен қамтамасыз еткендігін құзырлы органдардан жасыруға бағытталған ұйымдастырушылық қызмет[145,206.].

Осыған ұқсас пікірді Э.Р. Байбурина да ұсынды, оған сәйкес заңсыз болуды ұйымдастыру шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалардың қажетті құжаттары болмаған жағдайда РФ аумағында болуын немесе тұруын қамтамасыз етуге бағытталған кез келген әрекеттерді қамтиды[154,776.].

Бұл аталған пікірлерден келесідей қорытынды жасауға болады, сәйкес құжаттары және рұқсаттары жоқ шетел азаматтарымен азаматтығы жоқ тұлғалардың ҚР аумағында жүріп-тұруына, өмір сүруіне жағдай жасау мақсатында жасалатын әрекеттерді ҚР аумағында заңсыз болуын ұйымдастыру деп қарастыру қажет.

Сонымен қатар ҚР аумағы арқылы үшінші елге өту кезінде де белгіленген транзиттік тәртіп бұзылатын жағдайларда орын алуы мүмкін. Қаулының 4-тарауында ҚР аумағы арқылы транзиттік өту тәртібі қарастырылған[76]. Оған сәйкес ҚР аумағы арқылы үшінші елге өту үшін шетел азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалар міндетті түрде транзиттік виза рәсімдеу қажеттігі және баратын үшінші елге визасының (егер визалық режим орын алса) болуы белгіленген, егер осы аталған визалары болған жағдайда транзитпен өтуші тұлғаларға ҚР аумағы арқылы өту үшін бес тәуліктен аспайтын мерзім беріледі[76]. Осы аталған транзиттік өту талаптарына сақтамастан (транзиттік виза алмаса, белгіленген мерзімді сақтамай ҚР аумағында қалып қою, ҚР аумағына тыйым салынған тұлғалардың қатарынан болса, және т.б.) ҚР аумағы арқылы бір мемлекеттен екінші мемлекетке өтуді ұйымдастыру жағдайларыда

орын алуда. Атап айтқанда сот тәжірибесін талдау барысында заңсыз көшіп-қонуды ұйымдастырудың мұндай нысаны жиі орын алатындығына көз жеткіздік. Әрине бұған себеб ҚР транзиттік мемлекет ретінде орын алуында. Көп жағдайда Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан азаматтары үшін Қазақстан аумағы Ресейге өтуге мүмкіндік береді, ал Ауғанстан, Пәкістан және т.б. мемлекеттердің азаматтары үшін Еуропаға (транзитпен Ресей аумағы арқылы) өтуге жол ашады.

Қазақстандық бір топ азаматтар Өзбекстан Республикасының азаматшасымен біріге отырып, Өзбекстан азаматтары Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Ресей Федерациясының аумағына заңсыз кіргізуді ұйымдастырған. Өзбекстанның бір топ азаматтары өздерінің Ресей Федерациясына кіруіне тыйым салынғанына байланысты өздерінің жерлестері А.-ға ҚР аумағы арқылы Ресей аумағына өтуіне көмектесуін сұрайды. Ал Өзбекстан азаматшасы А. заңсыз көші-қон ұйымдастыру мақсатында тұрғын үй беру, ҚР аумағына заңсыз кіру және ҚР аумағы арқылы орын ауыстыру бойынша ҚР азаматы Н.-нан көмектесуді сұрайды, ҚР азаматы Н. өз қызметі үшін 1600 АҚШ долларын алады және келісім бойынша аталған Өзбекстан азаматтарына жүріп-тұруы үшін көлік құралдарын, үй-жай тауып береді, одан әрі қарай аталған тұлғаларды Ақтөбе облысы аумағы арқылы айналмалы жолдармен РФ аумағына заңсыз өткізбек болған кезде ұсталады[155].

Қырғыз Республикасының азаматы Т.К. ҚР азаматы С.-мен алдын ала сөз байласа отырып Т.К. өзінің ұлы Бельгия азаматы Т.Х. үшін ҚР аумағы арқылы Қырғызстанға заңсыз көші-қон ұйымдастырған. Қырғыз азаматы Т.К. өздерінің қылмыстық іс-әрекеттерін жүзеге асыру үшін алдын ала құрылған жоспар бойынша ҚР Мемлекеттік шекарасын кесіп өтіп Қырғызстан аумағында күтеді, ал ҚР азаматы С. Бельгия азаматы Т.-ны көлігінде жасырып Жамбыл облысы Қордай ауданындағы «Қордай» өткізу бекетіне келеді, алайда шекара қызметкерлері көлікті тексеру барысында ұсталады. Қырғыз азаматы Т.К. ҚР азаматы С. пен Бельгия азаматының ұсталғандығын біліп, кінәсін мойындап келеді[156]. Бұл жерден көретініміз, шетел азаматтарының басты мақсаты ҚР аумағында қалу емес, ол арқылы басқа елдің аумағына өту болып табылады.

Қазақстан аумағын транзиттік аумақ ретінде пайдаланылатын жағдайлар сот тәжірибесінде жеткілікті түрде кездеседі.

Басқа мемлекеттердің қылмыстық заңдарын талдау көрсеткендей, заңсыз көші-қон қылымысының объективтік жағын сипаттауда заңсыз транзитті ұйымдастыру ұғымы қолданылған[132;156].

Сондай-ақ жоғарыда айтып кеткеніміздей, «Көші-қон туралы» ҚР Заңда заңшығарушы заңсыз көшіп келу ұғымын ашқан кезде де транзит ұғымын пайдаланған[33].

Осы талданып жатқан қылмыстық құқықбұзушылық түрін өздерінің қылмыстық заңдарында қарастырған бұрынғы Кеңес Одағы аумағындағы мемлекеттердің қылмыстық заңдарын талдау көрсеткендей, барлығында заңсыз көші-қонды ұйымдастыру шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ тұлғаларға қатысты жүзеге асады. Мысалы, Азербайжан[132], Тәжікстан[157],

Ресей[158], Грузия[129], Беларусь[116], Молдова[114]. Ал ҚР ҚК-нің 394-бабының 1-тармағына сәйкес шетел азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалармен қатар ҚР азаматтарына қатысты заңсыз көші-қонды ұйымдастыру қарастырылған. Алайда 2016 жылдан бері ҚР ҚК-нің 394-бабындағы көші-қонды заңсыз ұйымдастыру түріндегі қылмыстық құқықбұзушылық бойынша шығарылған сот үкімдерін талдау көрсеткендей, ҚР азаматтарына қатысты заңсыз көші-қон ұйымдастырудың екі нысаны: заңсыз кіру, заңсыз орын ауыстыру жүзеге аспаған. Сонымен қатар логикалық тұрғыдан шетелге шығуға құқығы жоқ (ҚР-да шетелге шығуға тыйым салынған немесе баратын мемлекетінде келуіне тыйым салынған (мысалы, РФ кіруге тыйым салынған) ҚР азаматтарға қатысты ҚР-нан заңсыз шығу ұйымдастырылуы мүмкін, ал қалған заңсыз көші-қонды ұйымдастыру нысандары оларға қатысты қолданылмайды.

Сондықтан ҚР ҚК-нің 394-бабының 1-тармағындағы «азаматтар» деген сөзді «шетелдіктер» және «азаматтығы жоқ адамдар» ұғымдармен қатар қолданбаған орынды деп санаймыз.

Ресейлік тәжірибеде заңсыз көші-қонды ұйымдастыру қылмысының диспозициясындағы оның объективтік жағын сипаттайтын белгілердің мазмұндалу тәртібіне қатысты ғалымдар мен тәжірибе өкілдері арасында пікірталас орын алғандығын айта кету қажет. Атап айтқанда РФ Қылмыстық кодексінің 322.1-бабының 1-тармағына сәйкес Ресей Федерациясына шет ел азаматтарының немесе азаматтығы жоқ тұлғалардың заңсыз келуін, олардың Ресей Федерациясының аумағында заңсыз болуын немесе Ресей Федерациясының аумағы арқылы заңсыз транзиттік өтуін ұйымдастыру[158], осы нормадағы сөздер арасындағы «үтір» белгісіне және «немесе» одақсөзіне қатысты дау туындаған болатын. Сот-прокуратура қызметкерлерінің пікірінше, заңшығарушы заңсыз транзиттік өтуін ұйымдастыруды әдейі «немесе» одақсөзбен бөлсе, ал заңсыз келуді, заңсыз болуды ұйымдастыруды біртұтас әрекет ретінде қарастырған. Осыған байланысты заңсыз болуды ұйымдастыру заңсыз келуді ұйымдастырусыз аяқталған қылмыс бола алмайды[158], яғни аталған әрекеттердің жиынтығы болған жағдайда қылмыс орын алады. Әрине ресейлік ғалымдар аталған норманы құқыққолдануда бұлай талдауға қарсылықтарын білдірді. Атап айтқанда К.В. Дядюннің пікірінше, аталған норманың диспозициясында тізбектелген әрекеттердің үтірмен бөлінуі, олардың жинақтаушы сипатқа емес тізбектеуші сипатқа ие екендігін көрсетеді және «немесе» одақсөзін қолдануда заңшығарушы олардың бір-біріне балама екендігі көрсету үшін қолданған, сондықтан құқыққолдану тәжірибесі заңдылық қағидасына қайшы[160]. Автордың бұл пікірін басқада ғалымдар қолдаған[120,133б.]. Әрине ғалымдардың мұндай пікірлерін қолдаймыз және осыдан біз құқыққолдану тәжірибемізде де осындай жағдайлар орын алмас үшін (екі мағыналы талдауға жол бермес үшін) ҚР ҚК-нің 394-бабының 1-бабының диспозициясының дұрыс мазмұндалуына назар аудару қажет деген түйін жасадық. Осыған байланысты ҚР ҚК-нің 394-бабының 1-бабының диспозициясындағы әрекеттердің бір-біріне балама екендігін көрсету үшін

«немесе» одақсөзін қолдану қажет.

Жоғарыда айтылғандарды түйіндей отырып, «Көші-қон» туралы ҚР Заңын, Қаулыны негізге ала отырып және шетелдік тәжірибені ескере отырып, ҚР ҚК-нің 394-бабындағы заңсыз көші-қон ұйымдастыру түріндегі қылмыстық құқықбұзушылықтың толық, дұрыс сипаттау үшін аталған баптың 1-тармағының диспозициясына «болу» және «транзит» ұғымдарын енгізуді, «азаматтар» ұғымын, «немесе» одақсөзін орынды пайдалануды және оны келесідей мәтінде ұсынамыз:

«1. Көлік құралдарын не қолдан жасалған құжаттар не тұрғын немесе өзге де үй-жай беру, сондай-ақ шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ тұлғаларға Қазақстан Республикасының аумағы бойынша заңсыз келу немесе кету немесе болу немесе орын ауыстыру немесе транзит үшін, азаматтарға Қазақстан Республикасының аумағынан кетуі үшін өзге де қызметтер көрсету арқылы заңсыз көші-қонды ұйымдастыру —».

Заңсыз көші-қонды ұйымдастыру қылмыстық құқықбұзушылығының субъективтік жағын кінәнің тікелей қасқаналық нысанымен сипатталады. Кейбір авторлар заңсыз көші-қонды ұйымдастыру қылмысында кінәнің жанама қасақаналық нысаны орын алуы мүмкін дейді[161]. Әрине мұндай пікірмен келісуге болмайды, себебі заңсыз көші-қонды ұйымдастыру қылмыстық құқықбұзушылығының құрамы формальды құрам болып табылады, ал формальды құрамда қылмыстық құқықбұзушылықтың аяқталуына қылмыстық іс-әрекетті жасау жеткілікті, сондай-ақ ондай құрамдарға қандай қоғамға қауіпті салдар туындайтындығы және ондай салдарға деген кінәлінің қатынасы қандай болатындығы маңызды емес.

Сонымен бірге бізбен талданған сот материалдары көрсеткендей, заңсыз көші-қонды ұйымдастыру қылмыстық құқықбұзушылығын жасаудағы кінәлі тұлғалардың барлығының ниеті пайда табу болып табылады.

Аталған қылмыстық құқықбұзушылықтың субъектісі жалпы субъекті болып табылады. Тек осы қылмыстық құқықбұзушылық құрамының саралаушы белгісі, яғни өзінің қызметтік өкілеттігін пайдалана отырып жасау орын алғанда арнайы субъекті лауазымды тұлға орын алуы мүмкін.

Сондай-ақ ғалымдардың арасында осы қылмыстық құқықбұзушылықтағы «заңсыз көші-қонды ұйымдастырушы» ұғымымен «қылмысты ұйымдастырушы» ұғымының арақатынасына қатысты пікірталас орын алуда және дауласушы ғалымдарды екі топқа бөліп қарастыруға болады:

- бірінші топтағы ғалымдар аталған екі ұғымды бірдей ұғымдар дейді(Ю.В. Бышевский[162,105-107бб.]);

- екінші топтағы ғалымдар бұл ұғымдар бір-біріне ұқсас емес әртүрлі ұғымдар дейді(Андрюшенков В.А.[151,115б.], Козлов В.Ф.[163,20-21бб.].

Әрине екінші топтағы ғалымдардың пікірлерімен келісеміз, себебі заңсыз көші-қонды ұйымдастырушы тұлға, заңсыз көші-қон ұйымдастыру түріндегі қылмыстық құқықбұзушылықтың объективтік жағын құрайтын әрекеттерді орындайтын тұлға болып табылады.

Сонымен қатар бұл қылмыстық құқықбұзушылық түрін объективтік жағын

құрайтын әрекеттерді жалғыз тұлғамен ғана жүзеге асыру болжамды түрде мүмкін, бірақ тәжірибеде мұндай жағдайлар орын алған емес деген пікірлер білдірілген болатын[164,346.]. Мұндай пікірлермен келісуге болмайды. Әрине сот материалдарын талдау көрсеткендей, бұл қылмыстық құқықбұзушылық көп жағдайда бірнеше тұлғамен сөзбайласу арқылы жасалады, алайда кейбір жағдайларда жалғыз тұлғамен де жасалады, мысалы, ҚР азаматы К.О. Шығыс Қазақстан аумағында 2016-2018 жылдар аралығында ҚХР-ның азаматтарына, ҚХР-нан ҚР-на заңсыз қоныс аударуына, олардың ҚР азаматтығын алуына жалған құжаттар жасау арқылы заңсыз көші-қон ұйымдастырған. Атап айтқанда азамат К.О.-да заңсыз жолмен алған ҚХР-ның мөрлері болған. Ол осы мөрлердің көмегімен ҚХР азаматы болып табылатын он үш этникалық қазақтарға ҚР азаматтығын алуға қажетті ҚХР-ның сәйкес құжаттарының (мысалы, жеке куәліктің, туу туралы куәліктің, анықтаманың) жалған көшірмелерін жасап, кейбір құжаттардағы (мысалы, жеке куәліктегі) өтіп кеткен мерзімдерді түзеп, ол құжаттарды нотариаттық куәландыра отырып сатқан және азамат К.О. ҚР ҚК-нің 394-бабының 1-тармағы бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартылған[165].

Зерделенген қылмыстық сот үкімдерінде аталған қылмыстық құқықбұзушылық құрамының ең көп кездесетін белгісі бұл Қазақстан Республикасының аумағына заңсыз кіруді ұйымдастыру 45 пайызы, одан кейін Қазақстан Республикасының аумағы арқылы өткізу (транзит) 40 пайызын құраған[166].

Сонымен бұл тарауша бойынша келесідей қорытындылар қалыптастырдық.

ҚР ҚК-нің 394-бабындағы көші-қонды заңсыз ұйымдастыру түріндегі қылмыстық құқықбұзушылық бойынша шығарылған сот үкімдерін талдау көрсеткендей, ҚР азаматтарына қатысты заңсыз көші-қон ұйымдастырудың екі нысаны: заңсыз кіру, заңсыз орын ауыстыру жүзеге аспаған. Сонымен қатар логикалық тұрғыдан шетелге шығуға құқығы жоқ (ҚР-да шетелге шығуға тыйым салынған немесе баратын мемлекетінде келуіне тыйым салынған (мысалы, РФ кіруге тыйым салынған) ҚР азаматтарға қатысты ҚР-нан заңсыз шығу ұйымдастырылуы мүмкін, ал қалған заңсыз көші-қонды ұйымдастыру нысандары оларға қатысты қолданылмайды.

Сондықтан ҚР ҚК-нің 394-бабының 1-тармағындағы «азаматтар» деген сөзді «шетелдіктер» және «азаматтығы жоқ адамдар» ұғымдармен қатар қолданбаған орынды деп санаймыз.

Құқыққолдану тәжірибемізде екі мағыналы талдауға жол бермес үшін ҚР ҚК-нің 394-бабының 1-бабының диспозициясының дұрыс мазмұндалуына назар аудару және аталған норманың диспозициясындағы әрекеттердің бір-біріне балама екендігін көрсету үшін «немесе» одақсөзін қолдану қажет.

Осы аталған жағдайларға байланысты, «Көші-қон» туралы ҚР Заңын, Қаулыны негізге ала отырып және шетелдік тәжірибені ескере отырып, ҚР ҚК-нің 394-бабындағы заңсыз көші-қон ұйымдастыру түріндегі қылмыстық құқықбұзушылықтың толық, дұрыс сипаттау үшін аталған баптың 1-

тармағының диспозициясына «болу» және «транзит» ұғымдарын енгізуді, «азаматтар» ұғымын, «немесе» одақсөзін орынды пайдалануды және оны келесідей мәтінде ұсынамыз:

«1. Көлік құралдарын не қолдан жасалған құжаттар не тұрғын немесе өзге де үй-жай беру, сондай-ақ шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ тұлғаларға Қазақстан Республикасының аумағы бойынша заңсыз келу немесе кету немесе болу немесе орын ауыстыру немесе транзит үшін, азаматтарға Қазақстан Республикасының аумағынан кетуі үшін өзге де қызметтер көрсету арқылы заңсыз көші-қонды ұйымдастыру –».

1.5 Көші-қон қылмыстылығымен күрестің тиімділігін арттыру мақсатында кейбір әрекеттерді криминализациялау мәселелері

Кәзіргі кезде қоғамдағы жиі талданып жатқан келелі мәселелердің қосазаматтық мәселесі болып табылады, себебі қосазаматтыққа ие тұлғалар тарапынан Қазақстан Республикасының аумағында жасалатын құқықбұзушылықтар саны артып келе жатыр. Мысалы, Қырғызстан Республикасының Жогорку Кенешінің депутаты Д. Асылбек уулу тарапынан жасалған қылмыс[167], болмаса Ресей Федерациясының азаматшасының Қазақстан Республикасында қаншама жылдан бері зейнетақы алып келген фактісін[168] және т.б. фактілерді келтіруге болады және ондай фактілердің саны өсуде. Сонымен қатар отандық заңнамада құқыққорғау органдарында және басқада қызмет түрлерінде шетел азаматтарының қызмет етуіне салынған тыйым бар екендігіне қарамастан, билік өкілдерінің қос азаматтыққа ие екендігі фактілері де анықталған болатын[169].

Дүниежүзілік тәжірибеде қосазаматтық немесе мультиазаматтық мәселесі әртүрлі жолдармен шешілуде.

Бірқатар мемлекеттерде қос азаматтыққа заң жүзінде рұқсат етілген. Мысалы, Тәжікстан, Түркменстан, Молдова, АҚШ және т.б. елдер. Көпазаматтыққа жол беретін мемлекеттердің саны шамамен 135[170] және бұл үрдіс өзінің жалғасын табуда.

Ал кейбір елдерде Австрия, Нидерланды, Чехия, Норвегия және т.б. елдерде қос азаматтыққа тыйым салынған. Осындай мемлекеттердің қатарында Қазақстанда бар.

Қазақстан Республикасында қос азаматтыққа жол берілмейді. Мұның құқықтық негізі бірқатар заңдардың ережелерінде қарастырылған. Атап айтқанда Қазақстан Республикасының Конституциясының 10-бабының 3-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасының азаматының басқа мемлекеттің азаматтығында болуы танылмайды[171], сондай-ақ «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» ҚР 1991 жылғы 20 желтоқсандағы № 1017-ХІІ Заңының 3-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы азаматының басқа мемлекеттің азаматтығында болуы танылмайды[60].

Жоғарыда аталған ҚР Конституциясының нормасына ҚР Конституциялық Кеңесімен берліген ресми түсіндіруіде бар. «Қазақстан

Республикасы Конституциясының 10 және 12-баптарын ресми түсіндіру туралы» ҚР Конституциялық Кеңесінің 2003 жылғы 1 желтоқсандағы №12 қаулысында көрсетілгендей, Қазақстанның мемлекеттілігі үшін азаматтық институтының айқындаушы сипатын және азаматтардың құқықтық жағдайын негізге ала отырып, Республика Конституциясының 10-бабының 3-тармағы «Республика азаматының басқа мемлекеттің азаматтығында болуы танылмайды» деген норма-принципті белгілейді. Бұл ереженің конституциялық-құқықтық мағынасы Республикада көпазаматтылық, оның ішінде қосазаматтылық қабыл алынбайтынын көздейді. Осы қаулыда талданған Республика Конституциясының нормалары тікелей қолданылатын болғандықтан, басқа мемлекеттердің азаматтары болып табылатын және сонымен бір уақытта Республиканың ұлттық паспорттары бар адамдарға Республика Президенті, Парламенті және мәслихаттарының депутаттары, мемлекеттік қызметтегі және судьялары лауазымдарына жол бермейді. Ондай адамдар Конституцияның, заңдардың және өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес, сондай-ақ Қазақстанның халықаралық шарттарында көзделген жағдайларына пайдалана алмайтын басқа құқықтар мен бостандықтарды да жүзеге асырмауға тиіс»[172].

Бұл ресми түсіндіруден байқайтынымыз, азаматтық институты мемлекетіміздің егемендігін көрсететін белгілердің бірі. Ал қосазаматтық осы егемендіктің жойылуына ықпал ететін жағдайлардың біріне айналуы әбден мүмкін.

Қазіргі таңда қосазаматтық үшін қылмыстық жауаптылық белгілеу мәселесі көршілес бірқатар мемлекеттерде қолға алынып жатыр, атап айтқанда Ресей Федерациясында, Украинада, Қырғызстанда.

Ресей Федерациясында 2014 жылдан бастап Қылмыстық кодекске жаңа 330.2.-бап енгізген болатын. Ол баптың мазмұнына сәйкес Ресей Федерациясының азаматы өзінде шет мемлекетте азаматтығының (бодандығының) не тұруға ықтиярхатының немесе шет мемлекетте оның тұрақты тұруға құқығының бар екендігін растайтын өзгеде қолданыстағы құжатының бар екендігі туралы хабарландыру бойынша міндетін орындамағаны үшін айыппұл немесе міндетті жұмыстар түріндегі қылмыстық жаза белгіленген[158].

Ал Қырғызстан Республикасында заңшығару билік өкілдері мемлекеттік биліктегі қызметкерлерге қатысты қосазаматтық үшін қылмыстық жауаптылық белгілеу мәселесін көтерген болатын.

Украинада соңғы жылдары Ресеймен арасында орын алып жатқан саяси жағдайларға байланысты Ресей Федерациясымен қосазаматтығы бар тұлағаларға қатысты қылмыстық жауаптылық белгілеу туралы мәселе қозғалып жатыр.

Біздің елімізде Мұндай іс-әрекет үшін тек қана әкімшілік-құқықтық жауаптылық белгіленген болатын. 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінің 496-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген

мерзімдерде шетел азаматтығын алу фактісін хабарламағандығы үшін екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салу не Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге әкімшілік жолмен шығарып жіберу түріндегі әкімшілік жаза шаралары қарастырылған[173].

Одан кейін орын алған өзгерістерге ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің(бұдан әрі қарай ҚРӘҚБтК) 496-бабының ережелерімен қарастырылған, оған сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы заңнаманы бұзу екі әкімшілік құқықбұзушылық түрімен қамтылған:

1) Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылған адамның Қазақстан Республикасы азаматының паспортын және (немесе) жеке куәлігін пайдалануы(ҚРӘҚБтК-нің 496-бабының 1-тармағы);

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде шетел азаматтығын алу фактісін хабарламау(ҚРӘҚБтК-нің 496-бабының 2-тармағы)[173].

Осы аталған әкімшілік құқықбұзушылық түрін тіркеу және ол бойынша әкімшілік жауаптылыққа тарту статистикасы келесідей:

2015 жылы 996 әкімшілік құқықбұзушылық тіркелсе, оның 700 бойынша әкімшілік жауаптылыққа тарту туралы қаулы шығарылған[174].

2016 жылы 761 әкімшілік құқықбұзушылық тіркелсе, оның 758 бойынша әкімшілік жауаптылыққа тарту туралы қаулы шығарылған[175].

2017 жылы 620 әкімшілік құқықбұзушылық тіркелсе, оның 618 бойынша әкімшілік жауаптылыққа тарту туралы қаулы шығарылған[176].

2018 жылы 490 әкімшілік құқықбұзушылық тіркелсе, оның 486 бойынша әкімшілік жауаптылыққа тарту туралы қаулы шығарылған[177].

2019 жылы 508 әкімшілік құқықбұзушылық тіркелсе, оның 505 бойынша әкімшілік жауаптылыққа тарту туралы қаулы шығарылған[178].

2020 жылы 708 әкімшілік құқықбұзушылық тіркелсе, оның 703 бойынша әкімшілік жауаптылыққа тарту туралы қаулы шығарылған[179].

2021 жылы 1397 әкімшілік құқықбұзушылық тіркелсе, оның 1300 бойынша әкімшілік жауаптылыққа тарту туралы қаулы шығарылған[180].

2022 жылы 1126 әкімшілік құқықбұзушылық тіркелсе, оның 984 бойынша әкімшілік жауаптылыққа тарту туралы қаулы шығарылған[181].

Байқап отырғанымыздай, қосазаматтық фактілерінің саныда соңғы статистикалық үш жылда артып келе жатқаннан ескеру қажет. Қосазаматтығының бар екендігі туралы хабарламаған билік өкілдеріне, заңгерлерге қылмыстық жауаптылық белгілеу бойынша ұсыныстар айтылған болатын[182].

Әрине қосазаматтық институтының еліміздің егемендігіне келтірер зиянын, сондай-ақ соңғы жылдары қосазаматтыққа ие тұлғалардың санының артып келе жатқанын және олармен еліміздің экономикасына келтіріп жатқан зиянын ескеретін болсақ, қолданыстағы Қылмыстық заңымызға қосазаматтық үшін қылмыстық жауаптылық белгілейтін нормалар енгізудің уақыты келген сияқты.

1.6 Шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ тұлғаларға қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері

2014 жылғы ҚР Қылмыстық және Қылмыстық атқару заңдарындағы орын алған жаңашылдықтардың бірі бұл қылмыстық жазалар жүйесіне шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ тұлғаларға ғана тағайындалатын арнайы, жаңа жазаның бір түрі шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен шығарып жіберу жазасының енгізілуімен байланысты болды[89]. ҚР ҚК-нің 51-бабының 1-тармағына сәйкес шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен шығарып жіберу осы адамның Қазақстан Республикасының аумағына кіруіне бес жыл мерзімге тыйым салу белгілене отырып, мәжбүрлеу тәртібімен орындалады[89].

Осы жаза түріне ұқсас қылмыстық жаза түрлері Қазақстан аумағында аталған өзгерістерге дейінде қолданылған болатын. Атап айтқанда ол 1922 жылғы РСФСР Қылмыстық заңында қылмыстық жазалардың бір түрі ретінде бекітілген болатын[90] және осы Кодекстің 32-бабының а)-тармақшасында РСФСР шегіне белгілі бір мерзімге немесе мерзімсіз қуу жазасы түрінде орны алды.

Ал 1926 жыл қабылданған РСФСР Қылмыстық кодексінде орын алған жаңалықтар көп болды. Бұл жаңалықтардың бірқатары қылмыстық жазаларға қатысты болды. Атап айтқанда осы кодекспен «қылмыстық жаза» ұғымы қолданыстан алынып тасталды, оның орнына «соттық түзеу сипатындағы әлеуметтік қорғау іс-шаралары» деген ұғым қолданыла бастады[91] және оның қолданысы 1934 жылдың 8 маусымында қабылданған «Мемлекеттік қылмыстар (контрреволюциялық және КСРО үшін аса қауіпті басқару тәртібіне қарсы қылмыстар) туралы ережені отанға опасыздық жасау туралы баптармен толықтыру туралы» Қаулының қабылдануымен тоқтатылды[91]. Сонымен қатар шетелдікті немесе азаматтығы жоқ тұлғаны ел аумағынан шығарып жіберу жазасына ұқсас соттық түзеу сипатындағы әлеуметтік қорғау іс-шараларының бірнеше түрі енгізілді:

- 1) азаматтығынан айыра отырып, міндетті түрде ел аумағынан қуу;
- 2) КСРО шегінен белгілі бір мерзімге қуу[91].

Осы Қылмыстық заңнан кейін қабылданған 1959 жылғы ҚазақКСР Қылмыстық кодексінде аталған жаза түріне ұқсас жаза түрлері мүлдем орын алмады. Сондай-ақ мұндай жағдай тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Қылмыстық кодексінде де қайталанды. Бұл кезеңдерде шетелдікті немесе азаматтығы жоқ тұлғаны ел аумағынан шығарып жіберу әкімшілік жаза ретінде қолданылып келді.

Осы аталған қылмыстық жазаны жазалар жүйесіне енгізгеннен кейін жасаған қылмыстық құқықбұзушылықтары үшін шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ тұлғаларға жаза тағайындаумен байланысты тәжірибеде кейбір проблемалар орын алған болатын. Жалпы шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ тұлғаларға қатысты жаза тағайындауда қолданыстағы ҚР ҚК-де ешқандай шектеу қойылмаған. 2014 жылғы ҚР ҚК-нің бастапқы мәтінінде

шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен шығарып жіберу түріндегі жаза қосымша жаза ретінде белгіленді, осы жағдайға байланысты аталған жазаны және өзге жаза түрлерін тағайындауда проблемалар орын алды. Атап айтқанда қылмыстық жазаларды белгілейтін ережелердің мазмұнын талдайтын болсақ, аталған тұлғаларға қатысты бірқатар жаза түрлерін негізгі жаза ретінде тағайындауға болмайтын және мұндай проблема қылмыстық жазалардың мазмұнында орын алатын кейбір міндетті шарттарға, сотталушының қаржылық жағдайына, т.б. жағдайларға байланысты болды. Бұл проблеманы отандық ғалымдарда көтерген болатын[183].

Айыппұл жазасы. ҚР ҚК-нің 41-бабына сәйкес айыппұл – осы Кодексте көзделген шекте, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген және қылмыстық құқық бұзушылық жасалған кезде қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің белгілі бір санына сәйкес келетін мөлшерде не пара сомасына немесе құнына, берілген ақша сомасына немесе берілген мүлік құнына, жымқырылған мүлік құнына, алынған кіріс сомасына немесе бюджетке түспеген төлемдер сомасына еселенген мөлшерде тағайындалатын ақшалай өндіріп алу[89]. Шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ тұлғаларға қатысты айыппұл түріндегі қылмыстық жазаны тағайындалғанымен, оны кейін орындау бойынша проблемалар орын алуы мүмкін. Атап айтқанда аталған тұлғалардың басым көпшілігі тұрақты жұмыстары жоқ, сәйкесінше тұрақты табыс көздеріде жоқ және мұндай тұлғаларға қатысты айыппұл жазасын тағайындау туралы сот үкімін орындау ұзаққа созылуы мүмкін немесе мүлдем орындалмауы мүмкін.

Түзеу жұмыстары. ҚР ҚК-нің 41-бабына сәйкес түзеу жұмыстары – осы Кодексте көзделген шекте, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген және қылмыстық құқық бұзушылық жасалған кезде қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің белгілі бір санына сәйкес келетін мөлшерде тағайындалатын ақшалай өндіріп алу[89]. Бұл жаза түрін тағайындау үшін сотталушы тұлғаның тұрақты жұмыс орны болуы шарт. Егер шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ тұлғалардың басым көпшілігінде тұрақты жұмысының жоқ екендігін ескеретін болсақ, бұл жаза түріде оларға қатысты тағайындалмайды.

Қоғамдық жұмыстарға тарту. ҚР ҚК-нің 43-бабының 1-тармағына сәйкес қоғамдық жұмыстар сотталған адамның жергілікті атқарушы органдар қоғамдық орындарда ұйымдастыратын, белгілі бір біліктілікті талап етпейтін тегін қоғамдық пайдалы жұмыстарды орындауынан тұрады. Сондай-ақ бұл жаза түрін бірқатар тұлғаларға қатысты тағайындалмайды: жүкті әйелдерге, үш жасқа дейінгі жас балалары бар әйелдерге, үш жасқа дейінгі жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектерге, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйелдерге, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектерге, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар тұлғаларға(ҚР ҚК-нің 43-бабы)[89]. Егер сотталушы осы санаттаға тұлғалар қатарынан болатын болса, аталған жаза түрі тағайындалмайды.

Бас бостандығын шектеу түріндегі қылмыстық жаза. ҚР ҚК-нің 43-бабының 1-тармағына сәйкес бас бостандығын шектеу сотталған тұлғаға алты

айдан жеті жылға дейінгі мерзімге пробациялық бақылау белгілеуден және оны жазаны өтеудің бүкіл мерзімі ішінде жыл сайын бір жүз сағаттан мәжбүрлі еңбекке тартудан тұрады[89]. Аталған жаза түрін қолданудағы басты міндетті шарттардың бірі сотталушы тұлғаның тұрғылықты мекен-жайының болуы, ал біздің жағдайымызда шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ тұлғалардың басым көпшілігінде (ҚР аумағына заңсыз келген шетел азаматтарын және азаматтығы жоқ тұлғаларды ескеретін болсақ) тұрақты мекен-жайы жоқ деуге болады.

Ал аталған санаттағы сотталушы тұлғаларға қатысты қолданылатын жазаның бір түрі шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен шығарып жіберу жазасы тек қана қосымша жаза ретінде тағайындалатын. Айталық айыппұл жазасы негізгі жаза ретінде тағайындалды, ал ҚР шегінен шығарып жіберу жазасы қосымша жаза ретінде тағайындалды, жоғарыда аталған себептерге байланысты (сотталушының жұмыссыз болуы, қаражатының болмауы және т.б.) айыппұлды төлей алмайды, сәйкесінше негізгі жазаны орындамай, қосымша жазаны орындау мүмкін емес. Осыған байланысты ондай сотталушы ҚР аумағынан шығарылуға жатпайды, сондықтан ол өзінің ҚР аумағында әрі қарай қалуын жалғастырады. Басқа жаза түрлерімен де осындай проблемалы жағдай қайталануы мүмкін.

Жоғарыда аталған ғалымдар мұндай проблемадан шығудың жолы ретінде қолданыстағы ҚР ҚК-те қылмыстық теріс қылықтар үшін де, қылмыстар үшін де негізгі жаза түрі ретінде шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен шығарып жіберу түріндегі жазаны қарауды ұсынды[89] және ҚР ҚК-нің 40-бабында балама жазалар деп аталатын және айыппұлдан, түзеу жұмыстарынан және шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен шығарып жіберуден тұратын қылмыстық жазалардың үшінші тобын ұсынды.

ҚР ҚК-не «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне меншік құқығын қорғауды күшейту, төрелік, сот жүктемесін оңтайландыру және қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 21 қаңтардағы Заңменен[184] енгізілген өзгерістер шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен шығарып жіберу түріндегі жаза негізгі жаза түрі ретінде қарастырылып, дербес жаза ретінде тағайындауға мүмкіндік берді.

Бұл аталған оң өзгерістердің орын алғандығына қарамастан, шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ тұлғаларға қатысты жаза тағайындау бойынша қолданыстағы ҚР ҚК-де кейбір кемшіліктер орын алуда. Атап айтқанда кәмелеттік жасқа толмаған шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ тұлғаларға қатысты жаза тағайындаумен байланысты проблемалар. Мысал ретінде ҚР ҚК-нің 392-бабының 1-тармағында мазмұндалған әрекеттер үшін қарастырылған жаза түрлерін келтірейік. Аталған нормаға сәйкес шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге бес жыл мерзімге шығарып жібере отырып, бір мың айлық есептік

көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады[89].

Жоғарыда осы қылмыстық құқықбұзушылық құрамын талдау көрсеткендей, қылмыстық құқықбұзушылық субъектісі он алты жасқа толған тұлға бола алады. Енді осы қылмыстық құқықбұзушылықты жасау кезінде қылмыскер он алты жасқа толған болса, оған қатысты қандай қылмыстық жаза түрі тағайындалуы мүмкін деген сұрақ туындайды. Бұл жерде егер сотталушының жұмысы немесе табыс көзі болмаса, оған қатысты айыппұл жазасын тағайындауға мүмкіндік болмайды. Ал бұл жағдайда кәмелеттік жасқа толмаған шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ тұлғаларға қатысты Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу түріндегі жазаны қолданған орынды және қолданылуы міндетті. Алайда кәмелеттік жасқа толмаған сотталушыға қатысты қолданылатын жазалардың жүйесінде Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу түріндегі жаза мүлдем қарастырылмаған. Оларға қатысты ҚР ҚК-нің 81-бабының 1-тармағына сәйкес келесідей қылмыстық жаза түрлері ғана тағайындалады:

- 1) белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру;
- 2) айыппұл;
- 3) түзеу жұмыстары;
- 4) қоғамдық жұмыстарға тарту;
- 5) бас бостандығын шектеу;
- 6) бас бостандығынан айыру[89].

Сондықтан отандық заңшығарушы тарапынан жіберілген кемшілікті жою мақсатында

- 1) ҚР ҚК-нің 81-бабының 1-тармағын келесідей мәтінде ұсынамыз:

«1. Кәмелетке толмағандарға тағайындалатын жаза түрлері:

- 1) белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру;
- 2) айыппұл;
- 3) түзеу жұмыстары;
- 4) қоғамдық жұмыстарға тарту;
- 5) бас бостандығын шектеу;

5-1) кәмелетке толмаған шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу;

- 6) бас бостандығынан айыру болып табылады.

2) ҚР ҚК-нің 81-бабына келесідей мәтіндегі 6-1-тармағын енгізуді ұсынамыз:

6-1. Кәмелетке толмаған шетелдікті немесе азаматтығы жоқ тұлғаны Қазақстан Республикасының шегінен шығарып жіберу ондай тұлғаның Қазақстан Республикасының аумағына кіруіне бес жыл мерзімге тыйым салу белгілене отырып, мәжбүрлеу тәртібімен орындалады.

Осы қылмыстық жаза түрін қолданудағы шетелдік тәжірибеге тоқталатын болсақ, ол бірқатар мемлекеттердің қылмыстық жазалар жүйесінде жазаның бір түрі ретінде орын алған.

Бұрынғы КСРО аумағында Қырғыз Республикасының[131], Әзербайжан

Республикасының[132], Латвия Республикасының[185] Қылмыстық заңдарында аталған жаза түрі қарастырылған болатын, ал Эстония Республикасының[186] Қылмыстық кодексінде бұл жаза түрі қарастырылып, кейінгі орын алған өзгерістермен алынып тасталды.

Еуропа мемлекеттерінің ішінде Швейцария, Венгрия, Франция, Албания, Сербия, Испания, Италия және т.б. мемлекеттер аталған жаза түрін өздерінің қылмыстық заңдарында қарастырды. Бұл мемлекеттердің басым көпшілігінде ол жаза қосымша жаза түрінде ғана қарастырылған (мысалы, Францияда[187], Швейцарияда[188]). Ал Испанияның Қылмыстық заңының 89 және 96-бабтарына сәйкес аталған жаза түрі бас бостандығынан айыру жазасына балама жаза ретінде де, қауіпсіздік шарасы ретінде де, сондай-ақ бас бостандығынан айыру жазасына қосымша жаза ретінде де белгіленген[189].

Италияда, Испанияда заңсыз көшіп-қонушылар үшін транзиттік аумақ болып табылады. Испанияның заңнамасында заңсыз көші-қонмен байланысты құқықбұзушылықтар үшін жауаптылық белгілеу мәселесі егжей-тегжей реттелген және Евро Одаққа кіретін мемлекеттер арасында Испания заңсыз көші-қонмен байланысты қылмыстар үшін қатаң қылмыстық жаза түрлерін қарастырған мемлекеттердің бірі болып табылады. Мұндай қадам Испания мемлекетінің Еуропа елдеріне Африка елдерінен заңсыз иммигранттарды негізгі жеткізуші ел ретінде орын алуымен байланысты жасалған[190,59-65бб.].

Америка құрлығындағы АҚШ, Перу, Куба және т.б. бірқатар мемлекеттердің қылмыстық заңдарында аталған қылмыстық жаза өзіндік ерекшеліктерімен қарастырылған.

Азия құрлығында Қытайдың қылмыстық заңнамасында негізгі жаза ретінде де, сондай-ақ қосымша жаза ретінде де қарастырылған[191].

Сондай-ақ бұл жаза түрінің атауы әр мемлекетте әртүрлі аталады. Мысалы, Швейцарияда[188], Қытайда[181] елден шығару деп аталса, Испанияда елден куу[189], Латвияда депортация[185] деп аталады. Бірақ атаулары әртүрлі болғанымен аталған жаза түрінің мазмұны бір-біріне ұқсас келеді және түпкілікті мақсаты сотталушыны ел аумағынан шығару болып табылады.

Сонымен қатар аталған жаза түрінің тағайындалу мерзіміне қатысты айырмашылықтар бар: Латвияда төменгі шегі 3 жыл, ал жоғарғы шегі 5 жылды құрайды, Испанияда төменгі шегі 5 жыл, ал жоғарғы шегі 10 жылды құрайды[189], Францияда төменгі шегі белгіленбеген, тек жоғарғы шегі 10 жыл деп белгіленген[187], ал Қытай[191] мен Италияда[192] шекті мерзімі мүлдем белгіленбеген. Сондай-ақ азербайжандық және швейцариялық заңшығауршылар аталған жаза түрінің мерзімдерін белгілеуде ерекшелік танытқан. Атап айтқанда Азербайжан қылмыстық заңы бойынша мұндай мерзім сотталушының соттылығын өтеуімен немесе оны алып тастауымен байланысты[132]. Швейцариялық тәжірибеде аталған жазаның мерзімі жасаған қылмысының түріне, ауырлығына қарай, оның қайта жасалу жағдайына қарай анықталады:

1) Швейцария ҚК-нің 66а-бабында белгіленген қылмыстардың біреуі үшін сотталған шетелдікті төменгі шегі бес жылдан жоғарғы шегі он бес жылдан

тұратын мерзімге Швейцариядан шығарып жіберу;

2) Швейцария ҚК-нің 66а-бабында белгіленген қылмыстарға жатпайтын қылмыстар немесе қылмыстық теріс қылықтар үшін сотталған шетелдікті төменгі шегі үш жылдан жоғарғы шегі он бес жылдан тұратын мерзімге Швейцариядан шығарып жіберу;

3) Елден шығарылған тұлға бұрын тағы да қылмыс жасаған болса, елден шығару мерзімі жиырма жылды құрайды;

4) Егер елден шығару жазасын өтеу кезінде тағы жаңа қылмыс жасаса, елден өмір бойына шығарылады[188].

Сонымен қатар бірқатар мемлекеттерде аталған жаза түрін кейбір санаттағы тұлғаларға қатысты қолдануда шектеу қойылған. Мұндай шектеулер Азербайжанның[132], Венгрияның[193] Қылмыстық заңдарында қарастырылған. Азербайжан заңшығарушылары аталған жаза түрін қолдануда келесідей тұлғалар санатына қатысты шектеу белгілеген:

- сот үкімі заңды күшіне енген кезде Азербайжан Республикасы аумағында бес жыл тұрған тұлғаға қатысты;

- сот үкімі заңды күшіне енген кезде Азербайжан Республикасының азаматымен (азаматшасымен) некеде тұрған тұлғаға қатысты;

- әке-шешесінің біреуі Азербайжан Республикасының азаматы (азаматшасы) болып табылатын тұлғаға қатысты;

- Азербайжан Республикасында босқын мәртебесін немесе саяси баспана алған тұлғаға қатысты;

- қарауында Азербайжан Республикасының азаматы (азаматшасы) болып табылатын кәмелетке толмаған баласы, әрекетке қабілеттілігі жоқ тұлға немес ағзасының қызметінің 81-100 пайызға бұзылуына байланысты мүгедектік белгіленген тұлға бар тұлғаға қатысты;

- елден шығарып жібергеннен кейін барған елінде олар азаптауға немесе қудалауға ұшарайды деуге жеткілікті негіздер бар болған жағдайда немесе оларды мәжібүрлі түрде елден шығарып жіберу ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қайшы келген жағдайда[132].

Байқап отырғанымыздай, ондай санаттағы тұлғалар қатарында босқын мәртебесіне ие тұлғалар белгіленген. Босқындар мәртебесіне кімдер ие болады деген мәселені жоғарыдағы тарауларда қарастырған болатынбыз.

Аталған жаза түрі бірқатар мемлекеттерде босқындарға қатысты қолданылуы мүмкін, ондай мемлекеттердің қатарында Қазақстан Республикасы да бар. Осыған байланысты босқын мәртебесіне ие тұлғаларға қатысты қарастырылып жатқан жаза түрін қолдану қаншалықты халықаралық құқық нормаларына сәйкес келеді деген мәселе кәзіргі кезде орын алуда. Мысалға Швейцарияда аталған жаза түрін қылмыстық заңына енгізу үшін ең алдымен елдің Конституциясына референдум арқылы бұл өзгерісті енгізуі қажет, содан кейін ғана қолдау алса қылмыстық заңға енгізілуге жатады. Швейцарияда осы жаза түрін енгізумен байланысты дау көтерілген болатын. Бұл даудың туындауына негіз аталған жазаның адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау бойынша халықаралық міндеттемелерді орындауды белгілейтін

ережелерге сәйкес екендігінде болды. «Amnesty International» ұйымы бұл өзгерістің БҰҰ-ның «Азаптау және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын қарым қатынас пен жазалаудың түрлерін тергеу мен құжаттау принциптері туралы» Конвенциясында, 1951 жылғы «Босқындардың жағдайы туралы» Конвенцияда, «Бала құқықтары туралы» Конвенцияда және бірқатар халықаралық құжаттарда белгіленген жер аударып жіберуге тыйым салуды қарастыратын қағидаларға қайшы келетіндігін алға тартуда[194].

Әрине жоғарыда аталған санаттағы тұлғалардың ішінде босқындар еліне қайтарылған жағдайда олардың жеке басының қауіпсіздігіне қатысты қауіп төнуі мүмкін. «Босқындардың жағдайы туралы» Конвенцияның 32-бабының 1-тармағында тікелей көрсетілгендей[65], келісуші Мемлекеттер өз аймағында заңды мекендеуші босқындарды мемлекеттік қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпті сақтау мақсатынан басқа жағдайларда жер аударып жібере алмайды. Яғни бұл құжат мемлекеттік қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпті сақтау мақсатында ішкі ұлттық заңдарда босқындарды еліне беру мәселесін оңтайлы шешуге жол берген, сәйкесінше біздің ҚР Қылмыстық кодекске енгізілген өзгерістерді халықаралық құқық нормаларына сай деуге болады, бірақ елден шығарылатын босқын мәртебесіндегі тұлғаның өз елінде немесе шығарылып жіберілетін елінде жеке басының қауіпсіздігіне қауіп төнген жағдайда жасалынуы тиіс іс-шараларға заңшығарушы назар аудармаған. Сондықтанда шетелдік тәжірибеге арқа сүйей отырып (Венгрияның Қылмыстық кодексі бойынша босқын мәртебесін алған тұлғаларға қатысты елден шығару жазасы қолданылмайды [193]), ҚР ҚК-нің 51-бабының құрылымына қосымша 3-тармақ енгізіп, оны келесідей мазмұнда ұсынған дұрыс деп ойлаймыз «3. Осы жаза түрі қолданылған жағдайда, өз елінде босқын мәртебесіне ие тұлғаның өмірі мен денсаулығына қауіп төнетін болса, оған осы жаза түрі қолданылмайды»[195,271б.].

Сонымен бұл тараушаны түйіндей отырып, келесідей қортындылар қалыптастырдық:

Кәмелетке толмаған шетелдікті немесе азаматтығы жоқ тұлғаларға қатысты жаза тағайындау бойынша ҚР Қылмыстық заңында орын алған кемшілікті жою мақсатында

ҚР ҚК-нің 81-бабының 1-тармағын келесідей мазмұндағы 5-1)-тармақшамен толықтыруды ұсынамыз:

5-1) кәмелетке толмаған шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу;

Ал ҚР ҚК-нің 81-бабына келесідей мәтіндегі 6-1-тармағын енгізуді ұсынамыз:

6-1. Кәмелетке толмаған шетелдікті немесе азаматтығы жоқ тұлғаны Қазақстан Республикасының шегінен шығарып жіберу ондай тұлғаның Қазақстан Республикасының аумағына кіруіне бес жыл мерзімге тыйым салу белгілене отырып, мәжбүрлеу тәртібімен орындалады.

Босқын мәртебесіне ие тұлғалардың жеке басының қауіпсіздігін

қамтамасыз ету мақсатында шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу түріндегі жазаны белгілейтін ҚР ҚК-нің 51-бабын келесідей мазмұндағы 3-тармақпен толықтыруды ұсынамыз: «3. Осы жаза түрі қолданылған жағдайда, өз елінде босқын мәртебесіне ие тұлғаның өмірі мен денсаулығына қауіп төнетін болса, оған осы жаза түрі қолданылмайды».

2 КӨШІ-ҚОН ҚЫЛМЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

2.1 Көші-қон қылмыстылығының криминологиялық сипаттамасы

Көші-қон қылмыстылығының криминологиялық сипаттамасын қалыптастыру үшін ең алдымен «көші-қон қылмыстылығы» ұғымының түсінігін ашып алу қажетті. Кәзіргі кезде «көші-қон қылмыстылығы» ұғымына да қатысты ғалымдар арасында әртүрлі анықтамалар берілген.

В.В. Собольниковтің берген анықтамасы бойынша көші-қон қылмыстылығы бұл көшіп-қонушылармен және олардың корпоративтік бірлестіктерімен экономика аясында жасалатын, өзінің негізінде пайдақорлық-экономикалық, иелік етушілік ниеті бар және елдің криминологиялық қауіпсіздігін бұзатын қоғамға қауіпті құқыққа қайшы жүріс-тұрыстың бір түрі[196,131-132бб.].

П.А. Насуровтың пікірінше, көші-қон қылмыстылығы бұл көшіп қонушылармен (көшіп-қонушылар тобымен немесе этникалық топпен) реципиент-елдердің аумақтарында немесе мемлекет аралық (трансұлттық) деңгейде жасалатын қылмыстық іс-әрекеттер, сондай-ақ қабылдаушы мемлекеттердің аумағында немесе транзит елдердің аумағында көшіп-қонушыларға (заңды және заңсыз) қатысты жасалған қоғамға қауіпті іс-әрекет[41,176.].

И.Е. Нежибицкаяның пікірінше, қылмыс жасау орны мен қылмыскердің тұрақты мекен-жайы сәйкес келмегенде оны көшіп-қонушы қылмыскер (криминалдық көшіп-қонушы, келімсек қылмыскер, гастролер-қылмыскер) деп тануға болады және осы белгі арқылы көші-қон қылмыстылығының түсінігін қалыптастыруға тырысқан[197,136.].

Көші-қон қылмыстылығының ұғымын талдаған басқа да авторлар оны қылмыстылықтың жеке бір түрі ретінде бөліп қарастыруда оны жасаушы субъектілердің ерекшеліктерін басты өлшем ретінде алған.

Криминология ғылымында да осы өлшемнің көмегімен жекелеген қылмыстылық түрлері бөліп қарастырылған: кәмелетке толмағандардың қылмыстылығы, әйелдердің қылмыстылығы және т.б. Бұл жерде аталған субъектілердің физиологиялық ерекшеліктері басшылыққа алынатын болса, біздің жағдайымызда олардың тұрақты мекен-жайынан, аумағынан, елінен көшіп-қонуы басшылыққа алынады.

Сонымен қатар ғалымдар «көші-қон қылмыстылығы» ұғымымен қатар «шетелдіктер қылмыстылығы»(А.Н. Сандугей[198]), «шетелдіктермен байланысты қылмыстылық»(Богомолова К.И.[54]), «заңсыз көшіп-қонушылардың қылмыстылығы»(Иллюк А.А.[113]), «шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ тұлғалардың қылмыстылығы»(П.Н. Кобец[199], Балыков В.Н.[200]), «көшіп-қонушы-шетелдіктердің қылмыстылығы»(Магомедов Э.Б.[201]) сияқты әртүрлі ұғымдарды пайдаланған. Бұл ұғымдарды қолданудағы басты мақсат басқа шетел азаматтарымен және азаматтығы жоқ тұлғалармен басқа мемлекет аумағында жасалған қылмыстық

құқықбұзушылықтарын сипаттау болып табылады. Әрине аталған ұғымдардың барлығы шығу тегі бір ұғым болып табылғанымен, ғалымдар оны әртүрлі мағынада қолданған.

К. Богомолвананың пікірінше шетелдіктермен байланысты қылмыстылық бұл Ресей Федерациясының аумағында белгілі бір уақыт аралығында шетелдіктермен жасалатын және шетелдіктерге қарсы жасалатын, сандық-сапалық көрсеткіштермен және криминологиялық ерекшеліктермен сипатталатын, қылмыстық жазаланатын іс-әрекеттерден құралатын дербес, айрықша қылмыстылықтың бір түрі[54,96.]. Автор қылмыс жасаушы субъектілердің және өзіне қатысты қылмыс жасалатын жәбірленушілердің ерекшеліктермен байланыстыра отырып анықтаманы қалыптастырған, ал «шетелдіктер» деген ұғымын нақтыламаған. Сондай-ақ автор «шетелдіктердің қылмыстылығы» мен «көшіп-қонушылардың қылмыстылығын» қылмыстылықтың екі дербес түрі ретінде қарастыруды ұсынады[54,296.]. Мұндай пікірмен келісуге болмайды, себебі аталған екі ұғымды жалпы және оның бір бөлігі ретінде қарастыру қажет.

Ал кейбір авторлар шетел азаматтары, азаматтығы жоқ тұлғалармен қатар аталған ұғымдардың көмегімен өз елінің аумағында қоныс ауыстырып жүрген өзінің азаматтарымен жасалған қылмыстық құқықбұзушылықтар, яғни барлық көшіп-қонып жүрген тұлғалардың қылмыстық құқықбұзушылықтарының жиынтығын сипаттау үшін қолданған (мысалы, К.А. Альчибеков[28]).

Р.Е. Джансараева көші-қон қылмыстылығын белгілі бір уақыт аралығында Қазақстан Республикасының аумағында көшіп-қонушылармен жасалған және көшіп-қонушыларға және өзге тұлғаларға қарсы жасалған, мемлекетпен белгіленген тұрғындардың көшіп-қону тәртібіне, сондай-ақ қылмыстық заңмен қорғалатын көші-қон процесімен байланысты зиян келтірілетін, қылмыстық заңмен қорғалатын өзгеде қатынастарға қол сұғатын қылмыстардың жиынтығынан тұратын дербес, айрықша қоғамға қауіпті, әлеуметтік-құқықтық құбылыс ретінде қарастырған[55]. Автордың бұл анықтамасымен келісуге болады. Әрине белгіленген көші-қон тәртібін бұзумен байланысты қылмыстық құқықбұзушылықтар көші-қон қылмыстылығын құрайтын қылмыстық құқықбұзушылықтар жүйесінің бір маңызды құрамдас бөлігі болып табылады және мұны автор өзінің анықтамасында бөліп көрсеткен.

Жоғарыда авторлармен берліген анықтамалардың барлығында көші-қон қылмыстылығын сипаттауда ең басты белгі ретінде көшіп-қонушыны алған. Көшіп-қонушының заңи анықтамасын басшылыққа алатын болсақ, «Халықтың көші-қоны туралы» ҚР Заңының 1-бабының 10-тармақшасына сәйкес себебі мен ұзақтығына қарамастан, Қазақстан Республикасына келген және Қазақстан Республикасынан кеткен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ішінде қоныс аударушы адам[33]. Осы жерде Қазақстан аумағына келуші және ол аумақтан кетуші ретінде шетел азаматтары, азаматтығы жоқ тұлғалар және ҚР азаматтары болуы мүмкін. Ал Қазақстан аумағына уақытша немесе тұрақты тұру үшін келген шетелдік немесе азаматтығы жоқ тұлғаларды көшіп келуші (иммигрант) деп танылған[33]. Осыған байланысты шетел азаматтарымен

азаматтығы жоқ тұлғалардың көшіп-қонуын жалып көші-қонның бір бөлігі ретінде қарастыру қажет. Сәйкесінше ондай тұлғалармен жасалған қылмыстық құқықбұзушылықтарды және оларға қарсы жасалған қылмыстық құқықбұзушылықтарды көші-қон қылмыстылығының маңызды құраушы бөлігі ретінде қарастыру орынды.


Кез келген қылмыстылық түріне қарсы тұру үшін ең алдымен ондай қылмыстылық түрінің жағдайына, оның құрылымына және динамикасына зерттеу жүргізусіз мүмкін емес. Бұл жағдай көші-қон қылмыстылығына да қатысты. Сондай-ақ бұл аталған қылмыстылық түрімен тиімді күрес жүргізуде көші-қон қылмыстылығының бір бөлігі ретінде шетелдік тұлғалармен және азаматтығы жоқ тұлғалармен жасалған қылмыстық құқықбұзушылықтардың көрсеткішіне ерекше мән беру қажет.

Көші-қон қылмыстылығының жағдайын анықтау мәселесінде қолданылатын статистикалық мәліметтерді екі кезеңге бөле отырып қарастырамыз. Бірінші кезең 1997 жылы қабылданған ҚР Қылмыстық заңының қолданысы кезінде, яғни 2008-2014 жылдар аралығында орын алған статистикалық мәліметтерді қамтитын болса, екінші кезең 2014 жылы жаңадан қабылданған ҚР Қылмыстық кодексінің қолданысы кезіндегі, яғни 2015-2023 жылдар аралығындағы орын алған статистикалық мәліметтерді қамтитын болады.

Кесте №1. 2008-2014 жылдар аралығында шетелдік азаматтармен азаматтығы жоқ тұлғалардың қылмыс жасау статистикасы[4]

жылдар	2008	2009	2010	2011	2012	2013	2014
тіркелген қылмыстың жалпы саны	78078	78673	84411	83702	98176	102565	106782
шетелдіктер жасаған қылмыстың жалпы саны	2209	2186	2162	1945	2138	2184	2393
ТМД азаматтарымен	2096	2047	2053	1856	2023	2023	2179
өзге шетел азаматтарымен	113	135	109	89	115	161	214
қылмыстың жалпы санынан үлесі (%)	2,82	2,77	2,56	2,22	2,18	2,13	2,04

Диаграмма №1. 2008-2014 жылдар аралығында шетелдік азаматтармен және азаматтығы жоқ тұлғалармен жасалған қылмыстардың динамикасы



2008-2014 жылдар аралығында 2008 бастап 2012 жылға дейін шетел азаматтарымен азаматтығы жоқ тұлғалардың жасаған қылмыстарының саны азая түскен, ал 2012 жылдан бастап 2014 жылға дейінгі аралықта қайта өскен. Бұл жерде шетел азаматтарымен азаматтығы жоқ тұлғалар жасаған қылмыстардың санының өсуіне ықпал етуші себептердің бірі ретінде 2011 жылы 18 қаңтардағы ҚР Заңымен сол кезеңде қолданыста болған 1997 жылғы ҚР Қылмыстық кодексіне енгізілген өзгерістерге сәйкес пайда болған шығарып жіберу туралы шешімді орындамау түріндегі жаңа қылмыс құрамы (ҚР ҚК-нің 330-1-бабы)[202] ықпал етті. Осы қылмыс құрамының жалпы шетел азаматтарымен азаматтығы жоқ тұлғалар жасаған қылмыстардың жалпы санындағы үлесін №2 Кестеден көруге болады.

Кесте №2. Шығарып жіберу туралы шешімді орындамау түріндегі қылмыс құрамының (ҚР ҚК-нің 330-1-бабы) шетел азаматтарымен азаматтығы жоқ тұлғалар жасаған қылмыстардың жалпы санындағы үлесі[4]

жылдар	2011	2012	2013	2014
шетелдіктер жасаған қылмыстық құқықбұзушылықтың жалпы саны	1945	2138	2184	2393
шығарып жіберу туралы шешімді орындамау (ҚР ҚК-нің 330-1-бабы)	43	60	76	79
жалпы санынан үлесі (%)	2,21	2,80	3,48	3,30


2008-2014 жылдар кезеңіндегі шетел азаматтарымен азаматтығы жоқ тұлғалардың жасаған қылмыстарының саны 2209-2393 аралығында(№1 Кесте), ал 2015-2022 жылдар аралығында ол көрсеткіш 2982-2593 аралығында болды (№3 Кесте).

Кесте №3. 2015-2022 жылдар аралығында шетелдік азаматтармен азаматтығы жоқ тұлғалардың қылмыстық құқықбұзушылық жасау статистикасы[4]

жылдар	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022
қылмыстық құқықбұзушылықтың	108455	117743	115682	108290	99508	140609	135022	136429

жалпы саны								
шетелдіктер жасаған қылмыстық құқықбұзушылықтың жалпы саны	2982	3066	3296	3238	2597	2963	2626	2593
ТМД азаматтарымен	2720	2844	3077	3067	2449	1960	1654	1869
өзге шетел азаматтарымен	262	222	219	171	148	1003	972	724
қылмыстық құқықбұзушылықтың жалпы санындағы үлесі (%)	2,75	2,60	2,85	2,99	2,61	2,11	1,94	1,90

Диаграмма №2. 2015-2022 жылдар аралығында шетелдік азаматтармен және азаматтығы жоқ тұлғалармен жасалған қылмыстардың динамикасы



Алдыңғы жылдармен (2012-2014 жылдармен) салыстырғанда 2015 жылдан бастап шетел азаматтарымен және азаматтығы жоқ тұлғалармен жасалған қылмыстық құқықбұзушылықтар саны 33,24 пайызға өскен. Мұндай жағдайдың орын алуына 2015 жылы 1 қаңтардан бастап жаңа Қылмыстық заңның күшіне енуі ықпал етті. Аталған үрдіс 2019 жылға дейін жалғасқан, ал 2019 жылдан бастап ондай қылмыстық құқықбұзушылықтар саны төмендеу қарқынын көрсетті және мұндай төмендеуге 2019 жылдың 21 қаңтарындағы ҚР ҚК-не енгізілген өзгерістер, дәлірек айтқанда ҚР ҚК-нің 393-бабымен қарастырылған шығарып жіберу туралы шешімді орындамау түріндегі қылмыстық құқықбұзушылық құрамын декриминализациялау себеп болды(№4 Кесте). Сонымен қатар шетел азаматтарымен азаматтығы жоқ тұлғалардың ішінде қылмыстық құқықбұзушылықтарды ең жиі жасайтын ТМД кіретін мемлекеттердің азаматтары болып табылады. Мұндай жағдайдың орын алуына бірқатар факторлардың ықпал еткендігін айта кету керек. Атап айтқанда ондай факторлардың қатарында жоғарыда айтып кеткеніміздей, ТМД кіретін мемлекеттердің барлығымен ҚР-ның арасындағы визасыз қарым-қатынастың орын алуы және аталған мемлекетерден Қазақстан аумағына көшіп келушілер санының жоғары болуы; Қазақстанның көршілес мемлекеттермен арасындағы шекараның ұзындығы және оның кейбір жерлерінің осалдылығы.

Кесте №4. Шығарып жіберу туралы шешімді орындамау түріндегі қылмыс құрамының (ҚР ҚК-нің 330-1-бабы) 2015-2019 жылдар аралығындағы жасалау көрсеткіші[4]

жылдар	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022
шетелдіктер жасаған қылмыстық құқықбұзушылықтың жалпы саны	2982	3066	3296	3238	2597	2963	2626	2593
шығарып жіберу туралы шешімді орындамау (ҚР ҚК-нің 393-бабы)	395	659	751	825	51	1	-	-
жалпы санынан үлесі (%)	13,25	21,49	22,79	25,48	1,96	0,03	-	-

Сондай-ақ 2020 бастап қылмыстық құқықбұзушылықтар жалпы санының өсуі тұрғысында шетел азаматтарымен және азаматтығы жоқ тұлғалармен жасалған қылмыстық құқықбұзушылықтардың үлесі төмендеді және COVID пандемиялақ шектеулері, оған байланысты шекараның жабылуы да ондай көрсеткіштің төмендеуіне себеп болды.

№5 Кестеде шетел азаматтарымен және азаматтығы жоқ тұлғалармен жасалған қылмыстық теріс қылықтар мен қылмыстардың 2015-2022 жылдар аралығындағы көрсеткіші қарастырылған. 2016-2018 жылдар аралығында аталған санаттағы тұлғалармен жасалған теріс қылықтар саны өсу үстінде болған, ал 2019-2022 жылдар аралығында керісінше кеміген. Ал аталған тұлғалармен жасалған қылмыстардың көрсеткіші 2015-2019 жылдар аралығында бірқалыпты болған, ал 2020 есептік жылдан бастап кеміген. Ал қылмыстармен қылмыстық теріс қылықтардың ара қатынасына келетін болсақ, қылмыстар қылмыстық теріс қылықтарға қарағанда орташа есеппен 2,91 есе артық жасалған.

Кесте №5. Қылмыстық теріс қылықтар мен қылмыстар бойынша көрсеткіштер[4]

жылдар	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022
шетелдіктермен жасалған қылмыстық теріс қылықтардың жалпы саны	790	1043	1104	1129	347	337	261	282
шетелдіктермен жасалған қылмыстық қылмыстардың жалпы саны	2192	2023	2192	2109	2250	1688	1477	1500

Шетел азаматтарымен азаматтығы жоқ тұлғалардың жасаған қылмыстарының санаты бойынша көрсеткіштері №6 Кестеде келтірілген.

Кесте №6. Қылмыстың санаттары бойынша көрсеткіштер[4]

жылдар	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022
онша ауыр емес	661	551	547	501	496	434	464	441
ауырлығы орташа	1106	1048	1219	1235	1354	819	627	659
ауыр	339	352	345	305	325	378	310	328
аса ауыр	85	72	81	68	75	56	76	72

2015-2022 жылдар аралығында аталған санаттағы тұлғалармен ауырлығы орташа қылмыстар жиі жасалған (орташа есеппен қалған санаттағы барлық қылмыстардың 48 пайызын құрайды), ал онша ауыр емес санаттағы қылмыстар 2015 есептік жылдан бастап төмендеу үрдісіне ие. Аталған есептік кезеңдердегі ауыр қылмыстардың көрсеткіші бірқалыпты және жыл сайын орташа есеппен аталған санаттағы 335 қылмыс жасалды.

Сонымен қатар шетел азаматтарымен азаматтығы жоқ тұлғалардың жасаған қылмыстық құқықбұзушылықтарының құрылымына тоқтала кетейік. Бұл жерде біз жаңа Қылмыстық заң күшіне енгеннен кейінгі жылдардағы, яғни 2015-2022 жылдар аралығында жасалған қылмыстық құқықбұзушылықтардың статистикасын қолдандық.

Кесте №7. Жеке адамға қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтар бойынша көрсеткіштер[4]

жылдар	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022
жалпы саны	7859	7638	7129	7088	7152	6280	5809	5525
шетелдіктермен жасалған қылмыстық құқықбұзушылықтар саны (жалпы санынан үлесі %)	220 (2,80)	208 (2,72)	198 (2,78)	201 (2,84)	198 (2,77)	158 (2,52)	159 (2,74)	140 (2,53)
адам өлтіру (99-бап)	37 (16,82)	35 (16,83)	38 (19,19)	38 (18,91)	36 (18,18)	26 (16,46)	28 (17,61)	20 (14,29)
денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру (106-бап)	59 (26,82)	70 (33,65)	50 (25,25)	52 (25,87)	54 (27,27)	52 (32,91)	45 (28,30)	49 (35)
денсаулыққа орташа ауырлықтағы қасақана зиян келтіру (107-бап)	31 (14,09)	21 (10,10)	32 (16,16)	38 (18,91)	42 (21,21)	36 (22,78)	38 (23,90)	31 (22,14)
адам зорлау (120-бап)	67 (30,45)	51 (24,52)	53 (26,77)	38 (18,91)	37 (18,69)	18 (11,39)	13 (8,18)	6 (4,29)

Шетел азаматтарымен және азаматтығы жоқ тұлғалармен жеке адамға қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтардың ішінде денсаулыққа қасақан ауыр зиян келтірумен байланысты және адам зорлаумен байланысты қылмыстық құқықбұзушылықтары жиі жасалады. 2015 жылдан бастап аталған санаттағы тұлғалармен жасалған жеке адамға қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтардың жалпы саны азаюда(Кесте №7). Оның ішінде адам зорлау(ҚР ҚК-нің 120-бабы) қылмыстық құқықбұзушылығының көрсеткіші жыл сайын төмендеуде, ең жоғарғы көрсеткіші 67 қылмыстық құқықбұзушылық болды. Егер 2015 есептік жылғы көрсеткішпен 2022 есептік жылғы көрсеткішті салыстыратын болсақ, адам зорлау қылмыстық құқықбұзушылығының саны 11 есеге азайған. Шетел азаматтарымен және азаматтағы жоқ тұлғалармен жасалған бұл топтағы қалған қылмыстық құқықбұзушылықтардың жыл сайынғы көрсеткіші бірқалыпта қалып отыр, тек қана денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру (ҚР ҚК-нің 106-бабы) түріндегі қылмыстық құқықбұзушылықтың 2016 есептік жылғы көрсеткіші басқа есептік жылдармен салыстырғанда орташа есеппен 20 қылмыстық құқықбұзушылыққа артық болды, сонымен қатар денсаулыққа орташа ауырлықтағы қасақана зиян келтіру (ҚР ҚК-нің 107-бабы) түріндегі

қылмыстық құқықбұзушылықтың 2016 есептік жылғы көрсеткіші керісінше басқа жылдармен салыстырғанда орташа есеппен 10 қылмысқа азайды.

Кесте №8. Меншікке қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтар бойынша көрсеткіштер[4]

жылдар	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022
жалпы саны	66444	75969	76843	72127	68055	48844	39694	38237
шетелдіктермен жасалған қылмыстық құқықбұзушылықтар саны (жалпы санынан үлесі %)	1285 (1,93)	1240 (1,63)	1350 (1,76)	1252 (1,74)	1458 (2,14)	1092 (2,24)	822 (2,07)	845 (2,21)
ұсақ ұрлық (187-бап)	95 (7,39)	117 (9,44)	92 (6,81)	58 (4,63)	102 (7,00)	96 (8,79)	100 (12,17)	146 (17,28)
ұрлық (188-бап)	771 (60)	738 (59,52)	874 (64,74)	854 (68,21)	968 (66,39)	659 (60,35)	462 (56,20)	449 (53,14)
алаяқтық (190-бап)	171 (13,31)	140 (11,29)	136 (10,07)	136 (10,86)	157 (10,77)	151 (13,83)	131 (15,97)	106 (12,54)
тонау (191-бап)	122 (9,49)	123 (9,92)	126 (9,33)	92 (7,35)	124 (8,50)	72 (6,59)	45 (5,47)	55 (6,51)

2017 жылдан бастап шетел азаматтарымен азаматтығы жоқ тұлғалармен жасалатын меншікке қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтардың пайыздық үлесі өсуде және бұл қылмыстық құқықбұзушылықтар тобы аталған тұлғалармен ең көп жасалатын қылмыстық құқықбұзушылықтар тобы болып табылады. Бұл аталған қылмыстық құқықбұзушылықтар ішінен ҚР ҚК-нің 188-бабымен қарастырылған ұрлық қылмысы жиі жасалады, ол аталған санаттағы тұлғалармен жасалған меншікке қарсы құқықбұзушылықтардың жалпы санының 61,07 пайызын құрайды, алайда бұл қылмыстық құқықбұзушылық түрінің саны 2020 жылдан бастап 1,6 есеге азайды. Осы қылмыстық құқықбұзушылық түрінен кейін аталған санаттағы тұлғалармен жиі жасалатын қылмыстық құқықбұзушылық түрі алаяқтық (ҚР ҚК-нің 190-бабы) болып табылады, оның үлесі 12,33 пайызды құрайды. Ал ұсақ ұрлық (ҚР ҚК-нің 187-бабы) түріндегі қылмыстық құқықбұзушылық пайыздық үлесі бойынша соңғы екі жылда (2021-2022 жылдарда орташа пайыздық үлесі 14,725 пайызға жеткен) өсу қарқынын көрсетуде.

Кесте №9. Экономикалық қылмыстық құқықбұзушылықтар бойынша көрсеткіштер[4]

жылдар	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022
жалпы саны	749	1123	995	881	495	572	738	580
шетелдіктермен жасалған қылмыстық құқықбұзушылықтар саны (жалпы санынан үлесі %)	54 (7,38)	48 (4,27)	40 (4,02)	47 (5,33)	22 (4,44)	21 (3,67)	33 (4,47)	15 (2,59)
экономикалық контрабанда (187-бап)	27 (50)	9 (18,75)	7 (17,5)	14 (29,79)	0	5 (23,81)	9 (27,27)	1 (6,67)

2015-2022 жылдар аралығындағы экономикалық қылмыстық құқықбұзушылықтар статистикасы (Кесте №9) бойынша қарастырылып жатқан

санаттағы тұлғалармен жиі жасалатын құқықбұзушылықтардың ішінде экономикалық құқықбұзушылықтардың көрсеткіштері басқа жиі жасалатын құқықбұзушылықтардың көрсеткіштерімен салыстырғанда төмен. Бұл әрине аталған санаттағы тұлғалармен жасалған экономикалық қылмыстық құқықбұзушылық санының сол аралықта жасалған экономикалық қылмыстық құқықбұзушылықтардың жалпы санының төмендеуімен байланысты. Ал мұндай жағдайдың орын алуы 2014 жылы ҚР Қылмыстық заңның қабылдануымен байланысты болды, себебі осы жаңа Қылмыстық заңмен бұрынғы 1997 жылғы Қылмыстық заңда орын алған бірқатар экономикалық қылмыс құрамдары декриминализацияланды. Сондай-ақ 2019 жылдан бастап ондай қылмыстық құқықбұзушылықтардың жалпы санының азаю, сәйкесінше аталған санаттағы тұлғалармен жасалған экономикалық қылмыстық құқықбұзушылықтардың санында төмендеу үрдісін көрсетті. Бұл қылмыстық құқықбұзушылықтардың ішінде аталған санаттағы тұлғалармен ең жиі жасалатын қылмыстық құқықбұзушылық түрі экономикалық контрабанда (ҚР ҚК-нің 187-бабы) болып табылады. Аталған қылмыстық құқықбұзушылықтың қарастырылып жатқан есептік кезеңдегі ең жоғарғы көрсеткіші 2015 жылға сәйкес келді, одан кейінгі жылдары тек төменгі көрсеткіштерге ие болды, ал 2019 есептік жылы бұл қылмыстық құқықбұзушылық түрі мүлдем жасалмаған.

Кесте №10. Қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтар бойынша көрсеткіштер[4]

жылдар	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022
жалпы саны	11182	9267	8071	7377	6200	4364	3270	3533
шетелдіктермен жасалған қылмыстық құқықбұзушылықтар саны (жалпы санынан үлесі %)	292 (2,61)	273 (2,95)	290 (3,59)	334 (4,53)	321 (5,18)	163 (3,74)	169 (5,17)	234 (6,62)
айналыстан алып қойылған немесе айналысы шектелген заттардың контрабандасы (286-бап)	74 (25,34)	101 (37)	139 (47,93)	189 (56,59)	210 (65,42)	75 (46,01)	93 (55,03)	151 (64,53)
бұзақылық (293-бап)	198 (67,81)	151 (55,31)	129 (44,48)	102 (30,54)	69 (21,50)	64 (39,26)	54 (31,95)	47 (20,09)

2015-2022 жылдар аралығында шетел азаматтарымен және азаматтығы жоқ тұлғалармен жасалған қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтардың саны осы аралықта жасалған аталған қылмыстық құқықбұзушылықтардың жалпы санының орташа есеппен 5,44 пайызын құраған. Осы қылмыстық құқықбұзушылықтар тобында ең жиі жасалатын қылмыстық құқықбұзушылықтар түрлері айналыстан алып қойылған немесе айналысы шектелген заттардың контрабандасы (ҚР ҚК-нің 286-бабы) және бұзақылық (ҚР ҚК-нің 293-бабы). Бұл аталған екі қылмыстық

құқықбұзушылық құрамдарының саны шетел азаматтарымен және азаматтығы жоқ тұлғалармен жасалған қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтардың жалпы санының орташа есеппен 88 пайызын құрайды. Айналыстан алып қойылған немесе айналысы шектелген заттардың контрабандасы (ҚР ҚК-нің 286-бабы) 2015-2019 жылдар аралығында өсу қарқыны көрсетті (осы аралықта жыл сайын 21,8 пайызға өсіп отырған), ал 2020 есептік жылғы көрсеткіш 2015 есептік жылдағы көрсеткішке теңелген. 2021 есептік жылдан бастап аталған қылмыстық құқықбұзушылық саны қайтадан өсу қарқынын көрсетуде. Бұзақылық (ҚР ҚК-нің 293-бабы) қылмыстық құқықбұзушылығы жасалу көрсеткіші керісінше жыл сайын азаюда, 2015 есептік жылы ең жоғары көрсеткіші 198 қылмыстық құқықбұзушылық болса, 2022 есептік жылы ол қылмыстық құқықбұзушылық саны 47 құрады, яғни 8 жыл ішінде 4,21 есеге азайған.

Кесте №11. Халықтың денсаулығы мен құлықтылыққа қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтар бойынша көрсеткіштер[4]

жылдар	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022
жалпы саны	6107	5955	6301	5925	4872	5526	4694	4321
шетелдіктермен жасалған қылмыстық құқықбұзушылықтар саны (жалпы санынан үлесі %)	131 (2,15)	112 (1,88)	97 (1,54)	97 (1,64)	96 (1,97)	130 (2,35)	118 (2,51)	121 (2,80)
есірткі, психотроптық заттармен, сол тектестермен өткізу мақсатынсыз заңсыз жұмыс істеу (296-бап)	83 (63,36)	69 (61,61)	55 (56,70)	63 (64,95)	55 (57,29)	97 (74,62)	85 (72,03)	73 (60,33)
есірткі, психотроптық заттармен, сол тектестермен өткізу мақсатында заңсыз дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, тасымалдау, жөнелту не өткізу (297-бап)	36 (27,48)	22 (19,64)	23 (23,71)	10 (10,31)	23 (23,96)	18 (13,85)	22 (18,64)	29 (23,97)

Шетел азаматтарымен және азаматтығы жоқ тұлғалармен жасалған екі қылмыстық құқықбұзушылық құрамы: есірткі, психотроптық заттармен, сол тектестермен өткізу мақсатынсыз заңсыз жұмыс істеу (ҚР ҚК-нің 296-бабы) және есірткі, психотроптық заттармен, сол тектестермен өткізу мақсатында заңсыз дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, тасымалдау, жөнелту не өткізу (ҚР ҚК-нің 297-бабы) халықтың денсаулығы мен құлықтылыққа қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтардың жалпы санының орташа есеппен 84 пайызын құрайды. Сонымен қатар есірткі, психотроптық заттармен, сол тектестермен өткізу мақсатынсыз заңсыз жұмыс істеу (ҚР ҚК-нің 296-бабы) түріндегі қылмыстық құқықбұзушылық аталған санаттағы тұлғалармен жиі жасалады және оның жасалау көрсеткіші 2020 есептік жылы ең жоғары (саны 97) болды.

Көші-қон қылмыстылығының ішінде меншікке қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтармен қатар ең жиі тіркелген қылмыстық

құқықбұзушылықтардың тобы бұл басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтар болып табылады. Бұл қылмыстық құқықбұзушылықтардың статистикасын №12 кестеден көруге болады.

Кесте №12. Басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтар бойынша көрсеткіштер[4]

жылдар	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022
жалпы саны	5365	5728	5099	4330	3270	3328	2568	2373
шетелдіктермен жасалған қылмыстық құқықбұзушылықтар саны (жалпы санынан үлесі %)	838 (15,62)	1019 (17,79)	1124 (22,04)	1111 (25,66)	312 (9,54)	304 (9,13)	322 (12,54)	267 (11,25)
жалған құжаттарды, мөртаңбаларды және т.б. қолдан жасау, дайындау немесе өткізу (385-бап)	106 (12,65)	50 (4,91)	63 (5,60)	30 (2,70)	31 (9,94)	68 (22,37)	21 (6,52)	18 (6,74)
ҚР Мемлекеттік шекарасын заңсыз кесіп өту (392-бап)	251 (29,95)	220 (21,59)	213 (18,95)	185 (16,65)	176 (56,41)	167 (54,93)	250 (77,63)	209 (78,28)
шығарып жіберу туралы шешімді орындамау (393-бап)	395 (47,13)	659 (64,67)	751 (66,81)	825 (74,25)	51 (16,35)	1 (0,33)	-	-

Басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтардың ішінде шетел азаматтарымен және азаматтығы жоқ тұлғалармен ҚР ҚК-нің 392-бабында қарастырылған ҚР Мемлекеттік шекарасын заңсыз кесіп өту түріндегі қылмыстық құқықбұзушылық түрі жиі жасалған. Бұл қылмыстық құқықбұзушылық түрін жасаудың 2021 жылғы көрсеткіші 2015 жылғы көрсеткішке теңелген және 2015-2022 жылдар аралығында пайыздық үлесі ең жоғары болған. Мұндай үрдіс одан кейінгі 2022 есептік жылда да орын алған және оның өсуі COVID пандемиясына байланысты орын алған шектеулерге байланысты болды. Ал басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтардың ішінде орташа есеппен 54 пайызы шетел азаматтарымен және азаматтығы жоқ тұлғалармен жасалатын қылмыстық құқықбұзушылық құрамы шығарып жіберу туралы шешімді орындамау (ҚР ҚК 393-бап) болып табылған. Бұл қылмыстық құқықбұзушылық түрін жасау көрсеткіші 2019 жылға дейін жыл сайын өсу қарқынын көрсетті.

Көші-қон қылмыстылығының криминологиялық сипаттамасын берудегі келесі белгі бұл қылмыстық құқықбұзушылықтың жасалау аймағы болып табылады.

Кесте №13. ҚР аймақтары бойынша шетелдіктермен жасалған қылмыстық құқықбұзушылықтардың көрсеткіштер[4]

жылдар	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022	орташа
шетелдіктермен жасалған қылмыстық құқықбұзушылықтар саны	2982	3066	3296	3238	2597	2963	2626	2593	
Астана қаласы	287	365	349	344	223	200	152	184	263
Ақмола облысы	94	78	83	71	62	80	64	67	75
Алматы қаласы	630	622	560	610	555	342	261	263	480

Алматы облысы	189	275	334	255	268	236	216	163	242
Шымкент қаласы	-	-	-	66	76	65	40	60	62
Түркістан облысы	212	230	340	374	194	134	141	186	226
Ақтөбе облысы	65	76	93	70	83	54	58	53	69
Атырау облысы	111	111	153	88	68	64	47	67	89
Қызылорда облысы	27	38	26	32	24	19	16	12	24
Шығыс Қазақстан облысы	196	147	177	135	105	51	50	45	113
Жамбыл облысы	291	292	277	244	231	141	182	149	226
Батыс Қазақстан облысы	110	108	82	95	63	69	46	59	79
Қостанай облысы	103	113	110	137	94	83	94	92	103
Маңғыстау облысы	200	210	308	305	256	207	156	171	227
Павлодар облысы	6	24	15	23	29	22	25	13	20
Солтүстік Қазақстан облысы	133	83	105	84	75	48	42	55	78
Қарағанды облысы	129	122	116	106	104	100	66	53	100

Шетелден көшіп келушілердің басым көпшілігі экономикасы дамушы Қазақстанның аумақтарына, қалаларына орналасуда, сонымен қатар шекараға жақын орналасқан аумақтарға орналасуда. Сәйкесінше осы аталған аумақтарда, ірі қалаларда басқа аумақтармен, қалалармен салыстырғанда шетелдік көшіп-қонушылармен жасалатын қылмыстық құқықбұзушылықтардың көрсеткіші жоғары. Біздің ірі мегаполистер саналатын Алматы және Астана қалаларында мұндай көрсеткіштерде жоғары, себебі бұл қалаларда жұмыс орнын беретін жұмыс берушілер, құрылыс компаниялар саны басқа қалаларға қарағанда өте көп. Түркістан, Маңғыстау облыстары Өзбекстан Республикасымен шекаралас болғандықтан, ол жақ аталған елдің азаматтарының келіп-кетуіне ыңғайлы болып табылады және олар көп жағдайда кезеңдік, құрылыс жұмыстарын жасауға келеді. Бұрынғы Оңтүстік Қазақстан облысы кәзіргі Түркістан, Жамбыл облыстарында әр жылдың сәуір-қараша айларында шетелдік көшіп-қонушылар саны жоғары болады, бұл көп жағдайда аталған өңірдегі бау-бақша, егістік жұмыстарымен тығыз байланысты. Сонымен қатар мұндай жағдай Алматы облысында орын алуда. Бұл обылыс еліміздің мегаполисі саналатын Алматы қаласымен шекаралас жатуыда шетел азаматтарымен азаматтығы жоқ тұлғалардың көп келетін аймақ болып табылады.

№13 Кестеден еліміздің аймақтарындағы көші-қон қылмыстылығының деңгейі көрсетілген. Еліміздің ірі қалалары саналатын Алматы қаласында 2015-2022 жылдар аралығында жыл сайын орташа есеппен 480 қылмыстық құқықбұзушылықтар шетел азаматтарымен және азаматтығы жоқ тұлғалармен жасалған, одан кейін тағы бір ірі қала Астана қаласында аталған аралықта аталған санаттағы тұлғалармен жасалған жыл сайын орташа есеппен 263 қылмыстық құқықбұзушылықтар тіркелген. Тұрғындар саны бойынша мегаполис саналатын Шымкент қаласында аталған санаттағы тұлғалармен жасалған қылмыстық құқықбұзушылықтар саны жоғарыдағы қалаларға қарағанда бірнеше есе аз орын алған (Астана қаласына шамамен 4 есе аз, Алматы қаласынан шамамен 7 есе аз), бірақ жекелеген тұтастай бір облыста жасалған қылмыстық құқықбұзушылықтар санымен тең келеді (мысалы, Ақтөбе облысы аумағында аталған санаттағы тұлғалармен жасалған

қылмыстық құқықбұзушылықтар санымен).

Облыстардың ішінде жоғарыда айтып кеткеніміздей, Алматы қаласымен шекаралас Алматы облысында ондай қылмыстық құқықбұзушылықтар аталған аралықта жыл сайын орташа есеппен 242 тіркелсе, қалған облыстарда, атап айтқанда Түркістан, Маңғыстау, Жамбыл облыстарында жыл сайын орташа есеппен 226 қылмыстық құқықбұзушылықтар тіркеледі. Ал Шығыс Қазақстан, Қостанай, Қарағанды облыстарында орташа есеппен 100 қылмыстық құқықбұзушылықтар тіркеледі.

Өзбекстан, Қырғызстан және Тәжікстан Республикаларынан келетін «кезеңдік көшіп-қонушылар» есебінен заңсыз еңбек көші-қонының өсуі туралы Тұжырымдамада айтылған болатын[78].

Түркістан, Маңғыстау облыстары Өзбекстан Республикасымен шекаралас жатқандықтан бұл аумақтарда қылмыстық құқықбұзушылықтар жасауда аталған елдің азаматтары басымдылық танытады, ал Жамбыл облысы Қырғызстан Республикасымен шекаралас жатқандықтан бұл аумақта аталған елдің азаматтары басымдылық танытуда.

№13 Кестеден көретініміз, көші-қон қылмыстылығының деңгейі басқа мемлекеттермен шекаралас жатқан облыстардың аумақтарында жоғары, мысалы, Түркістан, Маңғыстау, Жамбыл, Шығыс Қазақстан, Қостанай облыстарының аумақтарында.

Сонымен осы тараушаны қорытындылай келе көші-қон қылмыстылығының келесідей криминологиялық сипаттамасын беруге болады.

2008-2014 жылдар аралығында шетел азаматтарымен азаматтығы жоқ тұлғалардың жасаған қылмыстарының көрсеткіші жалпы тіркелген қылмыстардың орташа есеппен 2,4 пайызын құрады және орташа есеппен 2174 қылмыс тіркелген. Аталған жылдар аралығында 15217 қылмыс тіркелді. Ал 2015-2022 жылдар аралығында аталған көрсеткіш 2,5 пайызды құрады және орташа 2920 қылмыстық құқықбұзушылық (23361) тіркелген. 2015-2022 жылдар аралығында аталған санаттағы тұлғалармен қылмыстық құқықбұзушылықтар жасау көрсеткіші орташа 746 қылмыстық құқықбұзушылыққа (34,56 пайызға) өскен. Жалпы аталған санаттағы тұлғалармен жасалған қылмыстық құқықбұзушылықтар санының өсуіне 2011 жылы 18 қаңтардағы ҚР Заңымен енгізілген шығарып жіберу туралы шешімді орындамау түріндегі жаңа қылмыс құрамы (ҚР ҚК-нің 330-1-бабы) және 2015 жылы күшіне енген жаңа Қылмыстық заң ықпал етті. Зерделеніп жатқан жылдардың ішінде аталған санаттағы тұлғалармен жасалған қылмыстық құқықбұзушылықтардың ең жоғары көрсеткіші 2017 жылы тіркелді. Ал 2019 жылдың 21 қаңтарындағы өзгерістер бойынша ҚР ҚК-нің 393-бабымен қарастырылған шығарып жіберу туралы шешімді орындамау түріндегі қылмыстық құқықбұзушылық құрамы декриминализацияланды осыған байланысты аталған санаттағы тұлғалармен жасалған қылмыстық құқықбұзушылықтардың саны төмендеді, сонымен бірге олардың төмендеуіне COVID пандемиясына байланысты шектеулерде елеулі ықпалын тигізді.

Шетел азаматтарымен және азаматтығы жоқ тұлғалармен жасалған

қылмыстық құқықбұзушылықтардың ішінде қылмыстар жиі жасалған (қылмыстар қылмыстық теріс қылықтарға қарағанда орташа есеппен 2,91 есе артық жасалған).

Сонымен қатар аталған санаттағы тұлғалармен ауырлығы орташа қылмыстар жиі жасалады (2015-2022 жылдар аралығында орташа есеппен қалған санаттағы барлық қылмыстардың 48 пайызын құрайды).

Көші-қон қылмыстылығының деңгейінде ТМД кіретін мемлекеттердің азаматтарының үлесі өте жоғары (ТМД-ға кірмейтін мемлекеттердің азаматтарымен және азаматтығы жоқ тұлғалармен жасалған қылмысты құқықбұзушылықтар санынан 5 есе артық), алайда 2020 жылдан бастап ТМД-ға кірмейтін мемлекеттердің азаматтарымен және азаматтығы жоқ тұлғалармен жасалған қылмысты құқықбұзушылықтар саны алдыңғы жылдармен салыстырғанда 4 есеге күрт өскен.

Шетел азаматтарымен азаматтығы жоқ тұлғалармен жиі жасалтын қылмыстық құқықбұзушылықтар түрлеріне тоқталатын болсақ, меншікке қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтар ең жиі жасалады (2015-2022 жылдар аралығында жалпы саны 9344 қылмыстық құқықбұзушылық тіркелген, орташа есеппен жыл сайын 1168 қылмыстық құқықбұзушылық жасалады).

Бұл қылмыстық құқықбұзушылықтар тобының ішінде аталған санаттағы тұлғалармен ең жиі жасалатын қылмыстық құқықбұзушылық құрамы бұл ұрлық(ҚР ҚК-нің 188-бабы) ол аталған санаттағы тұлғалармен жасалған меншікке қарсы құқықбұзушылықтардың жалпы санының 61,07 пайызын құрайды және алаяқтық (ҚР ҚК-нің 190-бабы), ол сәйкесінше 12,33 пайызды құрайды.

Меншікке қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтардан кейін басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтарда жиі жасалады (2015-2022 жылдар аралығында жалпы саны 5297 қылмыстық құқықбұзушылық тіркелген, орташа есеппен жыл сайын 662 қылмыстық құқықбұзушылық жасалады). Бұл қылмыстық құқықбұзушылықтар тобының ішінде 2019 жылға дейін шығарып жіберу туралы шешімді орындамау (ҚР ҚК-нің 393-бап) түріндегі қылмыстық құқықбұзушылық жиі жасалды (басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтардың жалпы санының орташа есеппен 54 пайызы), ал одан кейін ҚР Мемлекеттік шекарасын заңсыз кесіп өту(ҚР ҚК-нің 392-бабы) түріндегі қылмыстық құқықбұзушылық түрі жиі жасалған (жыл сайын орташа есеппен 209 қылмыстық құқықбұзушылық жасалады, 2019 жылдан кейінгі оның басқаруға қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтардың жалпы санындағы үлесі 65 пайызды құрайды).

Қазақстан Республикасының аймақтары бойынша көші-қон қылмыстылығының көрсеткіштері шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалар көп шоғырланған, жұмыс берушілер саны көп, еліміздің мегаполистері болып саналатын Алматы (2015-2022 жылдар аралығында жыл сайын орташа есеппен 480 қылмыстық құқықбұзушылықтар тіркелген) және Астана (2015-2022 жылдар аралығында жыл сайын орташа есеппен 263 қылмыстық құқықбұзушылықтар тіркелген) қалаларында жоғары. Ал

облыстардың ішінде Алматы (жыл сайын орташа есеппен 242 қылмыстық құқықбұзушылықтар), Түркістан (жыл сайын орташа есеппен 226 қылмыстық құқықбұзушылықтар), Маңғыстау (жыл сайын орташа есеппен 227 қылмыстық құқықбұзушылықтар) және Жамбыл (жыл сайын орташа есеппен 226 қылмыстық құқықбұзушылықтар) облыстары көш бастап тұр. Түркістан, Жамбыл облыстарында сәуір-қараша айлары аралығында көрші мемлекеттерден келетін кезеңдік көшіп-қонушылар жасалған қылмыстық құқықбұзушылықтар есебінен саны өседі. Сондай-ақ көші-қон қылмыстылығының деңгейі басқа мемлекеттермен шекаралас жатқан Түркістан, Маңғыстау, Жамбыл, Шығыс Қазақстан, Қостанай облыстарының аумақтарында жоғары.

2.2 Көшіп-қонушы қылмыскердің жеке басының криминологиялық мінездемесі

Қылмыскердің жеке басына тән қасиеттер, ерекшеліктер, белгілер онда қылмыстық жүріс-тұрыстың қалыптасуына ықпал етеді, сондықтан ондай тұлғаларға қатысты профилактикалық іс-шараларды тиімді жүзеге асыру үшін олардың жеке басын криминологиялық тұрғыдан зерделеу қажетті.

Қылмысқа қатысты профилактикалық іс шара жүргізу мақсатында қылмыскерде қылмыстық жүріс-тұрысты тудыратын қасиеттер мен белгілерді анықтау және оларды бағалау үшін қылмыскердің жеке басына қатысты криминологиялық зерделеу жүргізіледі. Осы жерде қылмыскердің жеке басы, қылмыстық жүріс-тұрыстың себебтері мен тетігі және қылмыстардың профилактикасы сияқты үш түйінді криминологиялық проблемалардың біртұтастығы көрінеді[203].

Қылмыскердің жеке басына қатысты криминология ғылымында әлі күнге дейін пікірталастар орын алуда. Пікірталастың туындауына келесідей мәселелер ұйытқы болды: қылмыскердің жеке басының ұғымы, оның ерекшеліктері, оның қылмыс жасаудағы алатын орны, қылмыстық іс-әрекеттерге жол бермес үшін оған ықпал ету шаралары[204,122б.].

Осы проблемалардың ішінде қылмыскердің жеке басын анықтау проблемасына қатысты әлі күнге дейін ғалымдардың арасында бірыңғай пікір қалыптасқан жоқ. Бұл жағдай криминология ғылымында қылмыскердің жеке басының ұғымына қатысты ғалымдардың екі топқа бөлінуіне ықпал етті. Бірінші топтағы ғалымдар қылмыскердің жеке басы қылмыскер емес басқа азаматтардың жеке басынан ерекшеленеді және олар дербес зерттеу объектісі бола алады деген пікірде. Осындай ғалымдардың бірі З.А. Астемированың пікірінше, қылмыскердің жеке басы қылмыскердегі биологиялық ұқсас және әлеуметтік алынған психологиялық қасиеттердің және жағымсыз, анық криминогендік сипаттағы мінезінің белгілерінің ықпалымен қылмыс жасаған адамды сипаттайтын, типтік ұғым[205,57б.]. Осы топтағы келесі ғалым С.С. Молдабаевтың пікірінше, «қылмыскердің жеке басы» ұғымы орын алуы тиіс. Ол екі мағынада қолданылады. Біріншіден, ол адамдардың белгілі бір типін сипаттайтын тектік ұғым ретінде қолданылады. Екіншіден, қылмыс жасаған

адамның жеке басы туралы сипаттайтын ұғым ретінде қолданылады[206,77б.].

Ал екінші топтағы ғалымдар И.И. Карпец, Ю.Д. Блувштейн қылмыскердің жеке тұлғасы айрықша бөліп көрсетуге жататын ұғым емес дейді. Олардың пікірінше, қылмыскердің жеке басы ұғымы қылмыстық заңды бұзған және қылмыс жасаған тұлғаға сілтеме жасаумен ғана шектеледі, ал бұл үшін қылмыс субъектісі ұғымының мазмұнын ашу жеткілікті дейді[207,102б.]. Қылмыскердің жеке басын зерделеу нақты құқықтық негізде жүзеге асуы тиіс, яғни заң бойынша қылмыс субъектісі деп танылған тұлғаның ғана жеке басы зерделенуі тиіс, осыған байланысты қарастырылып жатқан санат уақытпен шектелген: сотпен расталған қылмыс жасаған сәттен түзелгендігін бекіткенге дейінгі емес қылмыстық жазаны өтеп болағанға дейінгі аралықты қамтуы тиіс. Жазаны өтеп болғаннан кейін адам қылмыскер емес, сондықтан қылмыскердің жеке басы ретінде қарауға жатпайды[207,24б.;208,48-54бб.]. Әрине мұндай пікірлермен келісу қиын себебі қылмыстық құқықбұзушылықтарға қарсы күресте тиімді профилактикалық іс-шараларды жүзеге асыру үшін ең алдымен сол қылмыстық құқықбұзушылықтарды жасаған тұлғаларды оны жасауын қандай өмірлік жағдайлардың ықпал еткендігін анықтап алу қажетті. Ал ондай өмірлік жағдайлардың шеңберін мүмкіндігінше толық және дұрыс анықтау арқылы ғана біз ондай тұлғалардың жүріс-тұрысына, мінез құлқына тиімді түрде ықпал ете аламыз.

Қылмыскердің жеке басының мінездемесін беру белгілі бір белгілер бойынша жүзеге асады. Мұндай белгілерді әр автор әртүрлі жіктеген.

Е.И. Каиржанов қылмыскердің жеке басының мінездемесін әлеуметтік-демографиялық, әлеуметтік-рольдік, қылмыстық құқықтық және криминологиялық және т.б. белгілер арқылы беруді ұсынған[209,85б.].

А.И. Алексеевтің жіктеуі бойынша қылмыскердің жеке басын сипаттау келесідей белгілер бойынша жүзеге асады:

1) Әлеуметтік демографиялық белгілер: жынысы, жасы, әлеуметтік, отбасылық және лауазымдық жағдайы, кәсібі, материалдық қамтылу деңгейі, тұрақты мекен-жайының бар немесе жоқ екендігі және т.б.;

2) Қылмыстық құқықтық белгілер: жасалған қылмысының түрі, оны жасаудағы себептілік, кінә нысанадры, қылмыстық іс-әрекеттің жалғыз адаммен немесе топпен жасалу сипаты, соттылығы және т.б. мәліметтер:

3) Құлықтылық қасиеттері және психологиялық ерекшеліктері: қажеттіліктері, қызығушылығы, көзқарасы, наным-сенімі, құндылық бағдары және т.б.[210,84-91бб.].

Ю.М. Антонян қылмыскердің жеке басын криминологиялық сипаттау келесідей белгілердің көмегімен жүзеге асады дейді: философиялық, әлеуметтік, психологиялық, этникалық, экономикалық, демографиялық, құқықтық, медициналық[211,39-40бб.].

Ал көшіп-қонушы қылмыскердің жеке басына криминологиялық мінездеме беруде ғалымдар әртүрлі белгілерді қолданған.

К.И. Богомолова көшіп-қонушы қылмыскердің криминологиялық мінездемесін берген кезде келесідей белгілерді қолданған: әлеуметтік-

демографиялық белгілерді жынысы, жасы, білім деңгейі, отбасылық жағдайы, азаматтығы, қабылдаушы мемлекеттің заңына бағыну дәрежесі (иммунитеті және артықшылығы жоқ шетел азаматтары; қоныстанған мемлекеттің заңынан қолданылмайтын шетел азаматтары), елде болу ұзақтығы (қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді, тұрақты), елге келу мақсаты бойынша (қоғамдық жұмыстар бойынша, жеке істері бойынша, бұрынғы КСРО аумағы бойынша транзитпен өтуші, жұмыс табу мақсатында келгендер, қызметтік істер бойынша), ел аумағына кіру тәсілі бойынша (заңды түрде келгендер, заңсыз түрде кіргендер), айналысатын кәсібі, орташа табысы, бұрынғы тұрған жері (алыс шетелден келген, ТМД қатысушы мемлекетерден келген, тұрғылықты мекен-жайы жоқ және азаматтығы жоқ тұлғалар), тұратын жері (қала, аудан және т.б.), ұлты, құлықтылық-психологиялық, қылмыстық-құқықтық, қылмысты жасау себебі, қылмысты жеке өзі немесе топпен жасау, қылмысты қайталау, қылмыс жасауда алатын орны, жеңілдетуші және ауырлатушы мән-жайлар, тағайындалған жаза түрлері[54,61-82бб.].

В.Н. Балыков мұндай белгілерді келесідей топтарға жіктеген:

- 1) жынысы, жасы, кәсібі, шығу елі, азаматтығы;
- 2) ел аумағын кесіп өту сипаты;
- 3) жаңа тұрғылықты мекен-жайында болу мерзіміне байланысты бейімделу деңгейі (нольдiк, төмен, жоғары);
- 4) келген аймақта айналысатын кәсібі (заңды түрде жұмысқа орналасқан, жұмыссыз, заңсыз жұмыс, қылмыс жасаумен айналысу);
- 5) көшіп-қонушы қылмыскердің моральдық психологиялық ерекшеліктері;
- 6) қылмыстық құқықтық сипаттамасы (қылмыстық іс-әрекетінің бағыты және себебі, қылмыстық іс-әрекетті жасау ұзақтығы, қылмысқа қатысуда алатын орны, қылмысқа дайындық деңгейі (ұйымдастыру), қылмыс салдарына деген қатынасы)[200,84-85бб.].

Көші-қон қылмыстылығын зерттеуші басқа да ғалымдар жоғарыда аталған авторлармен қолданылған ұқсас белгілерді қолдана отырып, көшіп-қонушы қылмыскердің жеке басына криминологиялық мінездеме беруге тырысқан және олардың көпшілігі басты белгілер ретінде қылмыскердің шығу елін (азаматтығын), еңбек жағдайын, елге кіру жолдарын басшылыққа алған.

Жоғарыда аталған белгілерді және сот материалдарына жүргізілген талдау нәтижелерін басшылыққа ала отырып көшіп-қонушы қылмыскердің жеке басының келесідей криминологиялық мінездемесін беруге болады.

Көшіп-қонушы қылмыскердің жынысы бойынша. Бұл белгі негізінде қылмыстық құқықбұзушылық жасаған шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалардың арасында ер жынысты адамдармен қылмыстық құқықбұзушылықтар жиі жасалады.

2015-2022 жылдар аралығындағы қылмыстық құқықбұзушылықтардың жалпы статистикасы бойынша әйел жынысты адамдармен және ер жынысты адамадармен жасалған құқықбұзушылықтардың көрсеткіштерінің арақатынасын №14 Кестеден көруге болады.

Кесте №14. Жынысы бойынша жалпы қылмыстық құқықбұзушылықтардың көрсеткіштері[4]

жылдар	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022
жалпы қылмыстық құқықбұзушылықтар саны	108 455	117 743	115 682	108 290	99 508	76 459	64 110	61 583
ер жынысты адамдармен жасалған құқықбұзушылықтар саны	93 380 (86,10)	101 887 (86,53)	100 841 (87,17)	95 285 (87,99)	87 424 (87,86)	66 638 (87,16)	55 598 (87,72)	53 719 (87,23)
әйел жынысты адамдармен жасалған құқықбұзушылықтар саны	15 075 (13,90)	15 856 (13,47)	14 841 (12,83)	13 005 (12,01)	12 084 (12,14)	9 821 (12,84)	8 512 (13,28)	7 864 (12,77)

Орташа есеппен қылмыстық құқықбұзушылықтардың жалпы санының 12,91 пайызы әйел жынысты адамдармен жасалады. Ең жиі жасалатын қылмыстық құқықбұзушылықтардың түрі меншікке қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтар (меншікке қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтар жалпы санының орташа есеппен 15 пайызын құрайды, ал әйелдермен жасалатын меншікке қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтардың ішінде ұрлық орташа есеппен 53 пайызын, алаяқтық қылмыстық құқықбұзушылықтары орташа есеппен 26 пайызын құраған және бұл қылмыстық құқықбұзушылықтар әйелдермен жиі жасалатын қылмыстық құқықбұзушылықтар болып табылады(№15 Кесте), одан кейін адамның өмірімен денсаулығына қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтар, оның ішінде денсаулыққа ауыр зиян келтіру қылмыстық құқықбұзушылығы (адамның өмірімен денсаулығына қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтардың орташа есеппен 52 пайызын құрайды) жиі жасалады(№15 Кесте).

№15 Кесте. Әйелдермен жасалған меншікке қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтардың көрсеткіші[4]

жылдар	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022
меншікке қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтар саны	66444	75969	76484	72127	68055	48844	39694	38237
әйелдермен жасалған меншікке қарсы құқықбұзушылықтар саны	11020 (16,59)	11839 (15,58)	11255 (12,83)	9915 (13,75)	9683 (14,23)	7673 (15,71)	6426 (16,19)	5799 (15,17)
Ұрлық (188-бап)	5759 (52,26)	6650 (56,17)	6573 (58,40)	5723 (57,72)	5517 (56,98)	3875 (50,50)	3006 (46,78)	2666 (45,97)
Алаяқтық (190-бап)	2749 (24,95)	2559 (21,62)	2460 (21,86)	2433 (24,54)	2509 (25,91)	2184 (28,46)	1915 (29,80)	1812 (31,25)

№16 Кесте. Әйелдермен жасалған адамның өмірімен денсаулығына қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтардың көрсеткіші[4]

жылдар	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022
адамның өмірімен денсаулығына қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтар саны	7859	7638	7129	7088	7152	6280	5809	5525

әйелдермен жасалған адамның өмірімен денсаулығына қарсы құқықбұзушылықтар саны	604 (7,69)	571 (7,48)	543 (7,62)	582 (8,21)	521 (7,28)	520 (8,28)	466 (8,02)	427 (7,73)
Адам өлтіру (99-бап)	101 (16,72)	112 (19,61)	105 (19,34)	94 (16,15)	70 (13,44)	74 (14,23)	62 (13,30)	60 (14,05)
Денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру (106-бап)	289 (47,85)	274 (47,99)	286 (52,67)	322 (55,33)	277 (53,17)	272 (52,31)	244 (52,36)	237 (55,50)

Ал зерделенген 329 сот үкімдері бойынша қылмыстық құқықбұзушылықтар жасаған шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалардың 54 әйел адамдар, 275 ер адамдар болып табылады, яғни 16,41 пайызы әйел адамдармен қалған 83,59 пайызы ер адамдармен жасалған. Жоғарыда қарастырылған №14 кестедегі жалпы қылмыстық құқықбұзушылықтар бойынша көрсеткіштерге сәйкес келіп отыр.

Келесі белгі бұл көшіп-қонушы қылмыскердің жасы болып табылады. Бұл белгінің көмегімен қылмыскердің физикалық жағдайын және мүмкіндіктерінің, оның қажеттіліктері мен қызғушылықтарының, өмірлік ұстанымдарының, құндылық бағдарларының шеңберін анықтайды. Қылмыскердің жеке басын зерттеушілердің көпшілігі жасы үлкейе келе адам ағзасындағы физиологиялық және психологиялық өзгерістермен қатар, сондай-ақ жеке басымен: әдетімен, мінезімен, қылықтарымен және т.б. байланысты өзгерістер орын алады[213,326.].

2015-2022 жылдар аралығында жасалған қылмыстық құқықбұзушылықтардың ішінде қылмыстық құқықбұзушылықтарды жиі жасаушылар 21-49 жас аралығындағы, оның ішінде 30-39 жас аралығындағы тұлғалар болып табылады. Ал кәмелеттік жасқа толмағандармен жасалған қылмыстық құқықбұзушылықтардың үлесі қылмыстық құқықбұзушылықтардың жалпы санының 2,3 пайызын ғана құрайды.

Бізбен зерделенген сот материалдарынан қылмыстық құқықбұзушылықтар жасаған шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалардың жасы бойынша келесідей көрсеткіштер орын алды: 18-20 жас аралығында 19 адам (5,94 пайыз); 21-29 жас аралығында 92 адам (27,96 пайыз); 30-39 жас аралығында 110 адам (33,43 пайыз); 40-49 жас аралығында 61 адам (18,54 пайыз); 50-59 жас аралығында 37 адам (11,25 пайыз); 60 - одан жоғары жас аралығында 7 адам (2,13 пайыз).

Сонымен қылмыстық құқықбұзушылықтар жасаушы шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалардың орташа жасы 30-39 жас аралығында (33,43 пайыз) және бұл көрсеткіш жоғарыда атап кеткен жалпы көрсеткішке сәйкес келеді, ал кәмелетке толмаған шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалар мүлдем жоқ.

Көшіп-қонушы қылмыскердің жеке басын криминологиялық мінездемесін берудегі келесі белгі бұл олардың еңбек жағдайы болып табылады. Әрине Қазақстан аумағына қоныс аударудың ең басты себебтерінің бірі ретінде көшіп-қонушының өзіне және отбасына жақсы материалдық-қаржылық жағдай жасау болып табылатындығын ескеретін болсақ, көшіп-қонушылардың басым

көпшілігі Қазақстан аумағында жұмыс іздеуші жұмыссыздар болып келеді. Қылмыстық құқықбұзушылықтарды жасаған тұлғалардың айналысатын кәсібінің түрі бойынша жалпы статистикадағы жұмыссыздармен жасалған қылмыстық құқықбұзушылықтардың көрсеткіші №17 Кестеде көрсетілген.

№17 Кесте. Жұмыссыздармен жасалған қылмыстық құқықбұзушылықтардың көрсеткіші[4]

жылдар	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022
жалпы қылмыстық құқықбұзушылықтар саны	108455	117743	115682	108290	99508	76459	64110	61583
жұмыссыздармен жасалған құқықбұзушылықтар саны	87888 (81,04)	98044 (83,27)	96127 (83,10)	88302 (81,54)	82448 (82,86)	62321 (81,51)	50997 (79,55)	48853 (79,33)

Зерделеу нәтижесі көрсеткендей, қылмыстық құқықбұзушылық жасаған шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ тұлғалардың орташа есеппен 87,23 пайызы (287 адам) жұмыссыз болып табылады, ал қалған 3,95 пайызын (13 адам) жұмыспен қамтылған тұлғалар, (оның ішінде кәсіпкерлік қызметпен айналысады, қоғамдық тамақтандыру орындарында қызмет көрсетеді, компанияларда әртүрлі мамандықтар бойынша қызмет атқарады), 1,22 пайызын (4 адам) зейнеткерлер, 0,30 (1 адам) студент құрайды.

Қылмыскердің білім деңгейіде оның жеке басының криминологиялық мінездемесін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Қылмыстық құқықбұзушылық жасаған тұлғалардың білім деңгейі №18 Кестеде көрсетілген.

№18 Кесте. Қылмыстық құқықбұзушылық жасаған тұлғалардың білім деңгейі[4]

жылдар	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022
жалпы қылмыстық құқықбұзушылықтар саны	108455	117743	115682	108290	99508	76459	64110	61583
жоғары білімі бар тұлғалармен жасалған қылмыстық құқықбұзушылықтар саны	10188 (9,39)	10453 (8,88)	10210 (8,83)	10039 (9,27)	9366 (9,41)	7956 (10,41)	7693 (11,99)	7839 (12,73)
орта және арнаулы білімі бар тұлғалармен жасалған қылмыстық құқықбұзушылықтар саны	91244 (84,13)	100696 (85,52)	99642 (86,13)	93132 (86,00)	85505 (85,93)	65610 (85,89)	54165 (84,49)	51799 (84,11)

Қылмыстық құқықбұзушылық жасаған жұмыссыз шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ тұлғалардың басым көпшілігінің тек орта білімі ғана бар. Бұл жерден біз жұмыссыздықпен білім деңгейінің арасындағы тығыз байланыстың бар екендігін байқаймыз.

Жалпы қылмыстық құқықбұзушылық жасаушы тұлғалардың орташа есеппен 10 пайызының жоғарғы білімі барлар, ал орташа есеппен 85 пайызы орта және арнаулы білімі бар тұлғалар болып табылады(Кесте №18).

Жоғарғы білімі бар шетел азаматтарының Қазақстан аумағына көшіп келу статистикасына тоқталатын болсақ, 2000-2006 жылдар аралығында аталған санаттағы көшіп келушілердің санының өсімі байқалады, орташа есеппен жылына 7407 адам, ал 2007-2010 жылдар аралығында жыл сайын олардың саны төмендеп отырған, орташа есеппен жыл сайын 4299 адам келген, 2011-2013 жылдар аралығында 3363 адам болса, 2014-2021 жылдар аралығында 2463 адам болған, ал 2022 жылдан бастап ондай санаттағы адамдар санының қайтадан өсімі басталады, атап айтқанда 2022 жылы көрсеткіш 3925 адамды құрады[214]. Бұл көшіп келуші жоғары білімі бар шетел азаматтарының Қазақстан аумағына келушілердің жалпы санының орташа есеппен 18 пайызын құрайды. Сондай-ақ аталған көрсеткіштердің төмендеу себептерінің бірі берілетін еңбек квотасының мөлшерінің жыл сайын төмендетілуі және жоғарғы білімі бар шетел азаматтарының Қазақстанның еңбек нарығына қызығушылық танытпауында, ал 2022 жылы бірден 3925 адамға өсуінің себебі ретінде Ресейге салынған санкцияларға байланысты ресейлік компаниялармен бірге олардың мамандарының Қазақстан аумағына көшіп келуінде.

2022 жылға берілген еңбек квотасы бойынша шетелдік жұмыс күшін қажет ететін жұмыс түрлерінің көпшілігі жоғары білімді қажет ететін жұмыс түрлері[215] және заңды түрде жұмыс жасап жатқан шетел азаматтарының көпшілігі ҚХР-ның азаматтары, ал жоғары білімді қажет етпейтін кезеңдік жұмыстарда көршілес Өзбекстан Республикасының азаматтары басымдылық танытады[215].

Осындай жағдайды сот материалдарын зерделеу нәтижесінен де байқауға болады. Оның нәтижесі бойынша қылмыстық құқықбұзушылық жасаушы ҚХР-ның азаматтарының көпшілігінде жоғарғы білімі және тұрақты жұмысы бар, сәйкесінше құрылыс, мұнай-газ, тау-кен кәсіпорындарында әртүрлі мамандық бойынша қызмет атқарады. Ал қылмыстық құқықбұзушылық жасаушы көшіп-қонушылардың басым көпшілігі орташа есеппен 53,19 пайызы (175 адам) орта білімді, 3,04 пайызы (10) орта арнаулы білімі бар, 8,81 пайызы (29 адам) жоғарғы білімі бар тұлғалар.

Қылмыстық құқықбұзушылық жасаған шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалардың жеке басына криминологиялық мінездеме берудегі маңызды белгілердің бірі бұл олардың отбасылық жағдайы болып табылады. Бізбен жүргізілген зерделеу қортындысына сәйкес қылмыстық құқықбұзушылық жасаушы шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалардың 47,42 пайызы (156 адам) некеде тұрады, ал қалған 6,69 пайызы (22 адам) ажырасқан және 31,31 пайызы (103 адам) мүлдем отбасын құрмаған тұлғалар болып табылады.

Ал көшіп-қонушы қылмыскердің криминологиялық мінездемесін толық қалыптастыру үшін орын алған қылмыстық құқықбұзушылықтарды қай елдің азаматтарымен жасалғандығы көрсеткіштеріне тоқтала кетейік.

Шетел азаматтарымен азаматтығы жоқ тұлғалардың қылмыстық құқықбұзушылықтар жасау статистикасын тоқталатын болсақ, ол №19 Кестеде көрсетілген.

№19 Кесте. Шыққан елі бойынша шетел азаматтарымен азаматтығы жоқ тұлғалардың қылмыстық құқықбұзушылықтар жасау статистикасы[4]

жылдар	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022
жалпы саны	2918	3139	3086	3436	2963	2626	2593
өзге шетел азаматтарымен азаматтығы жоқ тұлғалармен	752 (25,77)	961 (30,31)	809 (26,22)	844 (24,56)	1003 (33,85)	972 (37,01)	724 (27,92)
ТМД азаматтарымен	2166 (74,23)	2178 (69,39)	2277 (73,78)	2592 (75,44)	1960 (66,15)	1654 (62,99)	1869 (72,08)
Әзербайжан	49 (1,68)	52 (1,66)	106 (3,43)	69 (2,01)	79 (2,67)	26 (0,99)	56 (2,16)
Армения	12	11	20	13	10	12	12
Беларусь	3	5	18	6	14	10	14
Қырғызстан	286 (9,80)	280 (8,92)	331 (10,73)	282 (8,20)	246 (8,30)	199 (7,58)	178 (6,86)
Молдова	6	23	5	6	2	0	10
Ресей	674 (23,10)	755 (24,05)	650 (21,06)	743 (21,62)	559 (18,87)	517 (19,69)	756 (29,16)
Тәжікстан	93 (3,19)	42 (1,34)	66 (2,14)	143 (4,16)	83 (2,80)	88 (3,35)	85 (3,28)
Түркменстан	14 (0,48)	28 (0,89)	31 (1,01)	23 (0,67)	20 (0,67)	19 (0,72)	29 (1,12)
Өзбекстан	971 (33,28)	935 (29,79)	1010 (32,73)	1277 (37,17)	917 (30,95)	736 (28,03)	712 (27,46)
Украина	46	43	44	24	21	23	14

2017 жылдан бастап шетел азаматтарымен және азаматтығы жоқ тұлғалардың ішінде ТМД кірмейтін мемлекеттердің азаматтарымен азаматтығы жоқ тұлғалар жасаған қылмыстық құқықбұзушылықтардың саны күрт өсу үрдісін көрсетті, егер 2008-2019 жылдар аралығындағы ондай санаттағы тұлғалар жасаған қылмыстық құқықбұзушылықтар орташа саны 163 болса (Кесте №19), 2020 жылы 1003 құрады, яғни 6,2 есеге өсті. Мұндай үрдіс одан кейінгі есеп жылдарында орын алды: 2021 жылы саны 972 болса (5,96 есеге өсті), 2022 жылы саны 724 (4,44 есеге өсті) құрады.

Ал ТМД азаматтарының ішінде қылмыстық құқықбұзушылықтарды Өзбекстан Республикасының азаматтары жиі жасайды, атап айтқанда шетелдіктермен жасалатын қылмыстық құқықбұзушылықтардың жалпы санының шамамен 31,34 пайызы жасалады, одан кейін Ресей Федерациясының азаматтарымен 22,51 пайызы жасалса, Қырғызстан Республикасының азаматтарымен 9,61 пайызы жасалады. Мұны аталған мемлекеттердің Қазақстан Республикасымен шекаралас жатуымен байланыстыруға болады. Бұл жерде тек Түркменстан Республикасының азаматтарымен жасалатын қылмыстық құқықбұзушылықтар саны ғана төмен, атап айтқанда орташа есеппен 0,79 пайызды құрады. Ресейдің Украинадағы соғысқа байланысты ел аумағында жариялаған жартылай әскери жұмылдыру іс-шаралары салдарынан Ресейден Қазақстан Республикасының аумағына шамамен 400 мың Ресей азаматтары көшіп келген[216], нәтижесінде 2022 жылдың қазан-желтоқсан

айларының ішінде Ресей азаматтарымен 351 (46,43 пайызы) қылмыстық құқықбұзушылық жасалған. 2022 есептік жылы Ресей Федерациясы азаматтарымен жасалған қылмыстық құқықбұзушылықтар саны бойынша ТМД кіретін мемлекеттерінің арасында көш бастады.

Ал Қазақстан Республикасымен ортақ шекарасы жоқ мемлекеттердің ішінде Тәжікстан Республикасының азаматтарымен қылмыстық құқықбұзушылықтар жиі жасалады орташа есеппен 2,89 пайызды құрады.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, ТМД мемлекеттері азаматтарымен шетел азаматтарымен азаматтығы жоқ тұлғаларды қоса алғанда, олардың тарапынан ең жиі жасалатын қылмыстық құқықбұзушылықтардың тобы меншікке қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтар болып табылады.

Жекелеген қылмыстық құқықбұзушылықтардың түрлері бойынша да Өзбекстан Республикасы мен Ресей Федерациясының азаматтарымен жасалған қылмыстық құқықбұзушылықтар көрсеткіштері жоғары. Алайда кейбір қылмыстық құқықбұзушылықтар түрлері бойынша кейбір есептік жылдары Ресей Федерациясының азаматтары оларды мүлдем жасамаған немесе жасау көрсеткіштері ең жоғары болған, атап айтқанда 2022 есептік жылы аталған мемлекеттің азаматтары адам зорлау қылмыстық құқықбұзушылығын мүлдем жасамаған, ал алаяқтық түріндегі қылмыстық құқықбұзушылық бойынша сол жылы аталған санаттағы тұлғалар арасында жалпы саны 480 қылмыстық құқықбұзушылық жасалса, соның 314 (65,42 пайызын) Ресей Федерациясының азаматтары жасаған. Жалпы ТМД мемлекеттерінің ішінде Ресей Федерациясының азаматтарымен алаяқтық қылмыстық құқықбұзушылық қылмысы ең жиі жасалады, атап айтқанда 2016-2022 жылдар аралығында 933 (35,26 пайыз) алаяқтық жасалған. Ал осы жылдар аралығында ТМД мемлекеттерінің ішінде Қырғыз Республикасының азаматтарымен контрабандамен байланысты қылмыстық құқықбұзушылықтар ең жиі жасалған: 294 (33,45 пайыз). Сондай-ақ бұл мемлекеттердің азаматтары есірткі заттардың заңсыз айналымымен байланысты қылмыстық құқықбұзушылықтарды да жиі жасалған: 238 (26,15 пайыз) (бұл Өзбекстан Республикасы азаматтарымен жасалған аталған қылмыстық құқықбұзушылықтар көрсеткішінен (317(34,84 пайыз)) кейінгі екінші көрсеткіш). Қарастырылып жатқан санаттағы тұлғалардың ішінде Өзбекстан Республикасының азаматтары адам зорлаумен байланысты қылмыстық құқықбұзушылықтарды жасауда басымдылық танытқан: 132 (51,16 пайыз).

Ал бізбен зерделенген сот материалдары бойынша ТМД кіретін мемлекеттерден: 33,43 пайызын (102 адам) Өзбекстан Республикасының азаматтары, 33,43 пайызын (102 адам) Қырғызстан Республикасының азаматтары, 10,33 пайызын (34 адам) Ресей Федерациясының азаматтары, 4,86 пайызын (16 адам) Азербайджан Республикасының азаматтары, 3 пайызын (10 адам) Тәжікстан Республикасының азаматтары, алыс шетелден 6,38 пайызын (21 адам) ҚХР азаматтары, 5,47 пайызын (18 адам) Ауғанстан Ислам Республикасының азаматтары, сондай-ақ Пәкістан Ислам Республикасының Куба, Италия, Иран Ислам Республикасының, Түркия Республикасының

азаматтары құрады, ал азаматтығы жоқ тұлғалар кездеспеді.

Қылмыстық құқықбұзушылық жасаған шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалардың жеке басына криминологиялық мінездемесін қалыптастырудағы қылмыстық-құқықтық белгілердің тағайындалған қылмыстық жаза түрлеріде маңызды мәнге ие. Ол белгі бойынша сот материалдарын зерделеу көрсеткендей, 203 адамға (61,70 пайыз) шартты түрде бас бостандығынан айыру жазасы, 25 адамға (7,6 пайыз) бас бостандығынан айыру жазасы, 5 адамға (1,52 пайызы) бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған, алайда оларға рақымшылық жарияланған, 96 адамға (29,18 пайызы) айыппұл түріндегі жаза тағайындалған және олардың барлығына бес жыл мерзімге ҚР аумағына кіруге тыйым сала отырып ҚР шегінен шығарып жіберу жазасы қолданылған.

Қылмыстық құқықбұзушылық жасаудағы ниет сияқты белгілерді пайдалана отырып көшіп-қонушы қылмыскердің криминологиялық мінездемесін береміз. Қылмыстық құқықбұзушылық жасаудағы шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалардың басым бөлігінің ниеті пайда табу болып табылады. Көп жағдайда шетел азаматтарының материалдық жағдайы төмен болғандықтан Қазақстан аумағына өзінің мәпақасын табу үшін келеді және жоғарыда айтып кеткеніміздей, аталған тұлғалар санатының арасында меншік қарсы құқықбұзушылықтар өте жиі (2015-2022 жылдар аралығында жасалған қылмыстық құқықбұзушылықтардың жалпы санының 40 пайызын меншік қарсы құқықбұзушылықтар құрайды) жасалады.

Осы пайдақорлық ниеттің пайда болуына қылмыскердің тұрақты мекен-жайы болу немесе болмау ықпалын қарастыра кетейік. Құқық бұзушылардың тұрақты мекен-жайларының бар немесе жоқ болуы олардың маңызды сипаттамаларының бірі болып табылады. Өзімізге мәлім болғандай, бұл фактор жеке тұлғаны, оның қатынастарын, қажеттіліктері мен мүдделерінің мазмұны мен бағыттылығын, мәдениеттілік деңгейі мен әлеуметтік талаптарын едәуір сипаттайды. Ол күнелтуге қажетті қаржы алумен тікелей байланысты. Әдетте, тұрақты мекен-жайы жоқ адамдар бейімсіз, қалыпты әлеуметтік байланыстар мен пайдакүнемдік криминогендік қылмыскер тұлғасының концептуалдық мәселесі қатынас аясынан шығарылып тасталған, қоғам құндылықтарынан шеттетілген болады. Ұрлық жасауда, әсіресе жеке меншік мүлік ұрлауда айыпты адамдардың ішінде басқа барлық қылмыскерлер (қаңғыбастардан басқа) топтарына қарағанда, осындай тұрақты мекен-жайы жоқ адамдардың үлесі едәуір жоғары[217,288-294бб.]. Қылмыстық құқықбұзушылық жасаған шетел азаматы мен азаматтығы жоқ тұлғалардың тіркелегн мекен-жайынан басқа тұрақты мекен-жайы жоқ болып табылады. Көп жағдайда осы фактор оларда пайдақорлық ниеттің пайда болуына ықпал етеді.

Сонымен қатар ел аумағында қылмыстық құқықбұзушылық жасаушы шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалардың жеке басының психологиялық ерекшеліктеріне мән беру қажет. Себебі аталған тұлғалар өзіне үйреншікті емес басқа ортаға түседі, мұндай жағдайда ондай тұлғалардың психологиялық жағдайына ықпал етері сөзсіз. Бірқатар ғалымдар ондай

жағдайдың аталған тұлғалармен қылмыстық құқықбұзушылық жасауына ықпал ететіндігі туралы мәселе қозғаған болатын. Атап айтқанда К.И. Богомолова қылмыс жасаған шетел азаматтарымен азаматтығы жоқ тұлғалардың психологиялық ерекшеліктерін зерттеген кезде олардың өздерінің өмір сүруі мен қызмет етуіне үйреншікті емес жағдайда олардың жеке басы мен жүріс-тұрысындағы ерекшеліктерге назар аударуды ұсынады және автор психологиялық тұрғыдан олардың Ресей аумағына келуін бірқатар объективтік себептерге (олар үшін үйреншікті құндылық бағдарлар, жүріс-тұрысындағы стереотиптер(әдеттер) қажет болмай қалуы және елеулі түрде психологиялық қайта бағдар қалыптастыру) байланысты экстремальды деп сипаттауға болады дейді[218].

О.Д. Ситковская өз елінде бұрын қалыптасып қалған тұрмыстық және іскерлік жүріс-тұрыс стереотиптерінің (әдеттерінің) берік болуына байланысты шетелдіктер бұл стереотиптерін (әдеттерін) келген елінде нақты жағдайларға ауыстырады. Бұл қауіптілік Ресей Федерациясының аумағына келгеннен кейін шетел азаматының психикалық жағдайының өзіндік ерекшелігіне байланысты пайда болады[219,276.].

Сондықтан ел аумағына келген кез келген шетел азаматы немесе азаматтығы жоқ тұлғалар сол келген аумағына, ортасына үйренгенше белгілі уақыт керек, сол себепті ондай тұлғалардың сол ортаға тез бейімделуіне қажетті жағдайлар жасау орынды.

Сонымен қатар адамның өзінің жүріс-тұрысына бақылау жасауы деңгейімен мен оның құқықбұзушылықтар жасауының арасында байланыстар бар. Готфредсон мен Хиршидің өзінің жүріс-тұрысына бақылау деңгейінің төмендігі ілімінде жүріс-тұрысына бақылау деңгейінің төмен болуы және қылмыстарға, өзгеде құқықбұзушылықтарға қатысуы және жүріс-тұрысының аномальді сипатта болуы арасында елеулі байланыс бар екендігін көрсетеді. Ал иммигранттар арасында бұл байланыстың орын алуы мәселесін зерттеу өте маңызды, осы мақсатта біз қылмыс жасаушы иммигранттың өзінің жүріс-тұрысын бақылауы деңгейінің төмен болуы оны сол қылмыс жасауына ықпал етуші факторлардың бірі ретінде қарастырдық. Біздің зерттеуіміз иммигрант қылмыскердің өзінің іс-әрекетіне деген өзінің бақылау жасау деңгейімен ол жасаған қылмыстың, өзгеде құқықбұзушылықтардың арасында тығыз байланыстың бар екендігін көрсетті. Сонымен қатар иммигранттың өзінің жүріс-тұрысын бақылаудың төмен болуы сол жасаған құқықбұзушылығы үшін жазалау шараларын (қамауға алу, шартты мерзім тағайындау, қылмысы үшін соттау) қолдануға да себеп болып табылатындығын, оның жасөспірімдер қылмыстылығымен де тығыз байланысының бар екендігін, ондай бақылаудың төмен болуына есірткі заттарды құрбыларының пайдалануы да және бала кезіндегі ата-анасының берген тәрбиесінің төмен болуы да ықпал ететіндігін көрсетті. Елге келуші иммигранттардың келген елінде қылмыс жасауына оның өзінің жүріс-тұрысына деген өзіндік бақылау деңгейінің төмендігі де ықпал етеді[220].

Сондықтан шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ тұлғалардың

қылмыстық құқықбұзушылық жасауына итермелеуші факторлардың бірі ретінде онда өзіндік бақылау деңгейінің төмендігін қарастыру қажет. Осы өзінің жүріс-тұрысына бақылау жүргізу деңгейінің төмендеуіне жоғарыда атап кеткен басқа ортаға түсуіне байланысты күйзелісте болуы, жұмыс таба алмауы, қаражаттың болмауы, бұрынғы ортасында дағдыға айналған жүріс-тұрысы да және т.б. жағдайлар ықпал етеді.

Сонымен сот материалдары мен статистикалық материалдарды талдау нәтижесінде көшіп-қонушы қылмыскердің жеке басына келесідей криминологиялық мінездеме беруге болады: ер жынысты, жасы 30-39 жас аралығындағы, жұмыссыз, орта білімді, отбасы бар, Өзбекстан немесе Қырғызстан Республикаларының азаматы болып табылатын, бес жыл мерзімге ҚР аумағына кіруге тыйым сала отырып ҚР шегінен шығарып жіберу жазасына және бас бостандығынан айыру жазасына шартты түрде сотталған пайдақор тұлға.

2.3 Көші-қон қылмыстылығының алдын алу бойынша іс-шаралар жүйесін жетілдіру мәселелері

Көші-қон қылмыстылығының алдын алу бойынша іс-шараларды қалыптастыру қиында, күрделі жұмыстардың бірі болып табылады, себебі бұл жерде осы көші-қон қылмыстылығын қалыптастыратын шетел азаматтарымен және азаматтығы жоқ тұлғалармен жасалуы мүмкін қылмыстық құқықбұзушылықтардың алдын алу мәселесі орын алады. Ал жоғарыда талдау көрсеткендей, шетел азаматтарымен және азаматтығы жоқ тұлғалармен жасалған қылмыстық құқықбұзушылықтардың түрлері көп. Сондықтан бұл жерде көші-қон қылмыстылығының алдын алуда әртүрлі жоспардан тұратын, кешенді сипатқа ие іс-шаралар жүйесін қалыптастыру қажетті.

Жоғарыда жүргізілген талдаулар көрсеткендей, шетел азаматтарымен азаматтығы жоқ тұлғалармен жасалатын қылмыстық құқықбұзушылықтардың басым бөлігі ТМД мемлекеттерінің азаматтарымен жасалатындығын ескеретін болсақ, дәл осы мемлекеттермен кәзіргі таңда Қазақстан Республикасы визасыз режим орнатқан және ондай мемлекеттердің азаматтарының ел аумағына келуі заңды көші-қон болып табылғанымен, алайда визасыз режим мерзімі аяқталғаннан кейін ондай жолмен келуші шетел азаматтары ел аумағында қалуға әрекеттер жасап, заңсыз көші-қонушыға, ал мұндай көші-қон бақыланбайтын көші-қонға айналуда. Сондықтан көші-қон процестерін реттеу мәселесіне ерекше көңіл бөлген орынды және көші-қон процесін реттеудің әртүрлі тетіктері қолданылуда, алайда мұндай тетіктерді одан әрі жетілдіру қажеттілігі туындауда.

ҚР ӘҚТК-нің 916-бабының 1-тармағына сәйкес шетел азаматтарын және азаматтығы жоқ тұлғаларға қатысты әкімшілік тәртіпте тағайындалған ҚР аумағынан шығарып жіберу түріндегі әкімшілік жазалау шарасын орындау бойынша ондай тұлғаларға өзбетімен жүзеге асыру міндеті жүктелген және олардың ондай жаза түрін өзбетімен орындау сәйкес органдардың

бақылауымен жүзеге асады деген ереже белгіленген[173]. Енді осы әкімшілік жаза қаншалықты тиісті дәрежеде орындалатындығына көз жеткізу үшін келесі статистикалық көрсеткіштерге назар аудару қажет:

№20 Кесте. ҚР аумағынан шығарып жіберу түріндегі жазаны орындамау көрсеткіші[4]

жыл	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022
шығарып жіберу туралы шешімді орындамау (ҚР ҚК-нің 393-бабы)	395	659	751	825	51	-	-	-
ҚР аумағынан шығарып жіберу түріндегі әкімшілік жазалау шарасын орындамағаны үшін жауаптылыққа тартылғандар саны (ҚР ӘҚБтК-нің 669-бабы)	-	-	-	-	571	138	108	124

Бұл №20 кестеден ел аумағынан шығарып жіберу туралы сот актісін орындамаған шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалардың, яғни аталған сот актісін орындамай, ел аумағында қалып қойған тұлғалар саны көрсетілген және мұндай жағдай елімізге келуші шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғаларға қатысты бақылау жұмыстарының тиісті дәрежеде жүргізілмегендігін дәлелдейді.

Қазақстан аумағындағы көші-қонның бақыланбайтын көші-қонға айналуына жол бермеу үшін ең алдымен есептік тіркеу жұмыстары тиісті дәрежеде жүргізілуі тиіс.

Есептік тіркеу Қаулының 9-тармағында белгіленген тәртіпке сәйкес жүзеге асады. Оған сәйкес көшіп келушілерді есепке алуды ішкі істер органдары қабылдаушы тұлғалардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінен түсетін Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ақпараты негізінде жүзеге асырады және қабылдаушы тұлғалар өздеріне келетін көшіп келушілер туралы ішкі істер органдарына олар келген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде хабарлайды[76]. Қабылдаушы тарап шетелдіктердің ел аумағына келгендігі туралы ақпаратты ұялы телефондарда «eQonaq» қосымшасын орнату арқылы болмаса «eGov» сайты арқылы бере алады. Егер бұл аталған қызмет түрлерін пайдалану арқылы беру мүмкін болмаса, көші-қон қызметіне жүгіну арқылы береді. Ал визамен келуші шетелдіктер Мемлекеттік шекараны өткен кезде «Бүркіт» БАЖ олардың шақыртуында көрсетілген мекен-жай бойынша автоматты түрде есепке алынады[76].

Қабылдаушы тарап көп жағдайда жалған ақпараттар береді не болмаса келген шетелдіктер туралы сәйкес органдарға хабар бермейді, нәтижесінде ел аумағына келуші тұлғалардың қай жерде жүргендері туралы, немен айналысып жатқандығы туралы сәйкес органдарда қажетті ақпараттар болмайды, сондай-ақ көп жағдайда ондай тұлғалардың тіркелген мекен-жайымен іс жүзінде тұрып жатқын мекен-жайлары сәйкес келе бермейді. Осы жағдайға байланысты 2022-2026 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының көші-қон саясатының

Тұжырымдамасының жобасында жүзеге асыру бойынша жасалатын әрекеттердің жоспарында елге келуші шетелдіктерге қатысты жалған мәліметтер бергені үшін қылмыстық жауаптылық тағайындау мәселесі қарастырылған[221].

2023-2027 жылдарға арналған Тұжырымдамада көші-қон аясындағы, оның ішінде еңбек көші-қонына байланысты проблемалар көтерілген болатын, атап айтқанда еңбекші көшіп келушілерді бақылау жүйесінің жетілмегендігі; заңсыз еңбек көші-қонының өсуі; ЕАЭО елдерінен және оған іргелес елдерден келген еңбекші көшіп келушілер санының артуы сияқты мәселелер көтерілді[78].

Тұжырымдамада заңсыз көші-қонның өсуіне ықпал еткен себептердің бірі ретінде кіші және орта бизнес субъектілерін тексеруге мораторий жариялануын, сондай-ақ шетелдік жұмыс күші қолданылатын объектілерге көші-қон қызметі мен еңбек инспекциялары тарапынан жеткілікті дәрежеде бақылау жасалмайтындығы қарастырылды[78].

Бұл екі жағдай бір-бірімен тығыз байланысты жарияланған мораторий салдарынан сәйкес тексеруші органдар өзінің тікелей міндеттерін жүзеге асыра алмайды, ал тиісті дәрежедегі бақылаусыз жұмыс жасауға келген шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалардың жүріс-тұрысын қадағалау, олар тарапынан жасалуы мүмкін құқықбұзушылықтардың оның ішінде қылмыстық құқықбұзушылықтардың алдын алу мүмкін емес. Сондықтан шетелдік жұмыс күшін тартушы және пайдаланушы кіші және орта бизнес субъектілерінің қызметін оларда жұмыс жасайтын шетелдіктерге қатысты мәселелер бойынша ғана қойылған мораторийді алып тастап, тексеруге жол беру керек.

Сонымен бірге ел аумағына келуші шетел азаматтарымен азаматтығы жоқ тұлғаларды есептік тіркеуде, олардың жүріс-тұрысына бақылауды тиімді жүргізу мақсатында 2016 жылдың 30 желтоқсанында «Дактилоскопиялық және геномдық тіркеу туралы» ҚР Заңы қабылданған болатын[222]. Алайда бұл Заңның қолданысы белгілі бір себептерге байланысты 2024 жылдың 1 қаңтарына дейін тоқтатылған болатын. Бұл Заңды жасау, қабылдау мәселелері ұзақ жылдар бойы талқыланды және оған қатысты қоғамда даулар орын алған болатын.

Әрине бұл тіркеу нысаны дүние жүзінің басқа мемлекеттері үшін жаңалық емес және АҚШ, Ұлыбритания, Жапония, Біріккен Араб Әмірлігі, т.б. мемлекеттерден кеңінен қолданылуда.

Заңсыз иммиграциямен күрес бойынша АҚШ-ның тәжірибесінде саусақ іздерін пайдалану арнайы бағдарлама негізінде жүзеге асады. Атап айтқанда Буш және Обама президенттерінің әкімшілігі 2009 жылы «Қауіпсіз қауымдастық»(Secure Communities) атты бағдарламасын жасау бастамасын мақұлдады. 2017 жылы АҚШ Федералдық иммиграциялық қызметі аталған бағдарламаны елу штаттың, Колумбия округінде және АҚШ-тың бес аумағындағы барлық 3183 юрисдикцияға толық енгізуді аяқтады. Тек 2017 жылы «Құрама Штаттардың шекарасы шегінде қоғамдық қауіпсіздікті күшейту туралы» Қаулыға сәйкес 10290 астам сотталған қылмыскер-шетелдіктер «Қауіпсіздік қауымдастық» бағдарламасын қолдану нәтижесінде ел аумағынан

шығарылды. Аталған бағдарлама Ішкі қауіпсіздік департаментімен (DHS) Тергеу федералдық бюросының(FBR) (әрі қарай ТФБ) арасында ақпарат алмасу бойынша федералдық әріптестікті қолданады, ол штаттармен жергілікті құқыққорғау органдарына жаңа немесе қосымша талаптар енгізбестен, қамаудағы шетелдіктерді идентификациялауға көмектеседі. Он жыл бойы жергілікті әділет органдары қамауға алынған және/немесе күзетке алынған тұлғалардың соттылығы барма немесе оларға қамауға алу туралы ордер берілдіме деген сұрақтарға жауап алу үшін олардың қол іздерімен ТФБ-мен алмасып келді. «Қауіпсіз қауымдастық» бағдарламасына сәйкес ТФБ автоматты түрде Ішкі қауіпсіздік департаментіне (DHS) иммиграциялық ақпараттар базасын тексеру үшін саусақ іздерін жібереді. Егер бұл тексерулер жеке тұлғаның АҚШ заңсыз жүргенін көрсетсе, иммиграциялық қызмет (ICE) мәжбүрлеу шараларын қолдануға кіріседі. Бұл жерде қоғам қауіпсіздігіне елеулі қауіп тудыратын тұлғаларды депортациялауға бірінші кезекте көңіл аударады, ал ондай тұлғалардың қоғамға қауіптілік дәрежесі олармен жасалған қылмыстардың қауіптілік дәрежесімен, олардың криминалдық тарихымен және қоғамға қауіпсіздігі үшін алып жүретін тәуекелділіктермен анықталады»(Secure Communities,2017)[223,271-272бб.].

Аталған тіркеу нысандарының тиімді жақтары көп және ол аталған тұлғалар санатын тіркеуде де, оларға бақылау жүргізуде де, олармен жасалған қылмыстық құқықбұзушылықтарды олардың саусақ ізімен анықтауда да, сәйкес органдардың жұмысын жеңілдетуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ ондай тіркеудің профилактикалық ықпалы да жоғары болады. Бұл тіркеу нысандарының көмегімен елге келуші шетел азаматтарымен азаматтығы жоқ тұлғалардың бірыңғай базасы қалыптасады.

«Дактилоскопиялық және геномдық тіркеу туралы» ҚР Заңның 10-бабында міндетті түрде дактилоскопиялық тіркеуге жататын тұлғалардың тізмі белгіленген, атап айтқанда он алты жасқа толған:

1) бірінші рет Қазақстан Республикасы азаматының паспортын немесе жеке куәлігін алу үшін, сондай-ақ бұрын дактилоскопиялық тіркеуден өтпеген Қазақстан Республикасының азаматтары оны қалпына келтірген, ауыстырған жағдайларда өтініш жасаған Қазақстан Республикасының азаматтары;

2) Қазақстан Республикасы теңізшісінің жеке куәлігін беру туралы өздеріне қатысты шешім қабылданған Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар;

3) Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар;

4) бірінші рет шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхатын, азаматтығы жоқ адамның куәлігін алуға немесе оны қалпына келтіруге, ауыстыруға өтініш жасаған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар;

4-1) пана іздеген адам мәртебесін алу туралы өтінішхат берген, босқын куәлігін және (немесе) жол жүру құжатын алуға бірінші рет жүгінген немесе оларды қалпына келтіру, ауыстыру үшін жүгінген шетелдіктер мен азаматтығы

жоқ адамдар;

5) жұмыс беруші – жеке тұлғаларда үй шаруашылығындағы жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) мақсатында үй жұмыскерлері ретінде Қазақстан Республикасына келген көшіп келушілер;

6) Қазақстан Республикасы шегінен шығарып жіберуге жататын не Қазақстан Республикасы ратификациялаған реадмиссия туралы халықаралық шарттардың күші қолданылатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар;

7) Қазақстан Республикасының визаларын алу кезінде шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар[222].

Алайда аталған тұлғалардың қатарында елімізге визасыз келіп кететін шетел азаматтары қарастырылмаған, ал ҚР 57 мемлекетпен визасыз режим орнатқанын[224] және алдағы уақытта визасыз режим орнату бойынша келіссөз жүргізіп жатқанын ескеретін болсақ, елімізге аталған режимде келіп кететін шетел азаматтарының саны басқа шетелдіктерге қарағанда өте жоғары болатындығы сөзсіз, сондықтан елімізге визасыз режимде келетін барлық шетел азаматтарына, жалпы елге келетін барлық шетел азаматтарын қатысты міндетті дактилоскопиялық тіркеу жүргізген өте орынды(мысалы, БАӘ тәжірибесінде елге визасыз режимде келдіңізбе, оған қарамастан әуе порттарында ұшып келген кез келген тұлға міндетті түрде биометрикалық тіркеуде (көзқарашығы бойынша тіркеуден) өтеді.

Бұл мемлекет тарапынан жүргізіліп жатқан көші-қон саясатының аясындағы аталған іс-шаралардың бірқатары. Алайда бұл іс-шараларды әрі қарай жетілдіру қажетті.

Ел аумағында ресми тіркелмеген, заңсыз жолмен келген шетел азаматтары саны азаяр емес, бұл жағдай туралы БҰҰ-ның Көші-қон халықаралық ұйымының өкілдері де жариялаған болатын[225].

Қазақстан аумағына келген шетел азаматтарымен азаматтығы жоқ тұлғаларға қатысты есептік тіркеу жұмыстарын күшейту мақсатында қолданыстағы барлық жүйелерді біріктіретін олардың ел аумағындағы орын ауыстыруын есепке алатын бірыңғай ақпараттық жүйенің жоқ екендігін алға тарту керек.

Бұл мәселені отандық авторларда қозғаған болатын. Атап айтқанда Р.Д. Жансараеваның пікірінше, мемлекеттік шекара арқылы өтетін тұлғаларды және көлік құралдарын, көші-қон процесін бақылаудың бірыңғай ведомствоаралық интегралдық ақпараттық жүйенің, оның паспорт-визалық бақылау жүйесіне біріктірілмеуі шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ тұлғалардың келуіне (кетуіне), олардың ел аумағында болу тәртібіне, орналасуына және еңбек қызметіне тиімді және жедел түрде бақылау жүргізуге мүмкіндік бермейді[226].

Осы аталған жағдайларға байланысты ел аумағына келетін шетел азаматтарын және азаматтығы жоқ тұлғаларды есептік тіркеу жұмыстарын дұрыс жүргізуге және жалпы көші-қон процесін, шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ тұлғалардың жүріс-тұрысына тиімді бақылау жүргізуге мүмкіндік беретін бірыңғай ақпараттық жүйенің қалыптастыру қажетті және

бұл жүйе көші-қонға қатысты барлық мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне қол жетімді болуы қажет.

Сонымен қатар профилактикалық мақсатта өзінің аумағына тіркелген шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалардың жүріс-тұрысына бақылауды, ондай тұлғалардың заңсыз тұру фактілерін анықтау бойынша учаскелік полиция инспекторлардың жұмыстарын күшейту қажет. Бұл жерде мұндай жұмыстарға мүмкіндігінше тұрғындарды белсенді түрде тартқан орынды.

Мерзімдік көшіп-қону орын алған кезеңдерде (сәуір-қараша айларының аралығы) арнайы жүргізілетін жедел-профилактикалық іс-шаралардың (мысалы, «Мигрант», «Нелегал») жиілігін ұлғайту керек. Мұндай іс-шаралардың көмегімен ел аумағында заңсыз тұрып жатқан шетел азаматтарын, азаматтығы жоқ тұлғаларды, олардың ел аумағына заңсыз кіру жолдарын, олармен жасалған құқықбұзушылықтарды анықтауға мүмкіндік аламыз. 2023 жылдың 20-22 ақпан аралығында жүргізілген «Көшіп-қонушы» жедел-профилактикалық іс-шарасының өзінде 2890 көші-қон заңнамасының ережелерін бұзу фактілері тіркелген, оның 1614 фактісі шетел азаматтарының елде болу мерзімдерін бұзуы, 769 фактісі заңсыз еңбек қызмет жүзеге асыру, 152 жұмыс беруші шетелдіктердің жұмыс күшін заңсыз пайдаланғаны үшін әкімшілік жауаптылыққа тартылған, сонымен қатар қабылдаушы тарап келген шетелдіктер туралы уақтылы хабарламау бойынша 1124 факт тіркелген[227]. Бұл екі күндегі нәтиже екендігін ескеретін болсақ, мұндай іс-шаралардың өткізу жиілігін арттыру арқылы қажетті нәтижелерге қол жеткізуге болады.

Сондай-ақ көшіп келушілерге әртүрлі бағытта көмек көрсету қызметін ұсынатын тұлғалардың қызметіне тыйым салған орынды деп есептейміз. Сот материалдары талдау көрсеткендей, заңсыз көші-қонды ұйымдастырумен байланысты құқықбұзушылықтарды жасауда сондай қызмет түрлерін көрсететін тұлғалар жиі орын алуда. Ел аумағына келуші шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ тұлғаларға көмек көрсететін арнайы бейімдеу орталықтары мен қызметтерін құрған орынды. Мұндай орталықтар аталған санаттағы тұлғалар көп шоғырланатын елдің ірі мегаполис қалаларында, облыс орталықтарында ашылуы тиіс. Олар басқа ортаға келіп түскен шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ тұлғаларға олардың сол ортаға бейімделуіне көмектесу қажетті, сонымен қатар әлсіз қорғалатын тұлғаларға қатарына жатқызылатын, ауыр жағдайға душар болған шетел азаматтарына, азаматтығы жоқ тұлғаларға құқықтық, әлеуметтік, психологиялық өзгеде көмек түрлерін көрсетуі тиіс.

Сонымен қатар ондай орталықтар бірінші кезекте шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғаларға әлеуметтік бейімделу бойынша көмек көрсетуі керек, Еуропа елдеріндегі босқындар мен көшіп-қонушыларға арналған лагерьлер сияқты жұмыссыз көшіп-қонушыларды уақытша баспанамен қамтамасыз ету тиіс, олардың кәсіби дайындығын және қайта бағдарлануын қамтамасыз етуі тиіс[228,56-6666.].

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалардың келген елінің аумағында қылмыстық іс-әрекеттер жасауына олардың сол келген ортасына үйрене алмауы, осы үйреншікті емес ортада өзінің іс-әрекетіне деген өзіндік бақылау деңгейінің төмендеуі ықпал етеді, сондықтан ондай тұлғалардың келген еліндегі жағдайға үйренуіне, бейімделуіне жағдай жасауда олардың тарапынан болашақта қылмыстық құқықбұзушылық жасауына жол бермейді. Сондықтан жоғарыда атаған орталықтарда аталған тұлғаларды келген ортасына бейімдеумен байланысты жұмыстарда алға қойылуы тиіс.

Елімізге келетін шетел азаматтарына олардың қандай мақсатта келгендігіне қарамастан мүмкіндігінше олардың ұлттық тілдерінде олардың құқықтары мен міндеттері туралы ақпараттық бюллетендер тарату қажетті[228,56-66бб.].

Сонымен бірге бір мекен-жайға бірнеше шетел азаматтарын тіркеу жағдайлары да жиі орын алуда. Мысалы, Ақмола облысының тұрғыны 48 шетел азаматын бір мекен-жайға тіркемекші болған[229], осы облыстың бір тұрғыны бір немесе бірнеше мекен-жай бойынша 10-нан 410 дейін шетел азаматтарын тіркемекші болған[230]. Осындай жағдайға жол бермес үшін 2018 жылдан бері іске қосылған «Электронды үй кітабы» тіркеу базасына уақтылы мониторинг жүргізу қажетті және бір мекен-жайда тіркелушілер санының көбейгендігі анықталған жағдайда тиісті іс-шаралар қолдану қажетті.

Қылмыстылықтың алдын алу мақсатында ішкі көші-қонға бақылау жүргізу үшін 2016 жылдың 22 желтоқсанында экстремизммен терроризмге қарсы күресті күшейту мақсатында бірқатар заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілген болатын[231]. Бұл өзгерістерде уақытша тұрып жатқан мекен-жайында бір айдан астам уақыт тіркелмеген жағдайда және жалға беруші тіркелмеген тұлғаларды жалға беретін үй-жайында тұрғызған жағдайда әкімшілік жауаптылыққа тарту мәселесі қарастырылды (ҚР ӘҚТК-нің 493-бабы)[173]. Осы аталған баб бойынша жасалған әкімшілік құқықбұзушылықтар санының және ҚР ӘҚТК-нің 492-бабы (Қазақстан Республикасында тіркеусіз немесе жеке басын куәландыратын құжаттарсыз тұру)[173] бойынша жауапқа тартылған шетелдік азаматтармен азаматтығы жоқ тұлғалардың санының артуына байланысты және шетел азаматтарымен азаматтығы жоқ тұлғалармен жасалатын көші-қон қылмыстылығының алдын алу мақсатында аталған әкімшілік құқықбұзушылық түрлері бойынша әкімшілік жауаптылықты қатаңдату қажет.

Сондай-ақ жоғарыда айтып кеткеніміздей, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғаларды ел аумағынан тыс жерлерге шығарып жіберу туралы шешімдер орындалмайтын жағдайлар жиі орын алған болатын, оның бір себебі өзіне қатысты шешім шығарылған шетел азаматының немесе азаматтығы жоқ тұлғаның оны өтеуден жалтаруы болып табылады. Бұл мәселені шешу үшін 2010 жылдың 29 сәуірінде қабылданған «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» ҚР Заңының 29-бабында заңды күшіне енген сот үкімінің, шешімінің, қаулысының негізінде мәжбүрлеу тәртібімен

шығарып жіберілуге жататын, сол сияқты шығарып жіберу туралы сот актісінде көрсетілген мерзімде Қазақстан Республикасының аумағынан кетпеген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға қатысты жеке профилактикалық шарасы ретінде жүріп-тұру еркіндігін алдын ала шектеу шарасы қарастырылды және ондай тұлғалар ішкі істер органдарының арнайы қабылдау орындарында ел аумағынан шығарылып жіберілгенше ұстау белгіленді[232]. Көп жағдайда шетел азаматтарын ел аумағынан шығарып жіберуге қаражат болмаған жағдайда оларды шығарып жіберу біздің еліміздің бюджеті есебінен жүзеге асады, бұл әрине ҚР үшін белгілі бір шығындар әкелетіндігі сөзсіз. Бұл мәселе Көші-қон саясатының 2023-2027 жылдарына арналған жаңа Тұжырымдамасында көтерілген болатын[78]. Мұндай жағдайдан шығу жолдарының бірі ретінде бюджеттік қаражат есебінен шығарылған шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғаларға оларға кеткен шығарып жіберумен байланысты шығынды өтемейінше, Қазақстан аумағына қайта оралуға тыйым салу қажетті.

Қазақстан аумағында жүрген заңсыз көші-қонушылардың көпшілігі ел аумағына Мемлекеттік шекараны заңсыз кесіп өткен шетел азаматтары болып табылады. Өзіміз білетіндей, Қазақстанның көршілес мемлекеттерімен шекарасында күрделі де, күзетілмейтін учаскелер бар. Оған мысал ретінде генерал С. Кудебаевтың елден қашуымен байланысты ісін келтірсек болады[233]. Бұл қоғамда шу тудырған істердің бірі болғандықтан назардан тыс қалған жоқ. Ал Мемлекеттік шекараны айналмалы жолдармен заңсыз кесіп өтудің тіркелмеген фактілері қаншалықты көп орын алғанын да басып айта алмаймыз және ондай фактілердің мүлдем орын алмағанын да жоққа шығара алмаймыз, себебі қол жеткізу қиын учаскелер (таулы, орман, дала жерлер) Мемлекеттік шекарамызда жеткілікті түрде бар.

Осы жағдайларға байланысты Мемлекеттік шекараның аталған учаскелерін күзетуде заманауи техникалық күзет құралдарын кеңінен қолдану қажетті.

Сонымен қатар заңсыз көші-қонға қарсы күресті ұйымдастырудағы орталық субъектілердің бірі болып ҚР көші-қон қызметі органдары болып табылады. Заңсыз көші-қонмен күрес жүргізу осы аталған органның маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Бұл міндетті орындау мақсатында көші-қон қызметі ҚР көші-қон аясындағы заңнаманың ережелері шетел азаматтарымен және азаматтығы жоқ тұлғалармен сақталатындығына, шетелдік жұмыс күшін тартушы және оны пайдаланушы жұмыс берушілермен аталған санаттағы жұмысшыларды тарту және олардың еңбегін пайдалану туралы ережелердің сақталатындығына мониторинг пен бақылауды жүзеге асырады, сондай-ақ заңсыз көші-қонның алдын алады. Заңсыз көші-қонға қарсы күрес бойынша іс-шараларды көші-қон қызметі өзге де органдармен: ішкі істер органдарымен, ұлттық қауіпсіздік органдарымен және өзге де мүдделі атқару билік органдарымен бірлесе отырып жүзеге асырады. Өзіне берілген құқықтарын пайдалануға мүмкіндігі жоқ заңсыз көшіп-қонушылар мемлекетпен белгіленген өздерінің тікелей міндеттерін орындату мүмкін емес. Осыған байланысты

мемлекеттің көші-қон аясындағы негізгі құқықтық басымдылықтарының бірі заңсыз көші-қонушыларды көлеңкеден шығару, заңдастыру және әлеуметтендіру болып табылады, бұл өз кезегінде заңды да, заңсыз да көші-қонушылар тарапынан жасалатын құқықбұзушылықтар мен қылмыстардың деңгейінің азаюына ықпал етеді. Кәзіргі жағдайда заңсыз көші-қонмен байланысты проблемаларды шешу сапалы көші-қон заңнамасы, сондай-ақ оны жүзеге асырудың тиімді тетігі орын алғанда ғана мүмкін. Көші-қон туралы заңнамаға өзгерістер енгізу көші-қон қызметінің ұйымдастырушылық құрылымын және көші-қонға мемлекеттік бақылауды жетілдіру арқылы жүзеге асатындығы сөзсіз. Соңғы жиырма жылдықта көші-қонға мемлекеттік бақылау жүйесі ұдайы жүргізілген реформаларға ұшырады, сондай-ақ құрылып әрі қарай дамытылған арнайы мемлекеттік орган – Көші-қон қызметі де реформаға ұшырады. Алайда қабылданған іс-шаралар көші-қонмен байланысты негізгі проблемалардың азаюына әкелмеді, мысалы көші-қон процесінің бақыланбауы, көші-қон аясындағы құқықбұзушылықтардың азаймауы. Осы жүргізілген реформалар нәтижесінде кәзіргі кезде көші-қон қызметімен бір мезгілде Көші-қон қызметінің функциясын атқаратын, көші-қон қызметі негізгі міндеті болып табылмайтын бірнеше атқару билік органдары айналысады. Бұл жерде айта кету қажет, көші-қон қызметін реттеу процесін оңтайландыру мақсатында біздің пікірімізше, арнайы білімді қажет ететін сирек жағдайларды (мысалы, медицинадағы, білім берудегі және т.б.) қоспағанда көші-қон қызметін ұйымдастыру бойынша барлық міндеттер ҚР Көші-қон қызметіне жүктеу керек, ал аталған сирек жағдайлардың өзінде де көші-қонмен мәселелерімен байланысты аталған атқару билік органдарының жүзеге асатын іс-әрекеті ҚР Көші-қон қызметімен келісілуі керек. Көші-қон аясында бақылау құзыреттерін асыратын, дәлірек айтқанда иммиграциялық бақылауды жүзеге асыратын органдардың бірі ҚР ҰҚК-нің Шекара қызметі болып табылады, оның негізгі міндеті ҚР Мемлекеттік шекарасын күзету болып табылады[228]. «Мемлекеттік шекара туралы» ҚР Заңының 66-бабында белгіленген міндеттерді: Мемлекеттік шекара арқылы жүретін адамдардың Қазақстан Республикасына кіруге немесе Қазақстан Республикасынан шығуға құқық беретін құжаттарын тексеру, оларға тиісті белгілер соғуға, мұндай құжаттарды уақытша алып қою, сондай-ақ жарамсыз құжаттарды алып қою; Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасына кіруге рұқсат етілмеген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мерзімде айыппұл салу туралы сот шешімдерін және уәкілетті органдардың (лауазымды адамдардың) қаулыларын орындамаған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың кіруін шектеу[109] және т.б. міндеттерді орындайды. Көші-қон аясындағы мемлекеттік бақылаудың тиімділігін арттыру мақсатында арнайы өткізу пункттерінде ҚР Мемлекеттік шекарасын кесіп өту кезінде заңмен белгіленген ережелердің қатаң сақталуына бақылауды жүзеге асыру бойынша жоғарыда талған міндеттерді Көші-қон қызметіне жүктеген орынды болар еді. Бұл көші-қондық (иммиграциялық және эмиграциялық) тексеруді ұйымдастыру бойынша

өткізілетін іс-шаралардың барлығын бір қолға жұмылдыруға мүмкіндік береді және осы қызметтің ұйымдастырылуы мен сапасына бір ведомство ғана жауап беретін болады[228,56-66бб.].

Көші-қон қылмыстылығының алдын алуға тағы бір маңызды мәселердің бірі шетел азаматтарымен азаматтығы жоқ тұлғаларды заңсыз жұмысқа тарту және олардың заңсыз жұмыс жасауына қарсы күрес жүргізу болып табылады. Бұл бағытта ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің құрылымдық органдары еңбек көші-қонын реттеу мәселелері бойынша, оның ішінде аймақ аралық еңбек ресурстарын қайта бөлу, жұмысқа орналастыру мәселелерін шешу бойынша халықаралық ынтымақтастық мәселелері бойынша, ҚР азаматтарының шетелдегі еңбек қызметі және шетел азаматтарының Қазақстандағы еңбек қызметі мәселелерін халықаралық бағдарламалар шегінде халықаралық келісімдердің ережелеріне сәйкес шешу және т.б. функцияларды жүзеге асырады. Көші-қон аясындағы басқару процесін оңтайландыру мақсатында аталған функцияларды Көші-қон қызметі арқылы жүзеге асыру қажетті[228,56-66бб.].

Көші-қон қызметін басқару бойынша барлық функцияларды әртүрлі мемлекеттік органдардың әрекеттерінде келіспеушіліктің орын алуына жол бермеу, сондай-ақ функцияларды бір-бірінде қайталамас үшін елдегі көші-қон қызметін ұйымдастыратын және оған мониторинг жүргізуді қамтамасыз ететін жалғыз арнайы мемлекеттік атқару билік органы ретінде Көші-қон қызметіне берілуі керек[228,56-66бб.].

Сондай-ақ кейбір авторлар көші-қон аясында дербес арнайы мемлекеттік орган қайта құру қажеттілігі туралы пікір білдірген болатын[234,10б.]. Алайда автор ондай дербес орган қалыптастырудың экономикалық тұрғыдан тиімділігі мәселесін қарастырмаған, ал мұндай бастама әрине бюджеттен қырауыр қаражат бөлуді қажет етеді, сондықтан көші-қон аясында дербес орган құрмай-ақ, кәзіргі орын алып отырған ҚР ІІМ қарамағындағы Көші-қон қызметі комитетімен оның аумақтық органдарының жұмысын жоғарыда аталған іс-шараларды қолдана отырып күшейту керек және оның сапасына мән беру қажет.

Сонымен осы тарауша бойынша келесідей қорытындылар жасадық:

- шетелдік жұмыс күшін тартушы және пайдаланушы кіші және орта бизнес субъектілерінің қызметін оларда жұмыс жасайтын шетелдіктерге қатысты мәселелер бойынша ғана қойылған мораторийді алып тастап, тексеруге жол беру керек;

- Қазақстан аумағына визасыз режимде келетін барлық шетел азаматтарына, жалпы елге келетін барлық шетел азаматтарын қатысты міндетті дактилоскопиялық тіркеу жүргізу қажет;

- Қазақстан аумағына келетін шетел азаматтарын және азаматтығы жоқ тұлғаларды есептік тіркеу жұмыстарын дұрыс жүргізуге және жалпы көші-қон процесін, шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ тұлғалардың жүріс-тұрысына тиімді бақылау жүргізуге мүмкіндік беретін бірыңғай ақпараттық

жүйенің қалыптастыру қажетті және бұл жүйе көші-қонға қатысты барлық мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне қол жетімді болуы қажет;

- мерзімдік көшіп-қону орын алған кезеңдерде (сәуір-қараша айларының аралығы) осы мерзімдік жұмысшылардың еңбегін пайдаланатын аймақтарда арнайы жүргізілетін жедел-профилактикалық іс-шаралардың (мысалы, «Мигрант», «Нелегал») жиілігін ұлғайту керек;

- профилактикалық мақсатта өзінің аумағына тіркелген шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалардың жүріс-тұрысына бақылауды, ондай тұлғалардың заңсыз тұру фактілерін анықтау бойынша учаскелік полиция инспекторлардың жұмыстарын күшейту қажет және мұндай жұмыстарға мүмкіндігінше жергілікті тұрғындарды белсенді түрде тарту қажетті;

- Қазақстанның ірі мегаполис қалаларында және облыс орталықтарында шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғаларға әлеуметтік бейімделу орталықтарын құру қажетті және бұл орталықтарда аталған тұлғаларға көмектің барлық түрлері көрсетілуі керек. Оның ішінде аталған тұлғаларды келген ортасына бейімдеумен байланысты жұмыстарда аса назар бөлінуі тиіс.

- бір мекен-жайға бірнеше шетел азаматтарын тіркеу жағдайларына жол бермес үшін «Электронды үй кітабы» тіркеу базасына уақтылы мониторинг жүргізу қажетті және бір мекен-жайда тіркелушілер санының көбейгендігі анықталған жағдайда тиісті іс-шаралар қолдану қажетті.

- көп жағдайда шетел азаматтарын ел аумағынан шығарып жіберуге қаражат болмаған жағдайда оларды шығарып жіберу біздің еліміздің бюджеті есебінен жүзеге асады, бұл әрине ҚР үшін белгілі бір шығындар әкелетіндігі сөзсіз. Мұндай жағдайдан шығу жолдарының бірі ретінде бюджеттік қаражат есебінен шығарылған шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғаларға оларға кеткен шығарып жіберумен байланысты шығынды өтемейінше, Қазақстан аумағына қайта оралуға тыйым салу қажетті.

- Мемлекеттік шекараны айналмалы жолдарды анықтау және Мемлекеттік шекараның учаскелерін күзетуде заманауи техникалық күзет құралдарын кеңінен қолдану қажетті.

ҚОРЫТЫНДЫ

Көші-қон қылмыстылығымен күрес жүргізудегі орын алатын проблемаларды зерттеу нәтижесінде төмендегідей нәтижелерге қол жеткіздік.

1) Көші-қон – бұл белгілі бір мақсатқа жету үшін әртүрлі жағдайлардың ықпалымен белгілі бір мемлекет аумағында немесе сол мемлекеттің аумағынан тыс жүретін, белгілі бір мерзімге немесе біржола тұрақты тұрғылықты мекен-жайының өзгеруінен тұратын адамдардың орын ауыстыруы.

Көші-қонға ықпал ететін себептер бойынша, оны келесідей түрлерге жіктеуге болады:

а) әлеуметтік-экономикалық себептер бойынша көші-қон, бұл жерде әлеуметтік жағдайларға бұрынғы отбасына қайта қосылу, тарихи отанына қайта оралу, жаңадан отбасын құру және т.б. жатқызуға болады, ал экономикалық себептерге білім алу үшін, табыс табу үшін (еңбек көші-қоны) басқа жерге көшуді жатқызуға болады,

ә) әскери-саяси себептерге байланысты көші-қон, атап айтқанда елдегі соғыс жағдайына, қарулы қақтығыстарға, мемлекет тарапынан орын алатын саяси қудалауға, нәсіл, ұлт, діни-наным сенім негізіндегі қыспақтарға және т.б. себептерге байланысты көшіп-қону,

б) экологиялық себептерге байланысты көші-қон, белгілі бір аумақтың экологиялық хал-ахуалының апаттық жағдайда (радиациялық улуану, су тасқыны, өрт және т.б.) болуына байланысты орын алатын көшіп-қону,

в) саяхаттау немесе демалу мақсатындағы көшіп-қону,

г) қылмыстық құқықбұзушылықтар жасау мақсатындағы криминалды көшіп-қону.

Заңсыз көші-қонның келесідей анықтамасын беруге болады: «заңсыз көші қон – бұл көші-қон саласындағы халықаралық құқық және Қазақстан Республикасының заңнамасының нормаларын бұза отырып, өзінің (отбасының) өмір сүруіне қолайлы жағдай (заңды жолдармен де немесе заңсыз жолдармен де) жасау мақсатында әртүрлі заңды немесе заңсыз тәсілдерді пайдалана отырып, шетел азаматтарының, азаматтығы жоқ тұлғалардың Қазақстан Республикасының аумағына келуі, осы аумақта тұрақтауы, осы аумақтан кетуі және осы аумақпен транзиттік өтуі және Қазақстан Республикасы азаматының Қазақстан Республикасы аумағынан кетуі және осы аумаққа келуі, сондай-ақ ішкі көші-қон кезінде тіркеу ережелерін бұзу».

Криминалды көші-қон – бұл көші-қонның бір түрі болып табылатын, басқа аумаққа қасақана қылмыстық құқықбұзушылық жасау мақсатында қылмыскерлердің немесе потенциалды қылмыскерлердің орын ауыстыруы.

2) ҚР Әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы кодексін жетілдіру мақсатында сәйкес құжаты және рұқсаты бола тұра белгіленбеген орыннан Мемлекеттік шекараны кесіп өту үшін әкімшілік құқықтық жауаптылық белгілеуді ұсынамыз және оны ҚР Әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы кодекстің 510-бабының 1-тармағын келесідей мазмұндағы 4)-тармақшасымен толықтыруды ұсынамыз:

«4) жеке басын куәландыратын құжаттары бар және арнайы рұқсаты бар тұлғалардың ҚР Мемлекеттік шекарадан өткізуге арналған бекеттен және өзге де орындар арқылы өтуі».

Көші-қон қылмыстылығымен күрес жүргізу мақсатында ҚР Қылмыстық заңын жетілдіру бойынша ҚР ҚК-нің 392-бабының мазмұнын аталған өзгерістерді ескере отырып өзгерту ұсынылады, атап айтқанда ҚР ҚК-нің 392-бабының 1-тармағын келесідей жаңа мәтінде ұсынамыз:

«1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінен және Мемлекеттік шекара арқылы өткізу жүзеге асырылатын өзге де орындардан тысқары жерден қасақана заңсыз кесіп өту, сол сияқты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасының көрсетілген пункттерінен және өзге де орындардан жалған құжаттар арқылы немесе үшінші тұлғалардың жарамды құжаттарын алдап пайдалана отырып, сол сияқты белгіленген тәртіпті бұза отырып қасақана заңсыз кесіп өту –

шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге бес жыл мерзімге шығарып жібере отырып, бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.».

Қазақстан Республикасымен 1951 жылғы «Босқындардың жағдайы туралы» Конвенция мен осы Конвенцияның 1967 жылғы Хаттамасындағы міндеттемелерін орындалуын қамтамасыз ету мақсатында, аталған жағдайға қатысты БҰҰ-ның берген ұсынысы негізінде, халықаралық тәжірибені және Босқындар туралы» ҚР Заңының ережелерін ескере отырып, ҚР Қылмыстық кодексінің 392-бабына ескертпе ретінде келесідей мәтіндегі ережені белгілеуді ұсынамыз:

«Ескертпе. Қазақстан Республикасының аумағына баспана алу мақсатында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өту тәртібін қасақана бұза отырып келген пана іздеуші және босқын мәртебесіне ие шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғаларға, егер олардың іс-әрекетінде осы Кодекстің Ерекше бөліміндегі нормалармен белгіленген өзге қылмыстық құқықбұзушылықтардың белгілері анықталмаса, осы баптың ережелері қолданылмайды.».

ҚР ҚК-нің 392-бабының аса саралаушы құрамы ретінде мемлекеттік шекараны қаруды немесе қару ретінде пайдаланатын заттарды, жарылғыш заттарды немесе жарылыс құрылғыларын қолдана отырып заңсыз кесіп өтуді қарастыруды және ҚР ҚК-нің 392-бабын келесідей мәтінде толықтыруды ұсынамыз:

«3., қаруды немесе қару ретінде пайдаланатын заттарды, жарылғыш заттарды немесе жарылыс құрылғыларын қолдана отырып жасалған Осы баптың 1-бөлігіндегі дәл сол әрекеттер -

шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге бес жыл мерзімге шығарып жібере отырып, бес жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.».

3) «Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан

Республикасына келуіне шақыруларын ресімдеу, шақыруларын келісу, Қазақстан Республикасының визаларын беру, күшін жою, қалпына келтіру, сондай-ақ олардың қолданылу мерзімдерін ұзарту және қысқарту қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің м.а. 2016 жылғы 24 қарашадағы № 11-1-2/555 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 28 қарашадағы № 1100 бірлескен бұйрықтың 7-тармағын келесідей мазмұндағы 4-1)-тармақшасымен толықтырған орынды деп санаймыз:

4-1) Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексімен белгіленген шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тыс шығарып жіберу түріндегі жазаны тағайындау туралы соттың үкімі.

4) Сәйкес құжаттары және рұқсаттары жоқ шетел азаматтарымен азаматтығы жоқ тұлғалардың ҚР аумағында жүріп-тұруына, өмір сүруіне жағдай жасау мақсатында жасалатын әрекеттерді ҚР аумағында заңсыз болуын ұйымдастыру деп қарастыру қажет.

ҚР ҚК-нің 394-бабының 1-тармағындағы «азаматтар» деген сөзді «шетелдіктер» және «азаматтығы жоқ адамдар» ұғымдармен қатар қолданбаған орынды деп санаймыз.

ҚР ҚК-нің 394-бабындағы заңсыз көші-қон ұйымдастыру түріндегі қылмыстық құқықбұзушылықтың толық, дұрыс сипаттау үшін аталған баптың 1-тармағының диспозициясына «болу» және «транзит» ұғымдарын енгізуді, «азаматтар» ұғымын, «немесе» одақсөзін орынды пайдалануды және оны келесідей мәтінде ұсынамыз:

«1. Көлік құралдарын не қолдан жасалған құжаттар не тұрғын немесе өзге де үй-жай беру, сондай-ақ шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ тұлғаларға Қазақстан Республикасының аумағы бойынша заңсыз келу немесе кету немесе болу немесе орын ауыстыру немесе транзит үшін, азаматтарға Қазақстан Республикасының аумағынан кетуі үшін өзге де қызметтер көрсету арқылы заңсыз көші-қонды ұйымдастыру –».

5) Қосазаматтық институтының еліміздің егемендігіне келтірер зиянын, сондай-ақ соңғы жылдары қосазаматтыққа ие тұлғалардың санының артып келе жатқанын және олармен еліміздің экономикасына келтіріп жатқан зиянын ескеретін болсақ, қолданыстағы Қылмыстық заңымызға қосазаматтық үшін қылмыстық жауаптылық белгілейтін нормалар енгізуді ұсынамыз.

6) Орын алған кемшілікті жою мақсатында ҚР ҚК-нің 81-бабының 1-тармағын келесідей мәтінде ұсынамыз:

«1. Кәмелетке толмағандарға тағайындалатын жаза түрлері:

1) белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру;

2) айыппұл;

3) түзеу жұмыстары;

4) қоғамдық жұмыстарға тарту;

5) бас бостандығын шектеу;

5-1) кәмелетке толмаған шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды

Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу;

б) бас бостандығынан айыру болып табылады.

ҚР ҚК-нің 81-бабына келесідей мәтіндегі 6-1-тармағын енгізуді ұсынамыз:

6-1. Кәмелетке толмаған шетелдікті немесе азаматтығы жоқ тұлғаны Қазақстан Республикасының шегінен шығарып жіберу ондай тұлғаның Қазақстан Республикасының аумағына кіруіне бес жыл мерзімге тыйым салу белгілене отырып, мәжбүрлеу тәртібімен орындалады.

ҚР ҚК-нің 51-бабының құрылымына қосымша 3-тармақ енгізіп, оны келесідей мазмұнда ұсынған дұрыс деп ойлаймыз «3. Осы жаза түрі қолдану қажеттілігі туындаған жағдайда, өз елінде босқын мәртебесіне ие тұлғаның өмірі мен денсаулығына қауіп төнетін болса, оған осы жаза түрі қолданылмайды».

7) Көші-қон қылмыстылығының криминологиялық сипаттамасы келесідей.

2008-2014 жылдар аралығында шетел азаматтарымен азаматтығы жоқ тұлғалардың жасаған қылмыстарының көрсеткіші жалпы тіркелген қылмыстардың орташа есеппен 2,4 пайызын құрады және орташа есеппен 2174 қылмыс тіркелген. Аталған жылдар аралығында 15217 қылмыс тіркелді. Ал 2015-2022 жылдар аралығында аталған көрсеткіш 2,5 пайызды құрады және орташа 2920 қылмыстық құқықбұзушылық (23361) тіркелген. 2015-2022 жылдар аралығында аталған санаттағы тұлғалармен қылмыстық құқықбұзушылықтар жасау көрсеткіші орташа 746 қылмыстық құқықбұзушылыққа (34,56 пайызға) өскен. Жалпы аталған санаттағы тұлғалармен жасалған қылмыстық құқықбұзушылықтар санының өсуіне 2011 жылы 18 қаңтардағы ҚР Заңымен енгізілген шығарып жіберу туралы шешімді орындамау түріндегі жаңа қылмыс құрамы (ҚР ҚК-нің 330-1-бабы) және 2015 жылы күшіне енген жаңа Қылмыстық заң ықпал етті. Зерделеніп жатқан жылдардың ішінде аталған санаттағы тұлғалармен жасалған қылмыстық құқықбұзушылықтардың ең жоғары көрсеткіші 2017 жылы тіркелді. Ал 2019 жылдың 21 қаңтарындағы өзгерістер бойынша ҚР ҚК-нің 393-бабымен қарастырылған шығарып жіберу туралы шешімді орындамау түріндегі қылмыстық құқықбұзушылық құрамы декриминализацияланды осыған байланысты аталған санаттағы тұлғалармен жасалған қылмыстық құқықбұзушылықтардың саны төмендеді, сонымен бірге олардың төмендеуіне COVID пандемиясына байланысты шектеулерде елеулі ықпалын тигізді.

Шетел азаматтарымен және азаматтығы жоқ тұлғалармен жасалған қылмыстық құқықбұзушылықтардың ішінде қылмыстар жиі жасалған (қылмыстар қылмыстық теріс қылықтарға қарағанда орташа есеппен 2,91 есе артық жасалған).

Сонымен қатар аталған санаттағы тұлғалармен ауырлығы орташа қылмыстар жиі жасалады (2015-2022 жылдар аралығында орташа есеппен қалған санаттағы барлық қылмыстардың 48 пайызын құрайды).

Көші-қон қылмыстылығының деңгейінде ТМД кіретін мемлекеттердің азаматтарының үлесі өте жоғары (ТМД-ға кірмейтін мемлекеттердің азаматтарымен және азаматтығы жоқ тұлғалармен жасалған қылмысты

құқықбұзушылықтар санынан 5 есе артық), алайда 2020 жылдан бастап ТМД-ға кірмейтін мемлекеттердің азаматтарымен және азаматтығы жоқ тұлғалармен жасалған қылмысты құқықбұзушылықтар саны алдыңғы жылдармен салыстырғанда 4 есеге күрт өскен.

Шетел азаматтарымен азаматтығы жоқ тұлғалармен жиі жасалтын қылмыстық құқықбұзушылықтар түрлеріне тоқталатын болсақ, меншікке қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтар ең жиі жасалады (2015-2022 жылдар аралығында жалпы саны 9344 қылмыстық құқықбұзушылық тіркелген, орташа есеппен жыл сайын 1168 қылмыстық құқықбұзушылық жасалады).

Бұл қылмыстық құқықбұзушылықтар тобының ішінде аталған санаттағы тұлғалармен ең жиі жасалатын қылмыстық құқықбұзушылық құрамы бұл ұрлық(ҚР ҚК-нің 188-бабы) ол аталған санаттағы тұлғалармен жасалған меншікке қарсы құқықбұзушылықтардың жалпы санының 61,07 пайызын құрайды және алаяқтық (ҚР ҚК-нің 190-бабы), ол сәйкесінше 12,33 пайызды құрайды.

Меншікке қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтардан кейін басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтарда жиі жасалады (2015-2022 жылдар аралығында жалпы саны 5297 қылмыстық құқықбұзушылық тіркелген, орташа есеппен жыл сайын 662 қылмыстық құқықбұзушылық жасалады). Бұл қылмыстық құқықбұзушылықтар тобының ішінде 2019 жылға дейін шығарып жіберу туралы шешімді орындамау (ҚР ҚК-нің 393-бап) түріндегі қылмыстық құқықбұзушылық жиі жасалды (басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтардың жалпы санының орташа есеппен 54 пайызы), ал одан кейін ҚР Мемлекеттік шекарасын заңсыз кесіп өту(ҚР ҚК-нің 392-бабы) түріндегі қылмыстық құқықбұзушылық түрі жиі жасалған (жыл сайын орташа есеппен 209 қылмыстық құқықбұзушылық жасалады, 2019 жылдан кейінгі оның басқаруға қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтардың жалпы санындағы үлесі 65 пайызды құрайды).

Қазақстан Республикасының аймақтары бойынша көші-қон қылмыстылығының көрсеткіштері шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалар көп шоғырланған, жұмыс берушілер саны көп, еліміздің мегаполистері болып саналатын Алматы (2015-2022 жылдар аралығында жыл сайын орташа есеппен 480 қылмыстық құқықбұзушылықтар тіркелген) және Астана (2015-2022 жылдар аралығында жыл сайын орташа есеппен 263 қылмыстық құқықбұзушылықтар тіркелген) қалаларында жоғары. Ал облыстардың ішінде Алматы (жыл сайын орташа есеппен 242 қылмыстық құқықбұзушылықтар), Түркістан (жыл сайын орташа есеппен 226 қылмыстық құқықбұзушылықтар), Маңғыстау (жыл сайын орташа есеппен 227 қылмыстық құқықбұзушылықтар) және Жамбыл (жыл сайын орташа есеппен 226 қылмыстық құқықбұзушылықтар) облыстары көш бастап тұр. Түркістан, Жамбыл облыстарында сәуір-қараша айлары аралығында көрші мемлекеттерден келетін кезеңдік көшіп-қонушылар жасалған қылмыстық құқықбұзушылықтар есебінен саны өседі. Сондай-ақ көші-қон қылмыстылығының деңгейі басқа мемлекеттермен шекаралас жатқан

Түркістан, Маңғыстау, Жамбыл, Шығыс Қазақстан, Қостанай облыстарының аумақтарында жоғары.

Көшіп-қонушы қылмыскердің жеке басына криминологиялық мінездемесі келесідей: ер жынысты, жасы 30-39 жас аралығындағы, жұмыссыз, орта білімді, отбасы бар, Өзбекстан немесе Қырғызстан Республикаларының азаматы болып табылатын, бес жыл мерзімге ҚР аумағына кіруге тыйым сала отырып ҚР шегінен шығарып жіберу жазасына және бас бостандығынан айыру жазасына шартты түрде сотталған пайдақор тұлға.

Көші-қон қылмыстылығының алдын алу бойынша келесідей іс-шаралар ұсынамыз:

- шетелдік жұмыс күшін тартушы және пайдаланушы кіші және орта бизнес субъектілерінің қызметін оларда жұмыс жасайтын шетелдіктерге қатысты мәселелер бойынша ғана қойылған мораторийді алып тастап, тексеруге жол беру керек;

- Қазақстан аумағына визасыз режимде келетін барлық шетел азаматтарына, жалпы елге келетін барлық шетел азаматтарын қатысты міндетті дактилоскопиялық тіркеу жүргізу қажет;

- Қазақстан аумағына келетін шетел азаматтарын және азаматтығы жоқ тұлғаларды есептік тіркеу жұмыстарын дұрыс жүргізуге және жалпы көші-қон процесін, шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ тұлғалардың жүріс-тұрысына тиімді бақылау жүргізуге мүмкіндік беретін бірыңғай ақпараттық жүйенің қалыптастыру қажетті және бұл жүйе көші-қонға қатысты барлық мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне қол жетімді болуы қажет;

- мерзімдік көшіп-қону орын алған кезеңдерде (сәуір-қараша айларының аралығы) осы мерзімдік жұмысшылардың еңбегін пайдаланатын аймақтарда арнайы жүргізілетін жедел-профилактикалық іс-шаралардың (мысалы, «Мигрант», «Нелегал») жиілігін ұлғайту керек;

- профилактикалық мақсатта өзінің аумағына тіркелген шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалардың жүріс-тұрысына бақылауды, ондай тұлғалардың заңсыз тұру фактілерін анықтау бойынша учаскелік полиция инспекторлардың жұмыстарын күшейту қажет және мұндай жұмыстарға мүмкіндігінше жергілікті тұрғындарды белсенді түрде тарту қажетті;

- Қазақстанның ірі мегаполис қалаларында және облыс орталықтарында шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғаларға әлеуметтік бейімделу орталықтарын құру қажетті және бұл орталықтарда аталған тұлғаларға көмектің барлық түрлері көрсетілуі керек. Оның ішінде аталған тұлғаларды келген ортасына бейімдеумен байланысты жұмыстарда аса назар бөлінуі тиіс.

- бір мекен-жайға бірнеше шетел азаматтарын тіркеу жағдайларына жол бермес үшін «Электронды үй кітабы» тіркеу базасына уақтылы мониторинг жүргізу қажетті және бір мекен-жайда тіркелушілер санының көбейгендігі анықталған жағдайда тиісті іс-шаралар қолдану қажетті.

- көп жағдайда шетел азаматтарын ел аумағынан шығарып жіберуге қаражат болмаған жағдайда оларды шығарып жіберу біздің еліміздің бюджеті есебінен жүзеге асады, бұл әрине ҚР үшін белгілі бір шығындар әкелетіндігі

сөзсіз. Мұндай жағдайдан шығу жолдарының бірі ретінде бюджеттік қаражат есебінен шығарылған шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғаларға оларға кеткен шығарып жіберумен байланысты шығынды өтемейінше, Қазақстан аумағына қайта оралуға тыйым салу қажетті.

- Мемлекеттік шекараны айналмалы жолдарды анықтау және Мемлекеттік шекараның учаскелерін күзетуде заманауи техникалық күзет құралдарын кеңінен қолдану қажетті.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ҚАЙНАР КӨЗДЕР ТІЗІМІ

1. Миграция// <https://www.un.org/ru/global-issues/migration#:~:text=75%>
2. Миграционные ужесточения в Казахстане могут быть выгодны Москве//<https://www.vedomosti.ru/politics/articles/2023/01/18/959489-migratsionnie-uzhestocheniya-kazahstane>
3. Глава государства принял председателя Комитета национальной безопасности Ермака Сагимбаева <https://www.akorda.kz/ru/glava-gosudarstva-prinyal-predsdatelya-komiteta-nacionalnoy-bezopasnosti-ermeka-sagimbaeva-190948/>
